

У 2008

294



ЖЕТІНШІ СӨЗ

МҰХТАР МАҒАУИН

ҚОБЫЗ САРЫНЫ








Искусство
Искусство
Искусство
Искусство
Искусство



Семинский сөз
Семинский сөз
Семинский сөз
Семинский сөз
Семинский сөз
Семинский сөз




Урас бала анадан туганда екі түрлі мінезбен
туяды: біреуі - ішсем, ұрсым, үйіктасам деп
туғанды. Бұлар - тәңнің құмары, бұлар болмаса,
тәң ұранға қомақ үйі бола алмайды. Қол өзі
өспейді, қуат таппайды. Біреуі - білсем екен
демекші. Не көрсе соған талпынып, ұралтыр-
ұралтыр еткен болса, оған қыздығын, аузына
салып, әміт тартып қарап, талмағына, бетіне
басып қарап, сұрықай-күркілі болса, дауысына
ұмтылып, оған ұрғалтырғанда ит ұрып а, мал
шылса да, біреу күлсе а, біреу ұрылса да туға
ұруғын, "ол келме?" , "бұл келме?" деп, "ол келсе
үйтеді?" деп, "бұл келсе үйтеді?" деп, көзі көрген,
құлағы естігеннің бәрін сурап, таныстырып
көргейді. Мұның бәрі - ұран құмары, білсем
екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген қол көрінбеген сұрық
түрлері, ең болмаса екімен білмесе, адамдықпен
орны болмайды. Оны білмесе соң, ол ұран адам
ұраны болмай, лайуан ұраны болады.

Әзіл құдай тавала лайуанның ұранынан
адамның ұраны ірі ұрағатқан, сол әзірін
көрсетіп ұрағатқанды. Сол қуат ұрғалтыр, ми
толмаған есіз бала күнелі "бұл келме, ол
келме?" деп, бір нәрсені сурап білсем екен деген,
үйіңе, тамақ та есімізден шығып кететүр
құмарымызды, ұрғалтыр соң, ақыл кіргені,
орның тауып ізденіп, кісіні тауып сурағын,
ғылым тапқандардың ұрғалтыр
кеге салмайды екеніз?

Сол өрістеп, өрісімізді ұрғалтыр, құмарлағын
ұрыған қазынамызды көбітсек керек, бұл ұранның
талмағы ші. Тәңнен ұран артық ші, тәңні
ұранға бас ұрғалтыр керек ші.

Абай. Қара сөздер. Ұрғалтыр сөз.





МҰХТАР МАҒАУИН

ҚОБЫЗ САРЫНЫ

XV–XVIII ҒАСЫРЛАРДА
ЖАСАҒАН ҚАЗАҚ
АҚЫН, ЖЫРАУЛАРЫ

АЛМАТЫ «МЕКТЕП» 2007

ΕΠΙΧΕΙΡΗΣΙΑΚΟ ΠΡΟΓΡΑΜΜΑ
ΕΚΠΑΙΔΕΥΣΗ ΚΑΙ ΔΙΑ ΒΙΩΣΙΜΗΣ
ΑΝΑΓΚΗΣ

ΚΙΡΙΣΠΕ



— Сөйле, жырау!

Зерлі қызыл ала түрікпен кілемінің үстінде малдасын құрып алтын тақтың қарсысында отырған Кет-Бұға қобызына таянған қалпы алға қарай сәл еміне түсті. Әміршісінің бетіне бажайлай қараған.

Тоғыз қанат ақ орданың іші қоңыр салқын еді. Топырақпен көміп бастырып тастаған іргеден қарашаның ызғарлы желінің лебі білінеді. Қабағы қатыңқы Шыңғыс хан иығына жамылған бұлғын ішігінің жағасына тұмсығын тыққан күйі, мана таңертең Кет-Бұға табалдырықтан аттағандағы қалпында мүлгіп отыр. Көзі жұмулы. Ұйықтап отыр ма, әлде жан көрмеген жат елдерді ат тұяғына таптатар, өзінің нөкерлері мен қызметшілерін олжаға бөктірер жаңа жорықтардың жайын ойлап отыр ма, белгісіз. Селт етпейді. Қимылсыз, бір қалыпта отыра бергеннен аяғы талған Кет-Бұға қаған ұйықтап кетті ме деп ойлай бастаған еді, ұйықтамаған екен...

«Жырла» деді. Не жөнінде жырламақ дәл бүгінгі күні? Ескіде өткен әйгілі бахадүрлер жайында ма? Туысы аз, туғаны аз, ат жалын тартып мінуге жетпеген жас баланың дұшпаннан көрген қорлығы хақында жырласа, қағанның адам баласы тура қарауға шыдамайтын шегір көздері жасқа толар еді. Бірақ сол баланың ер жетіп, үстіне бадана көз кіреуке киіп, кешегі өзіне теперіш көрсеткен дұшпанның дулығалы басын қыл шашақты ұзын найзасына қалай шанышқаны жайлы толғағанда, қарлығыңқыраған даусымен әдеттегідей қырылдай күлер ме!? Жырды аяғына дейін тыңдай да қоймас. Кенеттен «Жошыдан не хабар?» — деп салса қайтпекпін? Алдын алу керек... Бұл сұрақты қоймайтын болсын...

Қаралы хабар айтушының жазасы — өлім!! Жазықты болсын, жазықсыз болсын, — бәрібір, ата салты солай!..

— Қайда барсаң Қорқыттың көрі! — деді қарт жырау күбірлеп.

— Не дейсің? — Қаған көзін ашып алды.

Кет-Бұға бойын жазыңқырады да, өзінен жоғарыда отырған әміршісінің көзіне көзін қадап сәл тұрып, кенет:

— Теңіз бастан бұлғанды, кім тұндырар, а, ханым,
Терек түптен жығылды, кім тұрғызар, а, ханым? —
деді.



Қаған әнтек аңырап қалды да, мырс етті:

— Теңіз бастан бұлғанса, тұндырар ұлым Жошы-дүр,
Терек түптен жығылса, тұрғызар ұлым Жошы-дүр!

Даусы нық. Алайда Кет-Бұға хан әуезінен әлде бір діріл, сенімсіздіктің нышанын аңғарып қалғандай болды. «Біледі, — деп ойлады ол. — Жүрегі сезеді!»

Осыдан үш күн бұрын Шыңғыстың сүйікті ұлы, Қыпшақ даласының билеушісі Жошы аңнан қайтып оралмады. Аңға бірге шыққан нөкерлерінің айтуынша, бұлар бір үйір құланға кездесіпті де, ханның оғы солардың бірін жаралапты. Ақсаңдай баса жөнелген, бірақ бара-бара шабысын үдете берген жаралы құланды жабыла қуған кезде хан астындағы жүйрік қыпшақы тұлпарымен қосшыларынан қара үзіп шыққан екен, біраздан соң нөкерлері одан мүлде көз жазып қалыпты.

Сөйтіп, Жошы хан ұшты-күйлі жоғалды. Өлі-тірісі беймағлұм еді. Тау-тас, жыра-сай, өзен-тоғайдың ақтарылмаған жері қалмады. Ақыры, кеше, күн ұясына қонар шақта ханның мүрдесі табылды. Ажалы аңнан келгені, я жаудан келгені белгісіз. Бас уәзірдің шешімі бойынша Кет-Бұға сол қайғылы хабарды — Жошының өлімін естіртпек...

«Біледі, — деп ойлады Кет-Бұға. — Сезеді. Бірақ көңіл шіркін сенбейді! Әлде мен қателесіп отырмын ба?! Өзінің де қарапайым пенделер сияқты жарық дүниеден көшетініне көңісі келмей, мәңгі жасаудың амалын іздестірген Шыңғыс хан әлі қайрат, қуаты бойында, әлі екі жасының біріне келмеген айдынды ұлы өледі деп ойлай ма екен, тіпті?.. Естірту керек!.. Ал қаралы хабарды жеткізушінің жазасы — өлім!

Көк тәңірісінің әмірімен Темуджін — Шыңғыс ханға айналып, боз тұлпарға мініп, тоғыз құйрықты ақ ту көтергенде оған өршелене қарсылық көрсеткен жұрттың бірі — найман емес пе еді! Бірақ заман өзгерді. Өз руының көсемдерінің бірі — батагөй ақсақалы Кет-Бұға жырау Шыңғыстың оң тізесін басты. Содан бері жиырма жыл өтіпті... Иә... қарашының жаны — ханның қылышының жүзінде... Бірақ Шыңғыс Көк тәңірісінің өзі қалаған адам, сондықтан бәрі де құдыреттің қолында!»

Кет-Бұға ауыр ойдан серпіліп, сұлбыр қимылмен қобызын оңтайлады да, Қорқыттың күйіне басты. Қобыздың қыл шегінен созылып шыққан мұңды сарын орданың ішін кернеп кетті. Күй басталғаннан-ақ оның әуенінен сескенген қағанның тынышы қашып еді, көп шыдай алмады:

— Жетеді, — деді бір кезде. Зекіген жоқ, ақырған жоқ, бірақ даусы зілді әрі пәрменді естілді. Кет-Бұға бөгеліп қалды, не бұйырасыз деген қалыпта күтіп тұр.

— Басқа бірдеме... Мен бұрын естімеген бірдеме тарт!

Кет-Бұға қобызын ұстаған күйінде төмен қарап отырып қалды. Шарасыздығын енді ғана аңғарғандай еді. Кеудесін бұлдыр бір елес кесіп өткендей болды. Қорқыт... Қорқыт... Жүзі ызғарлы ажалдың өзін қобызының күйімен қырық жыл арбапты-ау, жарықтық. Ал мұның отырысы мынау, әлдебір мәжусидің алдында қалт-құлт етіп!.. Кет-Бұғаның езуінде ащы мысқыл пайда болды. Ай, азған заман-ай... Кенет ол басын көтеріп алды. Самал қағып қоңырқайланып, сәл қабыршық тартқан ақ сақалды, селдір мұртты бозғыл өңі жел қозғаған шалғынның бетіндегі болып түрленіп, құбылып кетті. Тізесінде жатқан оң қолы асығыс көтеріліп, қияғы қобыздың қыл шегіне жанасты.

Қу тақтай азынап қоя берді. Әуелде-ақ бесті айғырдың үйірін жоқтап кісінегені сияқты бір дыбыс естілген еді, Шыңғыстың төбе күйқасы шымырлап кетті. Көзі тұманданып, алдында отырған Кет-Бұғаға қарап еді, күйші бар жыны бойына қонғандай қомданып алған екен. Қобызды тартып жатқан ол емес сияқты, қобыздың өзі сөйлеп жатқандай көрінді... Бір кезде манағы қаралы сарын өксіген зарға ауысты. Бұл — лағын жоқтап маңыраған киіктің шері, ботасын жоқтап боздаған аруананың мұңы еді. Бұл — жалғызынан айырылған ананың жоқтау жыры еді.

Қағанның көзіне де жас іркілді.

Кенет оның құлағы:

Ақсақ құлан шошыған,
Тайдан төмен жосыған,
Балаң өлді — Жошы хан,
Нанбайсың ба осыған! —

деген сөздерді ап-анық естіді. Кет-Бұғаның бетіне қарап еді, ол жем көрген қыран сияқты от шашқан көздерін әлдебір нүктеге қадап, еріндерін жымқыра тістеніп, қалшиып отыр екен. Қобызында ғана жан бар сияқты күңіреніп жатыр:

Балаң өлді... балаң өлді...
Балаң өлді... балаң өлді...

Қағанның әжімді бетін ыстық жас жауып кетті. Боз қырау шала бастаған ұзын сары сақалынан жылыстап ағып жатыр.



Енді манағы зар теңіздің жағаға соққаны сияқты бір қалыпты, салмақты, сәл саябырлау өксікке ауысты:

Арымайтын семіз жоқ,
Құрымайтын теңіз жоқ!
Құрымайтын теңіз жоқ...
Құрымайтын...
Құрымайтын...

Қаған бұдан арғы сөздерді ұқпады. Көзінің жасын үнсіз төге берді. Қанша уақыт өткенін кім білсін, бір кезде қобыз:

Өзіңе берсін денсаулық! —

деп барып тынғанда, ол басын көтеріп алды: алдында қуыс ағашын құшақтап шынашақтай ақ бас шал отыр екен.

Қаған орнынан өкіре түрегелді.

— Жошы!! Жошы!.. Жошы өліпті! Айырылдым ұлымнан! Өлді!.. Жошы ханым... ер ұлым өлді... Бай-бай!!! — Қаған шың еткізіп қынабынан қысқа, қайқы наркескенін суырып алды. Жасы құрғап кеткен.

Ұзын бойлы, кең иықты, еңгезердей Шыңғыс ханның мысық көздері от шашып, орданың қақ ортасында, бетін төрге бере малдасын құрып отырған Кет-Бұғаға түйіліп келе жатты. Шауып қақ айырмақ... Төніп кеп қалды.

— Дат, тақсыр! — деді кенет жырау қобызын көтеріп. — Қаралы хабар айтушының жазасы — өлім. Бірақ Жошының қазасын естірткен мен емес едім ғой! Мына қобыз емес пе еді саған азалы хабарды жеткізген!..

Қағанның қолындағы алмас қылыш алтын балдағы жарқ етіп кілемнің үстіне сылқ түсті. Шыңғыс хан қалшиған күйі Кет-Бұғаның қолындағы көтерулі қобызға қарап біраз тұрды да, кенет:

Құлынын алған құландай құлынымнан айырылдым,
Айырылысқан аққудай ер ұлымнан айырылдым!.. —

деп, еңіреп отыра кетті...

Ата-бабаларымыздан қалған аңыз осылай толғайды. Найманнан шыққан ұлы жырау Кет-Бұға қаһарлы Шыңғысқа, кәрлі Шыңғысқа сүйікті ұлы Жошының өлімін осылай естіртіпті деседі.

Ескі заманда сондай-сондай адамдар өтіпті-міс деп келетін әңгімелер ел арасында көп. Бұл аңызды да соның бірі деп қабылдауға болар

еді. Алайда айтылмыш хикаяны парсы тілінде жазылған «Шаджарат аль-атрак» (түріктердің шежіресі) атты кітаптан да (XV ғ.) ұшыратамыз. Мұндағы Шыңғыс ханға Жошының өлімін естіртушінің аты — Ұлұф жыршы (ұлы жыршы, үлкен жыршы). Екі аңыздың мазмұны бірдей дерлік. Өлең текстерінде ғана айырмашылықтары бар.

Аңызда баяндалатын жай дәл сол қалпында өмірде болды дей қою қиын. Шыңғыс ханның ақындығына күмән келтірмей-ақ қояйық, соның өзінде оның дәл осылай отыруы, ертегілік мінез көрсетуі неғайбыл. Алайда тарихтан белгілі, Шыңғыстың үлкен ұлы Жошы аңда жүргенде қаза болған. Мазары Қарағанды облысының территориясындағы Кеңгір өзенінің бойында тұр. Күні бүгінге дейін күйшілер Кет-Бұғаның Жошы өлімін естіртуі деп «Ақсақ құлан, Жошы хан» атты күй тартады. Қазақ шежірелерінің айтуынша, найманның бір бұтағы Балталы — осы Кет-Бұғадан тараған ұрпақ. Халық өлеңдерінде Кет-Бұға ескіде өткен батагөй ақсақал ретінде еске алынады.

Әрине, осы мәліметтердің бәрін кездейсоқ деп қарауға болмайды. Шыңғыс заманында, XIII ғасырда найманда Кет-Бұға атты ұлы жыраудың жасауы анық. Өз кезінде Кет-Бұға жырлары халық арасына кең тараған болуға тиіс. XV ғасырдың аяғы, XVI ғасырдың бас кезінде жасаған Доспамбет жырау «Кет-Бұға биді» аузына алады, оның сөздерімен өзінің таныстығын білдіреді. Бірақ біздің заманымызға Кет-Бұғаның аңызға айналған есімі ғана жетіп отыр.

Осындай аты аңызға айналған адамның бірі — Сыпыра жырау. Сыпыра айтыпты деген шығарма сақталмаған. Тарихтан да ол жайында ешқандай дерек ұшырата алмаймыз. Алайда Сыпыра жырау бейнесі халық санасынан елеулі орын алған. Халық қамқоры болған дана қария қазақтың ескі батырлар жырының талайында бой көрсетеді. «Ер Тарғында» Сыпыра жайында «бұл — өз өмірінде толғау айтып тоғыз ханды түзеткен кісі еді» делінеді. «Телағыс» жырында ол ел бірлігінің ұраншысы болады. Ал «Құбағұлда» ол — «жүз сексенге келген» дана қария. Сыпыра — Сувра, Супра-чырау, Сафардау деген аттармен бұл жырдың туыстас халықтар арасындағы барлық нұсқаларында көрінеді. Әйгілі Мұрын жыршы өзін Сыпыра жыраудың ұрпағымын деп есептеген. Сыпыра — қарақалпақ әдебиетіндегі ең үлкен эпосшы, жыраулар мектебінің негізін салушы болып саналады.

Кет-Бұға, Сыпыралар сияқты Жұма-Құл жырау да аңыз қаһарманына айналып кеткен. Жұма-Құл жайындағы хикаяны жазып алып бастырушы Н.Стремоуховтың айтуынша, ол өзінің жырларын таң атып, бозторғай шырлаған кезде, күн шығар алдында ғана толғайды екен. Соған қарағанда Жұма-Құл тіпті ертеде, қазақтар тегіс шаман дінін ұстанған кезде жасағанға ұқсайды.

Аңыздың біз келтірген әдеби жазбасында екі нұсқадағы өлең текстері аралас пайдаланылды.

Тизенгаузен В. Т.
Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. II. М.; Л., 1941. С. 203-204; оригинал на с. 263-264.

Стремоухов Н. П.
Киргиз-певец // Детское чтение. 1884. № 1. С. 255—272.

Сезімнің тілі — поэзияға, тіл өнеріне көшпенділер ерекше мән береді. XVIII—XIX ғасырларда қазақ даласын кезген орыс және Еуропа саяхатшылары мен ғалымдары қазақ халқының ақындығына, сөз өнерін аса жоғары бағалайтындығына, тіпті әр ауылдың, әр рудың өз ақыны барлығына бірден назар аударған-тын. Әрине, бұл — халқымыздың басына бір күнде ғайыптан келіп қона салған қасиет емес. Егер XVIII ғасырда қазақта ақындар болса, поэзия болса, бұдан гөрі ертеректе жасаған қазақтар өлеңнен мүлде мақрұм еді деп айтуға қандай негіз бар?

Сөз өнерінің қазақ арасында ежелден-ақ қадірлі болғандығына, қазақ халқының көне дәуірдің өзінде-ақ атақты ақындары, ұлы жыраулары болғандығына жоғарыда келтірілген аңыздар дәлел. Алайда аңыздың аты аңыз. Айтылмыш хикаялардан сол дәуірдің әдебиеті туралы не білдік? Тек жыраудың аты ғана. Басқа ештеңе де. Бір кезде Кет-Бұға деген ұлы жырау өткен-ақ шығар, бірақ дәл қазір ол біз үшін болса да болмағандай.

От жағылса, орнында күлі қалады. Жел ұшырар, топырақ басар, бірақ шын үлкен алау жағылған жерде әйтеуір бір белгі қалуға тиіс. Тау-тау топырақ, жал-жал құмның астынан бір кезде гүлстан болған қалалардың қаңқасы шығатыны сияқты, қазынып көрсек біз де естен кеткен ескі замандарда, шырышы бұзылмаған табиғат аясында күн кешкен дала перзенті көшпендінің көне әдебиетінің кейбір жұқаналарына ұшырасармыз?

Уақыт шаңы қатал. Ол бәрін де көмеді. Қанша өкінішті болғанмен Кет-Бұға, Сыпыра, Жұма-Құлдардың шығармалары біздер үшін, болашақ ұрпақ үшін мәңгі жоғалған.

Алайда шын ұлы ақындардың, әр жерлері кетіліп мүжілген, кей қабырғалары құлаған, бірақ өзінің алғашқы өр қалпын сақтаған үлкен архитектуралық ескерткіштер сияқты уақыт сынына төтеп берген кейбір шығармалары біздің заманымызға жете алды. Бұл сөз беріректегі дәуірге, XV ғасыр және одан былайғы замандарға қатысты.

Рас, тіпті әріде, татарлар, қазақтар, өзбектер, қырғыздар өз алдарына отау көтеріп, жеке-жеке халыққа айналмай тұрған кезде жасалған көптеген әдеби ескерткіштер бар. Бұлар түрік тектес халықтардың бәріне бірдей ортақ мәдени мұралар болып есептеледі. Бірақ біз бұл монографияда көшпенділер поэзиясы — ақындар мен жыраулар творчествосы жайында ғана сөз етпекпіз.

Алдын ала мойындауға тура келетін бір шындық: көне дәуірдегі қазақ әдебиеті жайындағы біздің ұғымымыз ешқашан да толық болмақ емес. Алайда архитектуралық алып құрылыстың әлі құлай қоймаған

бөліктеріне қарап оның алғашқы кейпі қандай болғанын елестете алатынымыз сияқты, бажайлай зерттеген ғалым көне қазақ поэзиясы, оның сыр-сипаты хақында да бірталай құнды пікірлер айта алады.

Өкінішке қарай, қазақ тіл өнерінің ескіде өткен өкілдерінің артында қалған асыл мұра 1960 жылдарға дейін арнайы зерттелмеді. Тіпті қазақ әдебиетінің тарихы XVIII ғасырда жасаған Бұқар жыраудан басталады деген жаңсақ пікір орын алып келгені мәлім...

Біз бұл еңбегімізде көне дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулар творчествосын жан-жақты, әрі түбегейлі зерттеп тастадық демейміз. Болашақта Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған және ескіде жасаған басқа да ақын, жыраулардың жаңа шығармалары, олар жайында соны, тың деректер табыла беретіндігі сөзсіз; ондаған диссертациялар, ондаған монографиялық еңбектер жазылуға тиіс. Бірақ алыс сапар қашан да алғашқы қадамнан басталмақ. Біздікі сол ниеттен туған талпыныс қана.





ТЕБІНГІНІҢ АСТЫНАН
АЛА БАЛТА СУЫРЫСЫП,
ТЕПСІНІСІП КЕЛГЕНДЕ...

Шалкиіз

БІРІНШІ ТАРАУ



Дербес, қазақ атымен аталатын әдебиеттің өмір сүруі — XV ғасырдың орта шенінен басталады. Бұған себепкер болған жай — Шу бойында Қазақ хандығының құрылуы, осының нәтижесінде қазақ халқының аренаға шығуы.

«Дәшті-Қыпшақтың бұл кездегі әміршісі Әбілхайыр хан еді. Әбілхайыр Жошы әулетінен тараған сұлтандарға көп теперіш көрсетті, сондықтан олардың екеуі — Жәнібек хан мен Керей хан Моғолстанға ауып кетті. Иса-Бұға хан оларды меймандостықпен қабылдап, иеліктеріне Моғолстанның батыс бөлігіндегі Шу, Қозы-Башы деген жерлерді бөліп берді», — деп жазады дулат руынан шыққан атақты тарихшы Мұхамед Хайдар Қазақ хандығының құрылуы хақында.

Қазақтың екінші бір тарихшысы Шәкәрім Құдайбердіұлы бұл деректерді толықтыра келіп, қазақтардың Әбілхайыр ұлысынан бөлінуіне сылтау болған жайды баяндайды.

Әбілхайыр ханның сүйікті қазысы — әділ төреліктері үшін Ақжол атанған Дайырқожа деген би екен. Осы Дайырқожа мен ханның тағы бір сүйікті адамы Қара Қыпшақ Қобыланды батыр қас бопты. Бұлар іштей жауласып жүргенде бір күні далада оңаша кездесіп қалады да, Қобыланды батыр Дайырқожаны өлтіреді. Алайда Дайырқожаның жақтасы Әз-Жәнібек мұны біліп қойып, халықтың ескі салты бойынша қанға-қан алмаққа Қобыландының басын сұрапты. Қобыландыны берсе қалың қыпшақ бүліншілік шығаратын болған соң Әбілхайыр Жәнібекке үш кісінің құнын алып бітіс депті. Жәнібек бұған көнбей бөліне көшкен екен.

Дайырқожаның әкесі Қодан-тайшының қаза болған ұлының сүйегін айналып жүріп жылағанда айтқан жыры сақталған. Жыр өте көркем: бояуы қою, суреттері ашық.

Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!
Сексен асып таянғанда тоқсанға,
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным!
Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының!
Аққан бұлақ, жанған шырақ жалғыз күнде құрыдың,
Қара Қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!

Шәкәрім
Құдайбердіұлы.
Түрік, қырғыз,
қазақ һәм ханлар
шежіресі.
Орынбор, 1911.
31-32-бб.

Қодан-тайшының мұрасынан біздің дәуірімізге жеткені осы-ақ. Алайда оның кезінде алты алашқа мәшһүр даңқты ақын болғандығы аңғарылады. XIX ғасырда арғыннан шыққан атақты Жанак ақын уақ Жарқын бидің: «Атаңда ақындық бар ма еді?» — деген сауалына мынадай жауап береді:

Алашта Арғын Ата туған зерек,
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы ақын Қодан
Өлеңге бізден ұста болса керек.

Жанак Қоданның кейбір шығармаларымен таныс болды ма, әлде оның ақындық даңқына ғана бас ұрып отыр ма, арасын ажыратып айту қиын. Өткен ғасырдың орта шенінің өзінде Шоқан көненің көзі — Жанак, Арыстанбай сияқты ақындардың азаюымен байланысты қазақтың көптеген ескі өлең, жырларының күн санап ұмытылып бара жатқандығы туралы қынжыла жазған еді. Қазақ халқының құралу дәуіріндегі, тіпті одан арғы замандардағы көптеген эпостар, тарихи әңгімелер, жырлар, жеке ақындардың шығармалары XIX ғасырға анахронизмдерсіз, біршама таза әрі мол жеткендігі байқалады. Бірақ кезінде қағаз бетіне түсірілмегендіктен олардың көпшілігі біржола құрыды. Қодан шығармаларының тағдыры да, әрине, солай болды.

Жоғарыдағы шумақты қазақ әдебиетіндегі ең көне жолдар дер едік. Қоданның өзі де қазақ ақындарының ақсақалы Дайырқожа өлген 1456 жылы тоқсанға тақап қалған қарт, яғни оның 1370 жылдар шамасында туғандығын көреміз. Ақын жөнінде тағы бір білетініміз — ол тайшы, яғни көшпенділер аристократиясынан. Ақынның қай жылы өлгені мәлімсіз. Алайда оның өз өмірін Қазақ хандығында — Шу бойында аяқтағандығы күмән туғызбайды. Сүйікті ұлы Дайырқожа өлген соң қарт ақын, әрине, Дәштіде қалған жоқ, Жәнібек, Керейлермен бірге көшті. Және сөз жоқ, өзіне қараған руларды да ала кетті. Сондықтан Қодан-тайшыны қазақ халқының құралуында белгілі рөл атқарды деп есептей аламыз.

Қазақ халқының құралуында шешуші маңызы болған оқиға — осы Керей, Жәнібек хандардың Өзбек ұлысынан бөлінуі еді. Алайда ешбір халық бір күнде құрала салмаған. Өйткені қандай да болмасын жаңа бір халықтың құралуы аса күрделі процесс. Қазақтарға жаңа рулардың қосылуы бұдан соңғы жылдарда да жүріп жатты.

Қазақ халқының құралу дәуірі халқымыздың санасында, сонымен бірге әдебиетімізде үлкен із қалдырғандығын көреміз. Біздің заманымызға сол кездегі халық зарын көрсететін «Ноғай-қазақтың айыры-

Кейбір қазақ ғалымдары тайшы — ақын деген сөз деп жорамалдайды. Бұл мүлде қате. Тайшы — моңғол дәуіріндегі ұлыс көсемдерінің титулы.



луы», «Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бұлгенде» сияқты күйлер жетті. Қазақстан Ғылым академиясының қолжазбалар қорында қазақ халқының құралу дәуіріндегі белгілі тарихи оқиғалардан көрініс беретін ұзынды-қысқалы өлең, жыр, поэмалар бар. Бұл шығармалардан кейбір рулардың ата-қонысынан аууға онша құштар болмағандығы аңғарылады.

Еділ менен Жайыққа
Ешбір жердің теңі жоқ!

Бірақ осы қасиетті қоныста береке қалмаған еді. Ел ішіндегі өзара қырқыс, сұлтандар арасындағы бақастық халықты әбден күйзелткен болатын. Әйткенмен де жұрт ескі қонысты қимайды, бет алып жүрмек жерлердің қайырлы болатынына күмәнданады.

Шүлдірлеген сарт-өзбек
Барғанмен, бізге не қылар.
Қоныстан ауып барған соң
Біздерге сын тағылар...
Мекен еткен қонысын —
Еділ менен Жайықты
Қатын-бала сағынар.

Алайда көшпенділік рух жеңіп, рубасылар айтқан:

Бұрынғы өткен атамыз
Көшемін деп өлді ме,
Қырымды тастап Еділге
Ақылы жоқтан келді ме, —

деген сөздердің салмағы басым түседі. Бұл жерде қазақ руларының Моғолстанға бет түзеп көшуінің көп ретте шарасыздықтан болған әрекет екендігін де естен шығармағанымыз жөн. Ел ескі қоныспен, онда қалып бара жатқан бауырлас, аталас туысқан жұртпен жылап айырылысады.

Жылау, жылау, жылау күй,
Жылаған зарлы мынау күй.
Қазақ пен ноғай айырылды,
Қазақ сартқа қайырылды.
Ноғайлының ну елі
Күңіренді, қайғырды.

Қара Қыпшақ Қобыланды
Қара орыннан айырды,
Ел қанаты қайырылды.
Зор күн туды, зор күндер,
Кетті күлкі мол күндер.
Жылау менен қоштасу...
Келер ме қайтып ол күндер!

Қазақ халқының құралуы дәуіріндегі кейбір тарихи оқиғалардың елесі туған әдебиетіміздің төлбасылары Асан Қайғы мен Қазтуған шығармаларынан айқын аңғарылады.





ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

Қазтуғанның туып-өскен қонысы — Еділден бөліне шығып, онымен жарыса ағатын Ақтұба, Бодан (Бозан) өзендерінің бойы, қазіргі Красный Яр қаласы тұрған маңай. Жырау көшпенділердің шынжыр балақ, шұбар төс әскери аристократиясынан шыққан сияқты. Халық аңыздарында ол қолбасы батыр.

Өзіне арнаған мадақ жырында Қазтуған былай толғайды:

Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,
Адырнасы шай жібек оққа кірісті,
Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайлаған қасты орданың сырығы,
Билер отты би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,
Бұлыт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан
Сүйінішұлы Қазтуған!

Таза далалық поэзия! Бұл жолдар тек қазақ тілінде ғана сұлу, қазақ оқушысына ғана түсінікті. Мұздай ызғарлы ауыр сауыт киген батыр көтермелеу үшін өзін номадтың түсінігіндегі ең әлуетті, ең құрметті деген заттарға балайды. Тарпаң тағыны ұстар ұзын құрық, ақ орданы сүйеп тұрған әшекейлі сырық, жас бураның тал қайзар өткір азуы, қыранның жембасар тырнағы, — алтын да, күміс те емес, алмас та емес, бірақ алтыннан да, алмастан да салмақты, іріктеліп, екшеліп алынған образдар. Осы жолдардан Қазтуғанның жорықшы, жауынгер жырау болғандығы көрінеді. Сонымен бірге жыраудың эпосшы болғандығы да аңғарылады. Ноғайлы цикліндегі жырлардың біразынан



Қазтуған поэзиясының әсері байқалады. Бұл тұрғыдан алғанда Қазтуған — қазақ эпосын жасаушылардың бірі.

Бұлыт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан, —

деп шалқыған Қазтуғанның білегінің күші қаншалық болғанын біз білмейміз, ал ақындығына келсек, оның мұндай сөздерді айтуға толық хақысы болғандығы көрінді. Алдымызда кеудесі тола жыр, көмейі күмбірлеген ортағасырлық жыраудың таза үлгісі тұр. Шығармалары сақталмай, біздің заманымызға аттары ғана жеткен, өздері аңыз кейіпкерлеріне айналған ұлы жырау Кет-Бұға, Жұма-Құл, Сыпыралардың поэзиясы жайында ештеңе айта алмаймыз. Бізге шығармаларымен жеткен бірінші ақын — осы Қазтуған. Қазтуғанға дейінгі жыраулық поэзия қандай дәрежеде еді, оның туу, қалыптасу, даму кезеңдері қандай болды — бұл жөнінде, өкінішке қарай, белгілі бір пікір айту мүмкін емес. Алайда тақырға шөп шықпайтыны сияқты, суреткер де өз бетімен, өзінен-өзі туа салмайды. Қазтуған нәр алған әдебиет — әрине, көшпенділердің көне поэзиясы, Кет-Бұға, Сыпыра жыраулардың толғаулары.

Қазтуғанның нақыл, тақпақ, жыраулық ой тұрғысынан келетін:

Балдағы алтын құрыш болат
Ашылып шапсам дем тартар,
Сусыным қанға қанар деп.
Арғымақтың баласы
Арыған сайын тың жортар,
Арқа мен қосым қалар деп.
Ақ дария толқын күшейтер,
Құйрығын күн шалмаған балығым
Ортамнан ойран салар деп.
Азамат ердің баласы
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазақ қылар деп. —

іспеттес жолдары жыраулық поэзияның бізге жеткен ең ескі үлгісі. Бұл жерде үлкен ақыл иесі, кең тынысты жырау бой көрсетеді.

Алайда Қазтуғанның ақындық қуатын танытатын шығарма — оның туған жермен қоштасу жыры. Бұл толғаудан кейін бүкіл қазақ поэзиясына азық болған сурет, бейнелерді ұшыратамыз.

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт,
Атамыз бізің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз бізің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт,
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт,
Кіндігімді кескен жұрт,
Кір-қоңымды жуған жұрт,
Қарағайдан садақ будырып,
Қылшанымды сары жүн оққа толтырып,
Жанға сақтау болған жұрт!

Бұл жолдарда оқушысын баурап алатын ерекше бір күш бар сияқты. Аңдап қарасақ өзгеше ештеңе де жоқ, қарапайым сөз тіркестері. Алайда осы қарапайым сөздердің өзінде адамды елітер, ерітер қаншама сезім жатыр десеңізші!

Атамыз бізің бұ Сүйініш
Күйеу болып барған жұрт,
Анамыз бізің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт...

Адамға ең ыстық — Отаны, ата-бабасының ғұмыр кешкен, өзінің туып-өскен елі, жері. Сондықтан да Еділ қымбатты, сондықтан да Еділді қиып тастап кету мүмкін емес. Жыраудың туған жерге деген махаббатында шек жоқ, бұл сезімде, тіпті фәнилік емес бірдеңе бар.

Салп-салпыншақ анау үш өзен
Салуалы менім ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер.
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жары менен сайы тең,
Боташығы бұзаудай,
Боз сазаны тоқтыдай,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған...



Қазтуған поэзиясы — табиғат аясындағы көңілі таза сәби көшпендінің поэзиясы. Бұл поэзия номадтың санасының қаншалық дәрежеде болғандығын көрсетеді, оның өзін қоршаған, әлі адам қолы бұлдірмеген табиғат туралы түсінігінен елес береді, өмірге көзқарасын білдіреді. Табиғат аясындағы ақкөңіл номадтың қиялы өзінің ұшқырлығымен, кеңдігімен, сонымен қатар балаңдығымен бізді таң қалдырады. Жырау туғызған кейбір суреттер мен бейнелерге біз кішкене баланың құмнан соққан құрылыстарына қараған үлкен кісінің сезімімен қызықтай қараймыз, бірақ күлмейміз, сүйсінеміз. Бұл сезім кейде бас ұруға дейін жетеді. Өйткені Еділ жөнінде айтылған:

Шырмауығы шөккен түйе таптырмас,
Балығы көлге жылқы жаптырмас,
Бақасы мен шаяны
Кежідегі адамға
Түн ұйқысын таптырмас, —

деген жолдар қас суреткердің қолынан ғана шығуы мүмкін еді. Сүйкімсіз шөп шырмауықтың қалыңдығы, адамға тыныш ұйқы ұйықтатпайтын бақа-шаянының көптігі де жырауға соншалық ыстық. Туған жердің қасиетінің бір белгісі іспеттес. Бірақ біз жатырқамаймыз, тыжырынбаймыз — суреткердің қиялына таңырқап, демімізді ішке тартамыз. Өйткені біздің алдымызда орта ғасырдың поэзиясы, ортағасырлық көшпенді.

Махмұд Қашғари «Сөздігінде» келтірілген мына бір өлең де (жолма-жол аудармасын беріп отырмыз) біздің осы пікірімізге үндес:

Еділдің суы ағады,
Ойпаң жерлерге қақ тұрады.
Осындай көлшіктерде балық пенен бақалар
Өсіп-өніп, көбейеді.

Қазтуғанның тамаша толғауы:

Сөйткен менім Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Хайырлы болсын сіздерге
Менен қалған мынау Еділ жұрт, —

деп, Еділ бойында қалған түрік тектес руларға бақыт, береке, тыныштық тілеумен аяқталады.

Қаратоқай Мұрат ақынның атына телініп жүрген «Қазтуған» атты ұзақ толғау бар.

Мұрат ешқашан оны өз шығармам деген, ескіде өткен Қазтуған атты батыр айтыпты деп жырлаған. Бұл толғауда Қазтуғанның өз аузынан шыққан жолдар да ұшырағанымен, әр түрлі анахронизмдер, Мұраттың өз жанынан қосқандары көп. Мұрын жыраудың репертуарында да «Қарға бойлы Қазтуған» атты поэма болған.

Бұларды талдау біздің мақсатымызға жатпайды.

Біздің қолымыздағы Қазтуған атына қатысты деректер әзірге осымен шектеледі. Бізге жеткені, әрине, Қазтуған мұрасының жүзден бірі ғана. Бірақ осының өзі қазақ әдебиетінің басы болып есептелуге тиіс суреткердің творчествосы жайынан біршама елес бере алады.

Әдебиет институтының
қолжазбалары.

Папка №97 д.

ӘИ қолжазбалары.

Папка №667.





АСАН ҚАЙҒЫ

Асан Қайғының есімі қазақ сақарасының қай түкпірінде болмасын мәшһүр. Шежіре қарттардың Асан атын естімегені, оның бірер ауыз нақылын білмейтіні кемде-кем. Асан Қайғының тағы бір ныспысы — Асан Ата, халық оны әулие тұтады, ерекше жаратылған жан деп есептейді. Асан жайындағы әңгімелер халық арасына кеңінен тараған. Тіпті оған арналған үлкен эпикалық поэмалар да бар.

Алайда Асан бейнесін аңыз мұнары басқан. Оның өмірі жайында бізге жеткен деректер тым аз.

Ел әңгімелері Асанның әкесінің аты — Саятшы Сәбит екен дейді. Қазақ тарихшысы Құрманғали Халитұлының «Тауарих хамса» атты кітабының айтуынша, Асан Қайғы — Шыңғыс ханның замандасы ұлан Майқы бидің алтыншы ұрпағы. Бұл — қазақтың кәдімгі «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген мақалындағы Майқы, Шыңғыс ханның тарихтан белгілі әскербасыларының бірі.

«Тауарих хамсаның» авторының «Асан Қайғыны кім деп білесіз?» деген сауалына Құдабай ақын мынадай жауап қайырыпты:

Асанның асыл түбі ноғай деймін,
Үлкендердің айтуы солай деймін.
Бұл сөзге анық-қанық емес едім,
Естігенім, тақсыр-ау, бұлай деймін.

Тегінде ноғай, қазақ түбіміз бір,
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.
Орманбет хан ордадан шыққан күнде
Асан Ата қайғырып айтыпты жыр.

Қазақ «Орманбет хан өлгенде, он сан ноғай бүлгенде» деп күй тартады. Халық аңыздарында қазақ-ноғайдың айырылуын Орманбет ханның есімімен байланыстырылады. Тіпті Орманбет хан өлерінде айтқан екен деген бірер шумақ жыр да бар:

Таудан аққан бұлақтың
Аяғы тартар теңізге,
Санды айдаған бай болса —



Қуанбай қоймас егізге,
Жақсыдан туған жаманды
Жамандай берме, жарандар,
О да бір тартпай қалмас негізге.

Бұл Орманбетті қазақ шежіресі және кейбір зерттеушілер кәдімгі тарихтан белгілі Ұлұғ-Мұхамед хан деп түсінеді.

Алтын Орда әміршілерінің бірі Ұлұғ-Мұхамед XV ғасырдың 20-жылдарында Сарайдан қуылып, Витовты паналаған да, кейінірек Қазанда хандық құрған. Біздің назар аударатынымыз — Асан өмірінің біраз уағы осы Ұлұғ-Мұхамед ханның төңірегінде өтуі. Асан Қайғының алдымен Сарайда, кейінірек Қазанда ханның оң тізесін басқан ықпалды бектердің бірі болғандығы байқалады.

Бұдан соңғы жерде Асанды Қазақ хандығында, Жәнібек ханның маңынан көреміз.

Асанның нақты қай жылы, қай жерде өлгені белгісіз. Бір мәліметтерде Асан Ата қазіргі Өзбекстан жерінде, Жиделі Байсында дүние салды делінеді. Енді бір аңыздарға қарағанда Асан Ұлытаудың басында қайтыпты. Ал Шоқан Асанның зираты Ыстықкөлдің маңында тұр деп жазады. Ақынның қанша жасағаны да мәлімсіз. Халық аңызында ол — көпті көрген көне. Бір аңызда Асан 95 жасқа келген қарт, енді бір аңызда оның жасы 120-да еді делінеді. Халық әңгімелерінде дана, ақылгөй адамның қашан да тұғырдан таюға айналған ақсақалды қария етіліп көрсетілетіні мәлім, сондықтан мұндай деректерді нақты деп қабылдай беруге де болмайды. Алайда Асанның шынында да ұзақ жасағанын байқаймыз: Жәнібек, Керейлермен бірге Шуға келерден бұрын, Ұлұғ-Мұхамедтің құзырында жүрген кезінің өзінде ол егде тартып қалған адам. Соған қарағанда, Асан Қайғының өмір сүрген дәуірі — XV ғасырдың іші.

Тарихи Асан туралы біздің білетініміз осымен шектеледі. Алайда тағы бір Асан бар. Ол — халық қиялы тудырған аңыздар мен әңгімелердің кейіпкері Асан.

Өз заманының ой-санасына әсер еткен, биікте, асқарда тұрған жандар жайындағы жартылай шын, жартылай лақапқа құрылған әңгімелер өз кейіпкерінің тірі кезінде-ақ бой көрсете бастайды. Мұндай әңгімелер уақыт өткен сайын түрленіп, бара-бара аңызға айналып кетпек. Тиянағы — тарихи адам неғұрлым соқталы тұлға болса, аңыздар да соғұрлым көп, әрі мазмұнды болуға тиіс.

Асан Қайғы жайындағы толып жатқан аңыздардың нәр алған көзі — тарихи Асанның тірлігі мен кешкен өмірі. Алайда біз білетін, желмая мініп жер кезген данышпан қарттың шын Асанмен ортақ несі

бар, тарихи Асан мен аңыз қаһарманы Асанның арасындағы қатысқаншалық, бұлардың соңғысына қарап алғашқысының кейпін елестете аламыз ба деген мәселелерді шешу өте қиын. Әйткенмен Мұхтар Әуезов айтқандай, «аңыз әңгіменің тарихтық адамды біржола өзіне ұқсамаған кейіпке түсіріп әкететіні болмайды... Әрбір аңыз әңгіменің негізінде тарихта болған адамның шын кескінінің түбегейлі ерекшеліктері жүреді». Сондықтан халық аңызы жасаған Асан Қайғының бейнесіне бажайлап қарасақ, белгілі дәрежеде тарихи Асанның кейпін де көруіміз хақ.

Жұрт санасынан орын алған Асан — халық бақытын, ел тыныштығын ойлаған дана қария.

Ай, ағамыз, ағамыз,
Болдың бізге панамыз.
Ноғайдың жетім-жесірін
Қойдай айдап сен бақтың,
Аш-арық болған ноғайға
Пана болып, оларға
Тамақ беріп, жем таптың! —

дейді ер Тоған Асан Қайғыға Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батырында».

Қазақ даласына Асан Қайғы немесе Асан Ата жайындағы аңыз әңгімелер кеңінен тараған дедік. Бұл реттегі белгілі аңыздың бірі — «Ежен хан мен Асан».

Ертеде қазақ Ежен хан дегенге қарапты дейді аңыз. Тізесін бұрынғыдан да батыра түспекке сылтау іздеген Ежен халыққа: «Қорадағы биелерім құлын тастайды, айғырын кісінетпесін», — деген жосықсыз талап қояды. Жұрт қысылғанда хан қаһарының бар тауқыметін көтеріп алмақ боп белсеніп шыққан — жас бала Асан болады. Бала қасына ерткен қырық мергеніне жолай кездескен ауылдың иттерін атқыза беріпті. Алыстан келген елшілерді қабылдағанда Еженнің ең алдымен білгісі келгені осы содырлықтың себебі. Асан берген жауап мынау болады: «Жас кезімде қозы бағып жүргенде қозыма қасқыр шапты. Бар даусыммен айғайлап ойдың итін шақырдым, — келмеді, қырдың итін шақырдым, — келмеді, қаланың итін шақырдым, — келмеді, даланың итін шақырдым, — келмеді. Сонда бұдан былай ит біткенді қыра берермін деп ант ішіп едім». Ежен: «А, тентек шіркін, қазақтың мидай сары даласында жүріп айғайлаған даусыңды біздің қаланың иті қайдан естісін», — депті. Бұған орай Асан бала: «Дат, тақсыр, даладағы айғырдың даусын қаладағы бие естігенде, кісінің



даусын ит естімеуші ме еді», — дейді. Сөзден тосылған хан тоқталыпты. Қалағаныңды ал дейді балаға. Бала халқының бостандығын сұраған екен, Ежен хан: «Бар, бердім қазақ деген жұртты, өзіңді хан сайладым», — депті.

Жаны таза, бала мінез көшпендінің санасы да балаңдықтан арылмаған: ұтымды айтылған бір ауыз сөздің күдіретіне сенеді (Абылай мен Қалдан жайындағы әңгімені де есіңізге алыңыз), қарадан шыққан жас бала даналығының арқасында хандыққа жетеді.

Әңгіменің сюжеті — ертегілік. Алайда бұл хикаяның әлденеше нұсқасы барлығын ескерсек, оқиғаның Асан атымен байланыстырылуы кездейсоқ еместігін аңғарамыз. Әңгімеден жас кезінен-ақ халық бақытын ойлаған ел қамқоры Асан көрінеді.

Асан жайындағы аңыздардың енді бір алуаны — оның қалайша Қайғы атануына байланысты.

«Сенің талайыңа су перісінің әмірі, су сұлтанының қызы несіп болайын деп тұр екен, — дейді бал аштырған жас Асанға балгер. — Төрт үлкен өзен бар: күнбатыста Еділ, Жайық екі су, оңтүстікте ұзын аққан Сырдария, шығыста өр Ертіс. Бәріне де қармақ сал, бірінен болмаса бірінен ілінер». Перінің қызы Асанның қармағына Ертістің басынан ілініпті. «Адамзаттан өзге бөлек түрі жоқ, сұлулықта міні жоқ, жалғыз-ақ айыбы — сөйлесерге тілі жоқ». Біраз тұрмыс құрған соң, түсініспеушілік нәтижесінде шарттарын орындай алмаған Асанды тастап, қыз көкке ұшып кетеді. Ғашықтық азабынан Асан мұңды болып, сол себепті Қайғы атанған екен.

Әрине, халық ұғымындағы Асанның қайғысының төркіні махаббаттан емес. Бұл бір зары адамды мұңға батырып, сарқылмас азапты ойдың тұңғығына тартып кетер қаза күйі іспеттес нәрсе. Асан қайғысы — күнделікті өмірдің күйбеңі туғызған әдепкі, пенделік қайғы емес, адам атаулының қайғысынан мүлде өзгеше хал. Айтылмаш аңыздың бір нұсқасында Асанның өзі асылы періден делінеді. Асан Қайғы шын әулие болса, оның сүйегінде адамзаттық емес, құпия бірдеңе болуға тиіс. Тарихтан белгілі кейбір адамдардың халық аңыздарында нұрдан, күн сәулесінен жаралған немесе перінің қызынан туған болып көрсетілетіні де сондықтан. Асан қайғысының түп себебі перінің қызынан айырылудың зары деп ұғыну да Асанды көтермелеудің, Асанға табынудың бір көрінісі — Асан қайғысының кәдімгі пенделік қайғы емес екендігін атап көрсетуге ұмтылудан туған құбылыс.

Перінің қызы мен адамзаттың қосылуы, бірақ асылы басқа болғандықтан тұрмыстарының ұзаққа созылмай айырылысуы — қазақ фольклорында ескіден келе жатқан сюжет. Алайда айтылмыш аңызды осы кезбе сюжеттің тағы бір көрінісі деп қана қарауға болмайтын сияқты.

Асан мен перизат жайындағы хикаяның Қазақстанның әр жерінен жазылып алынған оннан астам нұсқасы бар. Соның бәрінің өзегі — Асанның бақытсыз махаббаты. Егер халық түсінігі туғызған перінің қызын жай қызбен алмастырсақ, оқиға шындықтан онша алыс болмай шығады. Хикаяның алғашқыда Асан өміріндегі белгілі бір оқиғаға байланысты тууы ғажап емес. Уақыт оза келе ертегіге айналуы мүмкін.

Асан жайындағы аңыздардың ең таңдаулысы — оның «Жер үйекті» іздеуі.

Асан Қайғы елдің кешіп отырған тұрмысына қанағаттанбайды, мекен еткен қоныстарын жерсінбейді; халықтың болашағын ойлап қамығады. Оның ойынша жер үстінде адамзат тіршілігінде көруі мүмкін жұмақ бар, оның аты — «Жер үйек». Бұл — кісісі жүзге келмей өлмеген, малы екі қайтара төлдеген, елді жау алмайтын, малға жұт келмейтін мекен. Бұл — шөбі шүйгін, суы мол, шаруаға жайлы қоныс. Адамы қайғы дегеннің, қастандық дегеннің не екенін білмейтін, ертеңім не болады деп ойламайтын елге ырыс жер. Онда жұрттың бәрі тең, бәрі де шат-шадыман тірлік кешеді, ел аласы жоқ, ағайын арасы тату. Бірліктің, ырыстың, бақ-дәулеттің, тыныш, бейбіт тұрмыстың белгісі ретінде қой үстіне бозторғай жұмыртқалайды. Міне, осы жерге қоныстану керек. Бірақ оған жету оңай емес. Ұзақ, азапты сапарға жылдар бойы әзірлену керек. Мал төлден тыйылуға, ер төсегінен безінуге тиіс. Соншалық төзім, шыдамды бастан өткерген соң ғана «Жер үйекке» сапар шегуге болады. Жол ауыр: шөлстан бар, аптап ыстық бар. Соның бәріне сабырмен, шыдамдылықпен төзген, жолда кездесетін барлық қиыншылықтарды көтере алатын, бақыт дегеннің, бақытқа жету жолындағы күрес дегеннің не екенін білетін ел ғана «Жер үйекке» қоныстанбақ.

Бірақ сол «Жер үйек» қайда? Мұны ешкім де айта алмайды. Малға жай, елге ырыс жер барын Асан өзінің ғайыптан болжайтын даналығының арқасында білді, енді сол мекенді өзі табуы керек. Сөйтіп, Асан Қайғы мал біткеннің жүздегі, әрі шыдамдысы желмаяға мініп алып, төңіректің төрт бұрышын түгел кезеді. Айдан ай, жылдан жыл өтеді. Бірақ арман болған «Жер үйек» табылмайды. Халқына мәңгі еркіндік, тозбас бақыт сыйламақ болған Асан Қайғы өксіп келіп Ұлытаудың басына жеткенде дүниеден көшеді.

Әлем фольклорындағы ең таңдаулы аңыздардың бірі осылай ауыр күрсініспен, мұңды толғаныспен аяқталады.

Алайда адам өмірінің қысқалығына, қазаға, сол арқылы жаратушы хақ тағаланың өзіне қарсылық білдірген Қорқыт жайындағы аңызды туғызған халық — өр, тәкаппар; «Үмітсіз — шайтан» деген мақалды шығарған халық ешқашан да болашақтан күдерін үзбейді. Қазаға



шара жоқ-ақ шығар. Қобызының күйіне аждаһадан айбарлы ажалдың өзін ұйытқан Қорқыт та өлімнен қашып құтыла алмаған. Бірақ осы өмірді, осы азғана өмірді тыныштықта, молшылықта, бақытта өткізу қалайша мүмкін емес?! Сондықтан халық мұңын ойлаған данышпан Асан Қайғы, ғайыпты болжай алатын сәуегей Асан Ата «Жер үиекті» таба алмапты дегенге жұрттың сенгісі келмейді. Жоқ! Олай емес! Бұл — ақылға сыймайтын сөз. Шындығында, Асан Қайғы «Жер үиекті» тапқан екен! Бірақ... бірақ амал не, жұрт ұзақ дайындыққа, жол азабына шыдай алмаймыз деп қорқып, «Жер үиекке» бармай қойыпты. Шын ойға алған болса «Жер үиекке» жету мүмкін екен, бірақ жұрт өзінің алауыздығын, ақылсыздығын, топастығын көрсетіпті, сөйтіп данышпан Асан Ата жол бастап тұрғанда арман болған «Жер үиекке» қоныс аудара алмай қалыппыз.

Аңыз тағы да мұңмен аяқталады. Бірақ бұл да соңы емес. Аңыздың енді бір нұсқалары былай жалғастырылады: сөйткенмен Асан Қайғы бір топ елді ертіп әкеткен екен, олар «Жер үиекке» жетіпті; қазір сонда шат-шадыман тұрмыс кешіп жатыр-мыс.

Тарихи Асан желмаяға мініп жер шалып, дәл аңыздағыдай жүре қоймаған болар. Бірақ қиялдағы мекен — «Жер үиек», ондағы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған тіршілік кебі жайындағы аңыздың барлық нұсқасының Асан атымен байланыстырылуына селқос қарауға болмайды. Шоқан Асан Қайғыны көшпенділердің философы деп, әрине, әншейін атай салмаған. Біздіңше, Асан Қайғының адам баласы бақытты тұрмыс кешетін қиялдан туған мекен «Жер үиек» жайындағы ойларын баяндайтын көлемді шығармасы болғанға ұқсайды. Бұл туынды жыраулық толғау түрінде келді ме, әлде Томас Мордың «Утопиясы», Кампанелланың «Күн қаласы» сияқты үлгіде жазылды ма, — ол арасын ажыратып айту қиын. Ал бізге жеткен аңыз сол философиялық шығарманың кейбір жұқаналарының аңызға айналып кеткен түрі. Халық қиялы «Жер үиекті» Асанның өзіне іздетеді.

Желмаяға мініп жер шалған Асан Қайғы жолай кездескен жерлерге, жайлау, қыстауларға өз бағасын бере отырады. Қазақ арасында шүйделі қоныстарды былай қойғанда ұсақ өзендер, кішкене төбешік, сай-сала жайында да «бұл туралы Асан Қайғы солай депті» — деген сөздер жиі айтылады. Асан шықпаған төбе, Асан түстенбеген бұлақ жоқ сияқты. Сондықтан, «...Жер-сулар, қоныс-қыстаулар жайында Асан айтты деген сын сарап, барлау, болжау сөздердің көпшілігі сол жерлерді бертінде келіп қоныстанған елдердің өз жерінің сырын, жайын түсініп, танып болған соң, көп тәжірибе жылдарынан соң Асан атынан қосқан өз шығармалары, өз сындары» деген М. Әуезов пікіріне қосылуға тиіспіз.

Жер жайында Асан айтты деген сөздер тапқыр, әрі көркем келеді. «Үш Алматы деген жер бар екен. Сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректей, алмасы бар жүректей. Сол жерді қимадым», — депті Асан Қайғы.

Шымкент, Сайрамды көргенде: «Екі басса бір базар — малда береке болмайтұғын, екі басса бір мазар — баста береке болмайтұғын, базары жақын — байымас, мазары жақын — көбеймес», — деген екен.

Семейтауды:

Төс табаны төрт елі
Атан жүрер жер екен.
Төсегінен түңілген
Адам жүрер жер екен, —

дейді.

Асанның бұл реттегі сөздері бос мақалдау, жай тақпақ емес. Сөз етілмек қоныстардың малға, басқа жайлы-жайсыздығы айтылып, оның өзіндік ерекшеліктеріне дәл баға беріледі. Кейде жер аттарының шығуы да осы Асан есімімен байланыстырылады.

«Шідерті» деген өзенді көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай арықтатып мінген ат бір айда майға бітетін жер екен, бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын жылқының жері екен», — деп... біраз жатқан екен. Сол себептен Шідерті атанған екен... «Түндікті» деген өзенді көргенде: «Он екі тұтам қазылық үй түндік, маңырап жатқан қой түндік, қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен» (деп) қимай артына үш қарағандықтан «Үшқара» атаныпты. Ерейментауды көргенде: «Желдің жеті есігі бар екен, қыс болса жылқы тұрмас, жылқы тұрса ішіндегі құлын тұрмас ораздының жайлауы, жиырлының қыстауы екен, екі жағындағы ел бай болар да, қас ортасын... қоныс қылған ел кедей болар, бітісі жаман екен, бірімен-бірі төбелесетұғын кісі сықылды ерейіп тұрғанын, панасы жоқ дала секілді тау екен», — дейді. «Терісаққанды» көргенде: «Уа, шіркін, Сарыарқаның тұздығы екен; тек анда-санда обып қоятын жұты бар екен, бірақ артынан мал тез өсетін жер екен», — депті.

Сарыарқада небір шұрайлы жерлер болғанымен, аңыздың айтуынша Асанға ешбірі ұнамапты. Өйткені Асанның іздегені — мал мыңғырып өсетін мінсіз, мүлтіксіз қоныс қана емес, жау қарысы жетпейтін мекен. Сондықтан Асан өзі көрген жерлердің қайсысынан болмасын мін табады.



Асан сыны кейде тым ащы, аса өткір. Мәселен, Асан Шыңғыстауды көргенде былай депті-міс: «Мына шіркіннің топырағы құтырған екен, оған шыққан шөп құтырады, оны жеген мал құтырады екен, оның етін жеп, сүтін ішкен адам құтырады екен; қаны үзілмейтін, кісі өлтіру, ұрыс-төбелес көп болатұғын жер екен».

Шыңғыстау қалмақтармен қақтығыстар мүлде дерлік тоқталып, қазақ қазақ болғалы үзілмей келе жатқан сырт жаулармен ұрыс-соғыс бәсеңдеген кез — XVIII ғасырдың соңғы ширегінің өзінде найман мен тобықты руларының қақтығысының себепкері болды. Кейінірек патша өкіметінің тұсында да әр түрлі даулардың нәтижесінде туған ұрыс-қағыстар, руаралық керістер өзімен көрші тайпалармен салыстырғанда тобықты ішінде молырақ болған. Өзі тобықты Абай: «Ел бүлігі — тобықты», — деп әншейін айта салған жоқ. Жоғарыдағы Асан айтты деген сөз сол дәуірде шыққаны күмәнсіз. Және тобықтылардың өздері емес, көршілерінің шығарғаны.

Осы ретпен айтылған сөздердің біразында кейбір жайлау қоныстар мүлде іске алғысыз етіліп көрсетіледі. Мәселен, Асан Баян Аула тауын көргенде: «Ат ерін алуға жарамайтын жер екен. Мына шіркінді жұрт қалай қоныс қылып отырған? Өзін бір көрген кісі кәпір сені желкемнің шұқыры көрсін дейді екен», — депті-міс. Баян Ауланы мекендеп отырған елдің өзінің мұндай сөзді айтпауы хақ.

Алайда жерге байланысты Асан атына телінетін сөздердің бәрінде фольклорлық деп қарауға болмайтын сияқты. Қазақ хандығы XV ғасырдың орта шенінде Шу, Сарысу өзендерінің бойында құрылғаны мәлім. Жат өлкеден келген жұрт жаңа қонысқа, әрине, өз бағасын береді. Ондай сөздердің біразын елдің аузы дуалы қариясы Асан айтуы әбден мүмкін. Себепсіз құбылыс жоқ. Әу баста сондай бір түртпек болды демесек, қазақтың өзінің бар қонысына Асанға баға бергізуінің сырын түсіндіре алмас едік.

Асанның Шу жөнінде айтқан сөзі: «Мына шіркіннің екі жағы борбас екен, өне бойы қара қамыс, іші толы жолбарыс екен; баланың іші қуырылмайтұғын, пышағы қыннан суырылмайтұғын, еркегі ат болатын, ұрғашысы жат болатұғын жер екен». Шуды жолбарысының көптігіне қарамай пышағы қыннан суырылмайтын, яғни тыныш, бейбіт жер екен деуінің мәні неде? Бізше, бұл сөздер сол кездегі тарихи оқиғалардан көрініс береді.

Қазақ хандығын құраған рулардың атамекен Дәшті-Қыпшақтан кетуінің басты себебі — ондағы өзара қырқыс, күн сайынғы атысшабыс, Әбілхайыр мен Барақ ұрпақтарының арасындағы қақтығыс еді. Әбілхайыр ұлысынан кеткен соң қазақтар Моғолстанның батыс бөлігі Шу бойында біраз жыл бейбіт тұрмыс кешеді. «Мұнда олар тыныш

өмір сүрді», — деп жазады Мұхамед Хайдар «Тарих-и Рашидиде». Әйелдің, яғни ананың жат болуының да мәні бар: мұнда келгендердің көбінің туыстары сол Дәштіде қалып қойды, бүліншіліктің нәтижесінде қандас, рулас адамдардың аралары ажырады, қазақ болып бөлінгендер қиянға шығып кетті.

«Көкектен басқа құсы жоқ, көк шөптен басқа ісі жоқ, жер азғыны мұнда екен; қатыны семіз, ері арық, ел азғыны мұнда екен. Аты бестісінде қартаятұғын, жігіті жиырма бесте қартаятұғын жер екен», — депті Асан Қаратауды көргенде. Еділдің ен тоғайын, Жайықтың көк шалғынын жайлап келген ел жазы ыстық, орманы аз түстік өңірді өгейсіген, жерсінбеген тәрізді. Бұл сияқты жаңа қонысты ұнатпау, ескі атамекенді аңсау Асан толғауларында да бой көрсетеді. Яғни жер жайында айтылған, Асан атына тіленетін сөздердің кейбіреулерінің шынында да Асанның өзінікі екендігі байқалады.

Асан айтқан нақыл сөз, Асан айтқан толғау жырлар, әрине, өте көп болған. Бізге соның кейбір жұқаналары ғана жетіп отыр.

Асан сөздерінің дені:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ, құлан қайтіп күн көрер,
Аяғы жоқ, қолы жоқ, жылан қайтіп күн көрер,
Жалаң аяқ байпаңдап қаздар қайтіп күн көрер,
Шыбын шықса жаз болып таздар қайтіп күн көрер,—

іспеттес нақыл, толғау түрінде келсе керек. Бұл жолдардан адам тағдыры ғана емес, жан иесі мақұлықтардың бәрінің тіршілігі толғантқан, көне заманда өмір сүрген көне философ-гуманистердің типіндегі ойшыл Асан танылады. Кейін аңызға айналып, аты ұрпақ аузында құрметпен аталған адам теңіздей терең ақылдың иесі болғандығы күмәнсіз.

Асанды көбіне хан қасынан көреміз. Оның бізге жеткен толғаулары түгел дерлік Әз-Жәнібек ханға арнай айтылған. Алайда Асанды сарай ақыны деуге болмайды. Халық аңыздарында Асан Қайғы жайында «бұл қария қашан да ханға жағынбай, жарамсақтанбай тура сөйлеуші еді» делінеді.

Бұл сөздің ақиқаттығы Асан толғауларынан-ақ байқалады.

Ай, хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Шабылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің,
Қымыз ішіп қызарып,



Мастанып қызып терлейсің,
Өзіңнен басқа хан жоқтай
Елеуреп неге сөйлейсің, —

дейді ол Жәнібек ханға.

Ханның елді өз бетімен билеп-төстеу, қаһары түскен адамын өлім жазасына кесу хақысынан айырылып, рубасы ақсақалдарсыз ешбір мәселені шеше алмайтын күйге жетуі — Қазақ хандығының соңғы дәуіріне тән құбылыс. Ал Асан өмір сүрген заманда ханға жаңағыдай сөйлеу кез келген шонжардың қолынан келер іс емес. Бұл — Асанның Асандығы ғана айтқызған сөз.

Бұл жерде Асан — халық тілегінің жоқшысы. Асан мұңы — халық мұңы. Оның атына жалғанған Қайғы деген анықтама халық сүйіспеншілігінің белгісі іспеттес. «Тауарих хамсаның» авторы, өзі діндар Құрманғали Асанның «Қайғы» аталу себебін дінге тірмек болады. Бұл — халық санасындағы Асан бейнесімен қабыспайды. Асан қайғысы бақиды, ахирет жайын ойлағаннан туған қайғы емес. Асан мұңының тамыры тереңде. Оның негізінде халықтың сол кездегі тұрмыс-халіне жаны ашығандық, өмірге көңілі толмау бар. Асан қайғысы — бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі болашақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы. Сондықтан да өз толғауларында ол үнемі халық атынан сөйлейді.

Бажайлап оқысақ, Асан толғауларынан тек сол заманға ғана тән кейбір суреттерді, қазақ халқының құралу дәуіріндегі белгілі тарихи оқиғалардың елесін көреміз. «Асан Қайғының шығармалары өз тұсының айнасы, ол өз дәуіріндегі қазақ халқының мұңын, тілегін көрсетеді», — деп жазған еді Б.Кенжебаев.

Әбілхайыр ханнан бөлінуге қарсы болмағанмен, Асан Қайғы ата-мекеннен ат құйрығын үзіп, ұзап кетуді онша қош көрмегені байқалады.

Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай егіннің
Ойына келген асын жейтұғын
Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл деген ойынды,
Отын тапсаң тойынды,
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің.

Елбең-елбең жүгірген,
Ебелек отқа семірген,
Екі семіз қолға алып,
Ерлер жортып күн көрген
Еділ деген қиянға
Еңкейіп келдің тар жерге,
Мұнда кеңес қылмадың...

Атамекеннен біржола безуге Асан тіпті де риза емес. Сондықтан Жәнібек, Керей хандардың Моғолстандағы Иса-Бұға ханға беттеп көшкен ұзақ сапар жүрісі Асанға мәнсіз де, қажетсіз де көрінеді. «Нәлет біздің жүріске!» — дейді ыза болған ақын. Елін қимаған ақын артта қалып бара жатқан қоныстардың артықшылығын айтып, босқан жұртты қайырып, Жәнібек көшін тоқтатпақ болады.

Еділ менен Жайықтың
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал қолыңды маларсың
Алтын менен күміске!

1468 жылы Әбілхайыр өлген соң өзбек ұлысында туған аласапыранды пайдаланып қазақтар өзінің ескі қоныстарының шет жағасын қайта басты. Ақынның бұл оқиғаны қалай қарсы алғанын білмейміз: иә Асанның осы оқиғаға байланысты жырлары басқа да көптеген шығармалары сияқты біздің дәуірімізге жетпеген, иә бұл кезде Асан тірілердің санатында жоқ.

Асан Қайғы Жиделі-Байсынға сапар шегерінде айтты деген мынадай бір сөз бар:

Жайлы орынды жат басқан
Жерді көрмей кетпекпін,
Ханның орнын қара алған
Шерді көрмей кетпекпін,
Қатындармен қатарлас
Ерді көрмей кетпекпін.

Бұл сөздердің советтік идеологияға жат екені анық.

Марқұм Мұхтар Әуезов: «Асан Қайғы жайындағы әңгіменің екінші, халыққа жат, бөтен саналы түрлері тағы бар. Ол аңыздағы Асан — халық мүддесімен қабысатын Асан емес, хан сарайының ақылшысы, сыншысы, санашылы болған Асан. Бұл Жәнібек ханға ақыл айтады.



Құладыңға қу ілдіргенің жаман ырым, қала салғаның жаман қылық деп сынап шенейді. Мұндағы Асан кертартпа феодалдық заңның санашылы болып шығады. Саны аз болғанмен Асанның Жәнібекке айтты деген сөзі және кейін Бұқар шешетін, Асан айтыпты-мыс деген қысқа толғау — екеуі де халық сүйген Асаннан басқа бөлек жат саналы адамды танытады», — деген еді.

Алайда Асан толғауларындағы кейбір сарындарды соңғы кездің қоспасы деп қарауға болмайды. Асан — XV ғасырдың перзенті, сол заманның салт-санасы, идеологиясы Асанға да жат емес, сондықтан біз бұл жерде мәселеге тарихи көзқарас тұрғысынан келуге тиіспіз. Асан хандық үкіметтің берік болғанын қалайды, сондықтан Жәнібекті ата жорасын бұздың деп сөгуі әбден мүмкін. Асан ханның орыс шеберлерін алдырып сарай салдырғанын да ұнатпайды. «Мұның жаман ырым, — дейді ол, — сарайды салған кәуір, алатын да кәуір болады...»

Перетяткович Г.
Поволжье
в XV и XVI веках.
История края
и его колонизация.
М., 1877.
С. 145-146.

Аңызда Жәнібектің орыс шеберлерін шақыртып ғимарат тұрғызуын біз анахронизм деп қарамаймыз. Тарихта мұндай оқиғалар болған. XV—XVI ғасырларда көшпенді ноғайлар сарай не басқадай құрылыс салу қажет болса, Москвадан «қала салушы шеберлер» сұратып алатын.

Асан атына байланысты кең тараған сөздің бірі — кейін Бұқар шешті дейтін қысқа толғау. Мұнда Асанның өз тобының мүддесін көздегенін көреміз.

Асан өмір сүрген XV ғасыр — Шығыс Еуропаның тарихында ұлы өзгерістер болып жатқан дәуір еді. Күні кеше Алтын Орданың тепкісінде жатқан орыс елі қайта көтерілді, Москва күшейе бастады, бірлі-жарым қактығыста өз қаруының салмағын көрсетіп те қалды. Алтын Орда шылпара боп ыдырап, оның орнын өзара қырқыстан басқаны білмейтін дербес хандықтар басты. Ал орыс мемлекетінің қуаты күн сайын артып келе жатты.

Асан Қайғының өз дәуірінде болып жатқан өзгерістердің мәнін ұғып, байыбына жете түсінгендігі көрінеді. Бұл, әрине, Асанның үлкен ақыл иесі, ойшыл болғандығының тағы бір айғағы.

Кейін бірнеше ғасыр өткен соң «орыс мәдениетінің қазақ халқы үшін игілікті әсері болатынын» ғайыптан болжап білу, әрине, мүмкін емес-тін. Сондықтан Асанды кінәлау, сыпайылап айтқанда, парықсыздық болар еді. Және патшалық Россияның ұсақ ұлттар жөнінде ұстаған саясатының екінші жағы тағы бар, ол — отарлаушылық, өзінен әлсіз халықтарды езу саясаты. Революциядан бұрынғы әдебиетіміздің тарихы туралы сөз болғанда осы мәселені де естен шығармағанымыз жөн.

* * *

Қазақ халқы әр түрлі тайпалық одақтар мен ұлыстардың құрамында болған бір тектес түрік руларынан құралды. Осындай тілі ортақ, әдет, салты ортақ рулардың бір тобы қазақтарға Ноғай Ордасынан қосылды.

Қазақ хандығы құрылған кезде оның батыстағы көршісі Ноғай одағы ыдырай бастаған еді. XVI ғасырдың алғашқы жылдарында-ақ ноғайлардың өзара тәуелсіз үш ұлысқа бөлініп көшіп жүргенін көреміз. Алайда біршама күшті Ноғай Ордасы бұдан соң да бірталай уақыт өмір сүрді.

Ноғайлар Солтүстік Қапқазға іргелес далалықтарды, Еділ, Жайық бойларын қоныстанған еді. Ал қазақтар батыста Еділдің төменгі ағысына дейінгі жерлерді иемденетін. «Қазақтар жаздыгүні екі-үш ай бойы Еділ бойындағы ұшы-қиырсыз кең далаларда көшіп жүреді», — деп жазады Рузбихан.

XVII ғасырдың бас кезіндегі орыс мәдениетінің ескерткіші «Книга Большому Чертежу»да қазақтар мен ноғайлардың көші-қоны, шекаралары туралы деректер келтірілген. «...А промеж озера Акбашлы и реки Саук, и озеро Акколь и по обе стороны реки Кендерлика, и реки Сарсы, и песков Каракум, на тех местах, на 600 верстах, кочевье Казацкие Орды. А от верху реки Бузувлука на полях и до Синего моря, кочевье все Больших Ногаев... А промеж Хвалинского море и Астрахани Казацкие Орды кочевье и от верху Яика к Волге кочевье Больших Ногаев».

Бұл — шартты түрдегі ғана шекара еді. Ноғайлар мен қазақтар аралас-құралас отыра берген; кей ауылдар бірге көшіп те жүрген, кейде қазақ хандары мен ноғай билері қыз алысып, қыз берісіп тұрған. Ара-тұра жайлау-қыстаулар үшін, олжа үшін соғысып қалып отырғанымен, ноғайлар мен қазақтар біршама тату көршілік құрған сияқты. Өзара туыс екі Орда — ноғайлар мен қазақтардың бірге көшіп жүрген уағы қазақ эпосында қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған алтын заман ретінде еске алынады деп жазады Шоқан.

Қазақтар мен ноғайлар кейде тіпті жауға бірге аттанатын болған. Мәселен, Орта Азия тарихшысы Абдаллах бен Мұхамед бен Али Насруллах Қасым ханның әскері қазақтар мен ноғайлардан құралған еді деп жазады.

Екі халықтың этникалық құрамы бірдей-тін де (ноғайлардың рулары: найман, арғын, қоңырат, қыпшақ, алшын, қытай, қаңлы, алаш, тама, керейт, керей, боз-оғлы керей, оңғар-найман, қарт қазақ), тіліндегі, салтындағы айырмашылық жоққа тән еді. Сондықтан көңіліне билеушісі

Революциядан бұрын қазақтар татарларды да ноғай деп атай берген. Шынында, татар мен ноғай екеуі екі халық екені белгілі.



жақпаған рулар бір ұлыстан екінші ұлысқа ауып өте берген. Бұл ағым көбіне қазақтан ноғайға қарай емес, керісінше болған.

Ноғай Ордасындағы түрік руларының Қазақ хандығының құрамына көптеп өткен бір уағы — XVI ғасырдың 50-жылдары. Орыстарға қарсы партияның басшысы ұлыби Жүсіп (қазақ эпосындағы Орақ) пен орыстарға икем партияның басы Исмайыл бидің арасындағы ұзаққа созылған күрес Жүсіптің өлімімен (1555 ж. ақпан) аяқталған еді. Осы оқиғаның нәтижесінде туған аласапыран кезінде Жүсіптің, оның туған ағасы Мамайдың (1549 жылы өлген), немере ағасы Астраханьды билеуші Жаңбыршының жақтастарының дені Қазақ хандығына өтіп кетеді. «Туыстарымның көбі қазақтарға шығып кетіп, қазір менің өзіммен жауласып жүр», — деп жазады Исмайыл Иван Грозныйға 1557 жылы. Бұлардың саны өте көп болған болуы керек.

Ноғай Ордасындағы бірталай түрік руларының қазақ халқының құрамына енген тағы бір уағы — XVII ғасырдың орта шені. Торғауыттар Еділге келгенде ноғайдың біраз рулары осы қалмақтардың қол астына қарап қалған да, негізгі бөлігі Еділдің Қырым бетіне өтіп кеткен. Бірнеше жылдан соң қалмақтардың қол астында қалған рулар түгелдей дерлік қазақтарға қосылады.

Әрине, бұл тек тарихтан белгілі жайлар ғана. Әйтпесе, жекелеген адамдардың, жекелеген рулардың қоныс аударулары, туыстас бір ұлыстан екінші ұлысқа өтіп отыруы ол кезде күнделікті болып отырған табиғи құбылыс. Бұл жай өзінің көрінісін «Ер Тарғын» жырында тапқан. Жырдың басында Тарғын «өз халқының» бір бегін өлтіріп Қырымға қашып барады. Одан да кетіп, Ханзада елінде жүргенде Тарғын енді Қырымды «өз жұртым» дейді. Белі мертiгiп жатқанда:

Менің бүйтіп жатқаным
Өз шаһарымның жырағы, —

деп Қырымды, онда қалған жолдас-жораларын есіне алады. Белі жазылған соң жұртына тастап кеткендердің соңынан бара жатып:

Белім түсіп орнына,
Тағы іздедім кешегі,
Тастап кеткен елімді, —

деп, Ханзада елін де өз елі санайды. Яғни Тарғын үшін бөлшектеніп отырған хандықтардың бәрі — бір-ақ ел, өз отаны.

Сондықтан Ноғай одағындағы рулардың Қазақ хандығы құрамына енуі туралы айтқанда олардың ассимиляциялануы, жұтылуы, сіңісуі жайында сөз болмауға тиіс.

Міне, сол себепті де Ноғай Ордасының белгілі билері мен мырзалары Мұса, Жаңбыршы, Мамай, Орақ, Алшы Смайыл (Исмайыл), Қазы, Телағыстар (Ағыс) қазақ эпосының кейіпкерлеріне айналды. Бұл құбылыстың себебін түсінбеген профессор Фалев П.А. қазақ батырлар жыры түгелдей ноғайлардан алынған деген теріс қорытындыға келеді. Бұл жерде біз қазақтар мен ноғайлардың ұзақ уақыт бойы Алтын Орданың құрамында бірге болғандығын, екі халықтың бірлігінің XVII ғасырға дейін үзілмегенін, сондықтан біздің фольклорымыздың, әдебиетіміздің түп тамыры ортақ екендігін тағы да еске саламыз.

Осы дәуірде, қазақ халқының құралу кезеңінде өмір сүрген көркем сөз шеберлері, қазақ әдебиетінің қалыптасуында көрнекті рөл атқарған Доспамбет, Шалкиіз жыраулар.

Фалев П. А.
Введение
в изучение
тюркских
литератур
и наречий.
Ташкент, 1922.





ДОСТАМБЕТ ЖЫРАУ



Доспамбеттің асыл тегі ноғайлыдан еді. Жыраудың туып-өскен жері — Донның (Дан, Таң, Тең) құйылысындағы Азов шаһары (Азау кермен, Азағ, Азаулы).

Жырау өз есімін Аймадет деген сөзге тіркейді (Аймадет ер Доспамбет). Бұл — оның руының не тайпасының аты болса керек (Беріш Қаратоқай Мұрат ақын, Алаша Байтоқ жырау деген сияқты). Алайда біз ноғайларға қатысты әдебиеттердің ешқайсысынан Аймадет атты руды ұшырата алмадық. Ноғай тайпалары кейде өздерінің билерінің немесе мекен еткен жерлерінің атымен де атала береді екен. Әрине, ондай тайпалардың біраз уақыт өткен соң есімін өзгертуіне тура келеді. «Аймадет» те сондай атаулардың бірі болуға тиіс.

Айнала бұлақ басы Тең,
Азаулының Стамбұлдан несі кем,
Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағаның
Хан ұлына несі жоқ,
Би ұлынан несі кем!
Алла өзі берген күнінде
Хан ұлынан артық еді менім несібем!
Азаулыда аға болған ерлер көп еді,
Әйтсе де алмаға ат байлағаны жоқ еді!

Доспамбет — жорықшы жырау. Бізге жеткен толғауларының рухын айтпағанның өзінде оның талай ұрыс-қағыстың куәсі болғандығын көрсететін жолдары жеткілікті.

Сере, сере, сере қар
Асты кілең, үсті мұз,
Күн-түн қатса жібімес.
Мен күлікке қосымды артқанмын,
Көмбідей ару жаларға,
Күректей мұзды тоңдырып,
Кірмембес ауыр қолға бас болып,
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын...



Немесе:

Ағарып атқан таңды ай деп,
Шолпанды шыққан күндей деп,
Май қаңбақта ағалардың аты жусап жатыр деп,
Ақ шаңдақты құрып қойған шатыр деп,
Жазыда көп-ақ жортқан екеміз,
Арғымақтың талдай мойнын талдырып,
Үйде қалған арудың
Ал иіндігін аудырып.

Жарақаттан өлерінде айтты деген сөзінде жырау:

Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен, —

дейді. Мамай 1549 жылы өлген. Ал Доспамбеттің офат болуы бұдан көп бұрын сияқты. Ұлы Ноғай Ордасының биі Мамай мен Доспамбеттің әміршісі — Қырым ханының бірігіп қимыл көрсетуі — 1523 жыл. Осы жолы Қырым ханы Махмед-Герей Мамайдың көмегімен Жәнібектің ұлы Үсейінді жеңіп, Астраханьды алады. Қырым мен Ноғай Ордасы үзбей жауласып отырғаны белгілі. Ауыз бірлік бұл жолы да ұзаққа созылмайды; Мамай өзінің немере інісі Ағыстың (Жаңбыршыұлы Телағыс) үгітімен Махмет-Герейді Астраханьнан алдап шығарып алады да, баласы Батыр хан екеуін соңдарынан ерген барлық татарларымен қоса қырып тастайды. Бұдан соң Ұлы Ноғай Ордасы мен Қырым арасындағы жаулық қайта тұтанады («Орақ—Мамай» жырында бұл белгілі тарихи оқиға біршама дәл бейнеленген).

Доспамбет осы Махмет-Герей мен Мамайдың әлі тату кезінде қаза тапқанға ұқсайды. Яғни жыраудың өмір сүрген уағы XV ғасырдың соңы, XVI ғасырдың алғашқы ширегі.

Дүниенің басы сайран, түбі ойран,
Озар сойды бұ дүние
Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағадан, —

дейді жырау өлерінде айтқан жырында. Рухы таза ортағасырлық бұл толғаудан номад-жауынгердің ой-өрісі, санасы, нанымы көрінеді. Қазір мағынасы мүлде ұмытылған сөздер, тілімізде қолданудан шығып қалған тіркестер жырда баршылық. Жыраудың өзінің жарақаттануын, қансырап, әлі азайып, бойынан өмір кетіп бара жатқанын суреттейтін

Карамзин Н. М.
История государства
Российского. Т. VII.
СПб, 1817. С. 123;
Смирнов В. Д.
Крымское ханство
под верховенством
Оттоманской Порты
до начала XVIII в.
СПб, 1887. С. 392.

лепесі рухының ескілігіне, көркемдік тәсілдерінің бұлалылығына қарамастан көңілге әсер етерлік терең, көз тоқтатарлық сұлу.

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен,
Аймадетке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынынан.
Зырлап аққан қара қан
Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.
Сақ етер тиді саныма,
Сақсырым толды қаныма.
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты,
Жарықшылар жоқ па екен
Жармай білте саларға,
Жағдайсыз жаман қалып барамын,
Жанымда бір туғанның жоғынан.

Доспамбет жайындағы бір әңгімені В. Радлов Қырымды қоныстаған ноғайлардан жазып алған. «Азауда Досмамбет аға болған (аға — ханға жақын феодалдардың титулы. — М.М.), ондан башқа отүз екі аға болған, әпсі де батырлардан болған», — деп басталады бұл шағын хикая. Бұлар бір күні жорыққа аттанады. Бірнеше күннен соң көп әскерге кездеседі. Басқа ағалар қашайық дегенде Досмамбет: «Қашмақ болмас, алла не көрсәтсә шуны көрәрбіс», — деп ұрысқа кіріседі. «Башлаған қауға еткеннер. Әмді көбісін қырғанлар. Бір шетке шыққаннар соң бір қамшысы бар екен Досмамбет ағаның. Қауға еткен іерінде о қамшы қалған. — Ағалар, ді, менім қамшым қалған, қайтамын, ді. Ағалар айта: қайтма, ді. Досмамбет аға айта: қамшымның қолғамасы алтын, сабы іез, ді. Өсәгі бұлан терісі, өрімі өгіс қайысы, ді. Қамшым қалды, қайтамын, ді. Соңа қайтып бара әскәргә...» Сөйтіп, Досмамбеттің қазасы ұрыс кезінде түсіп қалған қамшыдан болады (Трубкасына қайтып оралған Тарас Бульбаны есіңізге алыңыз). Қазақта Доспамбеттің қалай, қандай жағдайда жарадар болғандығы айтылмайды, тек ұзақ толғауы ғана беріледі. Қамшы жөніндегі деталь — әрине, аңыз. Бірақ қолымыздағы толғаудан осыған ұқсас жолдарды ұшыратамыз:

Қарағайлы көдік бойында,
Қамшым қалды ойында,



Бүлдіргесі бұлан терісі,
Өрімі күнан білдің қайысы,
Шырмауығы алтын, сабы жез,
Бейазының бойында
Күзен, қарсақ жер ме екен!

Өрімі пілдің қайысы, бүлдіргесі бұлан терісі, орамы алтын, әшекейлі камшы батырдың енді көрінгенге жем болатын барлық мал-мүлкінің символы іспеттес. Бұл сөздердің негізінде көзі мәңгі жұмылуға айналған жанның жарық дүниені қимауы бар. Осыдан соң жырау артында қалып бара жатқан зайыбын, Қосақай, Қосай, Ер Досай атты балаларын еске алады. Бірақ олармен сырттай қоштасуға, «бел шешіп» иман айтуға аузы бармайды. Доспамбет өзінің ескі дәуренін, садақ толы сайгез оқты боратып ата, алты құлаш ақ найзаны ұсынып шанша жауын мұқатқан күндерін, Еділдің бойын ен жайлап бейбіт тұрмыс кешкен заманын қимайды. Бұл жерде жырау өзінің көңіл күйін дәл бере алатын мұң-зар мен арманға толы әсерлі сөздерді таба алған. Толғау Доспамбеттің о дүниеге бет бұрып өзін-өзі бекітуімен, өмірінің босқа өтпегеніне сенім білдіруімен аяқталады.

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым, өкінбен.
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түзедім, өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім, өкінбен.
Туған айдай нұрланып
Дулыға кидім, өкінбен,
Зерлі орындық үстінде,
Ақ шымылдық ішінде
Тұлымшағын төгілтіп
Ару сүйдім, өкінбен.
Бүгін, соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын,
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім, өкінбен!

Доспамбет — қазақ әдебиетінің өсу-өркендеу тарихында елеулі рөл атқарған суреткерлердің бірі. Доспамбет жырларының игілікті әсері, тіпті кейініректе шыққан Бұқар, Махамбет творчестволарынан да айқын аңғарылады. Сонымен бірге ескіден қалған мол мұра — эпикалық жырлардан да Доспамбет әсерін байқаймыз.

Доспамбет мұрасының дені біздің заманымызға жете алмады. Әйткенмен жыраудың кейбір туындылары және жырау жайында жаңа деректер әлі де табылатын шығар деген ойдамыз. Бұл, әрине, болашақтың ісі.

Ал әзірге қолда бар санаулы жолдардың өзінің әдебиетіміздің тарихы үшін маңызы зор.





ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ

Суреткерлер тағдыры сан қилы: кейбіреулері көзі тірісінде-ақ еңселі тұғырға көтеріледі, өлген соң аты ұрпақ аузында құрметпен аталып, шығармалары ғасырлар бойы жасайды; енді біреулері тіршілігінде данышпан, дана, ұлы атанады, жазғандары мінсіз сияқты көрінеді, ал көзі жұмылған соң көп ұзамай оп-оңай ұмытыла салады; енді біреулердің өмірдегі үлесі — белгісіздік, танылмайды, бағаланбайды, даналығына жұртшылықтың көзі жетуі үшін оның өлуі қажет сияқты; шынында да солай болады: жазушы дүниеден көшкеннен кейін біраз жылдан соң оның белгісіз қабірі қайта жаңартылып, басына сәулетті мұнара тұрғызылады.

Алшын ішінде Құяс табынан шыққан Тіленшіұлы Шалкиіз жыраудың тағдыры мүлде өзгеше болды. Күйкі өмірде дегені үнемі орнына келе бермегенмен де, тәкаппар, даңққұмар батыр жырау тіршілігінде-ақ алты алашқа танылды. Құздан құлаған селдей екпінді, ағарып атқан таңдай сұлу жырларға хан да, қара да ұйыды: Шалкиіз өз заманының бірінші ақыны болды. Жырау офат тапқан соң оның рухы да даңқпен құрметке бөленді; әр бұтасы ән салған, әр малшысы ақын болған көшпенділер жайлаған Орталық Азияда бірнеше ғасыр бойы онымен бой таластыра аларлық ешкім де дүниеге келмеді. Бірақ осыдан жүз-жүз елу жыл бұрын, дала басқа кейіпке түсе бастаған, әзелгі тірлік тынысы өзгерген ХІХ ғасырда ортағасырлық жауынгер-жыраудың бейнесі көмескіленуге айналды. Әйткенмен, бұл да Шалкиіз үшін бақытты шақ еді: оның шығармаларынан қалған соңғы жұқаналар жазылып алына бастады. Жыраудың ғасырлар бойы даланы дабылдатқан даңқы өшті, бірақ оның орнына шын мәнісіндегі мәңгілік ғұмыр келді: жырау туындылары әр түрлі өлеңдер жинақтарына, хрестоматияларға енгізілді, сөйтіп келешек ұрпақтың алдына жету мүмкіндігіне ие болды. Баспа ісі өркендемеген, қазақ тілінде санаулы ғана кітаптар жарық көрген революцияға дейінгі дәуірде Шалкиіз шығармалары әр түрлі жинақтарда, хрестоматияларда он екі рет басылды. Бұл — сол кез үшін астрономиялық сан еді.

Осы кезде Шалкиіз қазақ ақын-жырауларының ішінде бірінші болып орыс тіліне аударылды. Орыс ғалымдары мен зерттеушілері Шалкиіз творчествосына жоғары баға бергенін көреміз. Жыраудың би



Темірге айтқан жырлары орыс тілінде шыққан әр түрлі жинақтар мен мерзімді баспасөз бетінде төрт рет жарық көрді.

Шалкиізді бір кездегі «қара ағаштан қалың ноғайдың» ең соңғы ұрпақтары да әлі ұмыта қоймаған екен. Оның би Темірге арнаған толғауының бір үзіндісін В.Радлов Қырымдағы ноғайлар арасынан жазып алып, өзінің «Түрік тайпалары әдебиеті нұсқаларының» VII кітабына енгізді. Ал Дағыстаннан шыққан Мұхамед Османов «Ноғай уә құмық шигырлары» жинағына (СПб, 1883) жыраудың бірнеше толғауын қосады.

Осы кезде жыраудың даңқ қыраны ең соңғы рет шарықтап қалды. Бірақ бұл ұзаққа созылған жоқ. Революциядан соң халқымыздың әдеби мұралары жан-жақты жиналып, жекелей де, топтастырыла да баспа бетін көріп жатқанда Шалкиіз жырау ешкімнің назарына ілінбеді. Том-том болып қазақ әдебиетінің тарихы жазылғанда Шалкиіз зерттеушілер көзінен қаға беріс қалды. Жырау жайында ара-тұра айтылып қалған сөздер бірді-екілі ауыздан аспайды. Жыраудың мүлде дерлік ұмытылғандығына дәлел ретінде оның Шалкиіз атының «Шәлгезге» айналдырылғанын айтудың өзі жеткілікті.

Шалкиіздің кезінде әдебиетіміздің тарихынан өзіне тиесі құрметті орынды ала алмай қалуының кейбір себептеріне соға кетейік. Жыраудың біздің заманымызға жеткен шығармалары түгелдей баспа бетін көргенімен де бірыңғайланбаған, бір жерге жинақталмаған еді. Шалкиіз толғаулары күні бүгінге дейін революциядан бұрын шыққан, шаң басқан ескі кітаптардың арасында шашылып жатыр, олардың кейбірінен әдебиет тарихшыларының өзі бейхабар. Содан соң, Шалкиізді оқығанда көзге бірден түсетін жай — ондағы кейбір образдардың, тіркестердің, кейде тіпті тұтас жолдардың Бұқарға, Махамбетке, Базарға, т. б. ұқсастығы. Шын мәнісінде бұл ұқсастық Шалкиіздің Бұқар, Махамбетке емес, Бұқар, Махамбеттің Шалкиізге ұқсастығы еді. Шалкиіздің әдебиет тарихына енгізілмей қалуының тағы бір себебі — оның зерттеушілерге бірден-бір дерлік белгілі шығармасы «Би Темірге толғауында» әмірші атына арналған мадақ сөздер бар. Яғни «Шалкиіз ханды, биді мақтаған, мұндай адамды әдебиет тарихына қалайша енгізе аламыз!» Және ең соңғы, ең басты себеп — «Бізде XVIII ғасырға дейін әдебиет болған жоқ, өйткені болуы мүмкін емес еді» деген «дана» тезиске бас шұлғу.

Шалкиіз жыраудың өмірі жайында бізге біраз деректер жеткен. Жыраудың туып-өскен жері Батыс Қазақстанда ел аузынан жазылып алынған тарихи әңгімелерге қарағанда, Шалкиіз Ноғайлының ұлы биі Мұсаның қызынан туыпты. Әкесі Тіленші — қазақ арасындағы көп шонжардың бірі болса керек. Үш айлығында анасынан айырылған

болашақ жырау нағашы атасының қолында өседі. Көшпенділер аристократиясынан шыққан Шалкиіздің өз өмірінің алғашқы күндерінен бастап ақ жоғарғы қауым ішінде болғандығын көреміз. Бұл оның адам ретінде қалыптасуында ғана емес, поэзиясында да үлкен із қалдыруға тиіс еді.

Өз атасы билер әулетіне жатпағаны себепті ешкімге тәуелсіз әмірші болу маңдайына жазылмағанын білген атаққұмар, билікқұмар Шалкиіз қашан да билеушілерді билеуге тырысады. Жыраудың бұл мінезі ол жайындағы әңгімелерден ғана емес, оның өзінің шығармаларынан да көрініс тапқан.

Шалкиіз өмірінің біраз уағы Ноғай Ордасының әміршісі Темір бидің төңірегінде өткендігі байқалады.

Тіленшіұғлы Шалкиіз,
Иесі би Темірдің тұсында
Бұлтқа жете жазды бұ мүйіз,
Иесі би Темірден соңыратын
Тұқылдықтан тарсылдап
Үзілер болғай сол мүйіз, —

дейді жырау өзінің Темірге арнай айтқан толғауларының бірінде.

Едігенің немересі Тенсібайдан туған Темір би — Батыс тарихшыларына да, Шығыс тарихшыларына да белгілі адам. Анонимді «Шейбани-намадан» оның Астраханьды билеген Қасым сұлтанның іргелі бектерінің бірі эмир-эль-умера, яғни әскербасы болғанын көреміз. Қасым сұлтан маңызды мәселелердің бәрін Темірмен кеңесіп қана шешеді екен. Темір 1480 жылы Уграда болған, 1485 жылы Қырымды шауып, мол олжамен оралады. Өмірінің соңғы кезеңінде Темір — Москваның одақтасы болған. Оның өз дәуіріндегі тарихи оқиғаларда қандай рөл атқарғаны сол кездегі орыс жылнамаларынан айқын аңғарылады.

Темірдің қаншалық ықпалды адам болғандығына мысал ретінде оның қызы Нұр-Салтанның жайын айтудың өзі жеткілікті. Алдымен Қазан ханы Ибрагимнің, кейін (1485 жылдан бастап) Қырым ханы атақты Меңлі-Герейдің әйелі болған, Қазан хандары Махмет-Әмин, Әбділ-Ләтиф, Қырым ханы Сайып-Керейдің анасы Нұр-Салтан орыс патшаларымен өз тарапынан елші алысып тұрған, мемлекет істеріне ықпал етіп отырған.

Темірдің дәл қай жылы туып, қай жылы өлгені мәлімсіз. Оның есімінің орыс тарихында ең соңғы рет ұшырасуы — XV ғасырдың 90-жылдары. Ал 1504 жылы Ноғай Ордасының биі — Темірдің ұлы Тәуекел. Бұл кез құжаттарында Темір о дүние адамы, марқұм ретінде ғана еске алынады.

Ноғай Ордасына
Едіге ұрпақтары —
билер өкім
жүргізгені мәлім.



Біздің қолымызда бар деректерден Шалкиіздің Темір би өлгеннен соңғы өмірі Мамайдың және оның інісі Жүсіптің төңірегінде өткендігі көрінеді. Ордадағы Жүсіп пен Исмайылдың билікке таласу дәуірінде (1540 жылдар, 1550 жылдардың алғашқы жартысы) жырау Жүсіптің партиясын жақтайды. Бірақ Исмайылдың еппен жүргізген саясаты нәтижесінде Жүсіп Шалкиізді сыртқа тебеді де, қарт жырау әміршісінің маңынан аулақ кетеді. Жыраудың өз өмірінің соңғы кезеңін Хақназар ханның әміріндегі қазақ мемлекетінде өткізгендігі аңғарылады.

Жоғарыда айтылған кейбір жанама мәліметтерге қарап біз Тіленшіұлы Шалкиіз жыраудың өмір сүрген дәуірі шамамен алғанда 1465—1560 жылдардың арасы деп есептейміз.

Шалкиіз мұрасынан біздің заманымызға жеткені — 600 жол шамасында. Бұл басыр шайыр Рудаки шығарған әлденеше жүз мың шумақ өлеңнің бір мың жолдайы ғана сақталғаны сияқты құбылыс. Алайда Шалкиіздің әдебиетіміздің тарихынан құрметті орын алуы үшін ғасырлар бәйгесінен келген осы санаулы шумақтардың өзі-ақ жеткілікті. Қолда бар жырлар бұдан төрт ғасырдан астам бұрын жасаған жырау поэзиясының бағыты, тақырыбы, сыр-сыпаты жайында толық түсінік бере алады.

Шалкиіз — жырау, жырау болғанда өлеңмен не қарасөзбен сөйлеу бір қисап, аузын ашса болды көмекейінен күмбірлеген жыр төгіле берген жыраудың классикалық үлгісі.

Дүниеде ненің болсын шегі бар, импровизацияның аты — импровизация. Ақын қанша құдіретті болғанмен, алдын ала дайындықсыз, суырып салып айтылған өлеңде мін болмай тұрмайды; бұл сөз алдымен шығарманың көркемдігіне, содан соң ойлылығына қатысты. Импровизация гүлденген ортағасырлық Арабстан ақындарының өзі экспромтпен айтылған жырларын артынан жөндеп, өңдеп отырған. Сол себепті де өз поэзиясында Әбу Таммам көз тұндырар сұлулыққа, Мұтанабби теңіздей терең ойлылыққа жетті. Осы тұрғыдан алғанда, Шалкиіз туындылары жалаң импровизацияның ғана жемісі екендігіне күмән туады.

Шалкиіз ислам дінін ұстанған, оның тәңірісі көк емес, алла.

Тәңірінің үйі кебені
Ибраһим-Халил алла жасапты,
Фазырейіл жан алмаға қасап-ты.

Шалкиіздің құранға, ислам дінінің қағидаларына қаншалық жетік болғаны бізге мәлімсіз, алайда оның сауаттылығы күмән туғызбайды.

Қара сия, ақ қағаз,
Дестерге өнер төктірдің.

Алыс жерден мөһрлі шұбар хат келсе...

Әбсінде ғалым жидырып,
Ақ кітабын жайдырып...

Әрине, дала перзенті Шалкиіз, ең алдымен, импровизатор еді. Алайда жырау шығармаларындағы, әсіресе оның философиялық толғауларындағы күрделі тіркестер мен қайталанбас суреттер бұл туындылардың ұзақ ойланудың, тынымсыз еңбектің нәтижесі екендігіне куә. Сірә, Шалкиіз де орта ғасырдағы араб ақындары сияқты өзінің импровизациялық туындыларын артынан қырнап, өңдеп отырса керек.

Шалкиіз бірталай уақ ноғайлының биі Темірдің төңірегінде болды дедік. Жыраудың Темірге арнай айтқан екі толғауы сақталған. Мұның біріншісі («Аспанды бұлт құрсайды...») Темір Шалкиізді туысына, атақ-дәрежесіне сай сый көрсетпей шетке қаққан кезде бір жағы өкпе, бір жағы наразылық ретінде айтылған. Екінші толғау:

Қара бас күспен шалдырып,
Көк теңіздің үстінде
Көтеріп желкен аштырып,
Жүк тиедің кемеге,
Ниет еттің тәңірінің үйі кебеге!
Жүк тиесең — кетерсің,
Ниет етсең — жетерсің,
Жетсең — тауап етерсің, —

деген сөздермен басталады. Бұл толғаудың өзіндік тарихы бар. Би Темір қаусап қартайған шағында Меккеге қағбаға тауап етуге аттанбақ болады. Бимен арасы қырбай болып жүрген Шалкиіз әміршісінің оң тізесін қайта алу үшін қолайлы жағдайды пайдаланып қалады.

Екі толғау да мінсіз импровизацияның үлгісі. Далалық пәктік пен далалық сұлулықты бойына сіңірген қарапайым, реалистік образдар көз тұндырады. Бұл толғаулардан Шалкиіздің қиялының байлығы, көзінің жітілігі, ақындық түйсігінің тереңдігі көрінеді. Аруағына мінген жыраудың аузынан еркін шыққан сырлы сөздер тыңдаушысын баурап аларлықтай әсерлі. Толғаулардың тағы бір ерекшелігі — мұнда Шалкиіз бізге өзінің бар кескін, келбетімен бой көрсетеді. Өмірге толы жыр-

Шалкиіздің 1875 ж. Орынборда, Орыс географиялық қоғамының жазбаларында басылуында екі толғау бірігіп кеткен. Соның нәтижесінде орысша аудармаларында да бұлардың қабаттасып жүргенін көреміз.

дың әр жолынан өз заманының салт-санасының кұлы, бірақ өр, тәкаппар ақын бой танытады.

Бұл толғауларында Шалкиіз көне қазақ поэзиясындағы суреткерліктің шырқау биігіне шығады. Айтылғанына төрт жарым ғасыр өткен сөздер өзінің қиыннан қиыстырылуымен, өткірлігімен таңырқатады.

Алп-алп басқан, алп басқан
Арабы торым өзіңсің,
Жазылы, алтын, қол кескен
Алдаспаным өзіңсің!

Бояулы ашық, шығыстық жолдар. Сонымен бірге таза далалық.

Соқса бір жілік сындырған,
Көк қоянның қос құлағын тұндырған,
Көгілдірдің жез қанатын сындырған,
Тегеурінді болат темірдің
Тегеуріні өзіңсің!
Айдынды көлге қал шауып
Тоғызын соғып ұшырған
Қу сұлтаны саһарсың,
Саһарыңа сайлап қаусырған
Боз сұңқарым өзіңсің!

Жыраудың Темірді мадақтауы фантастикалық дәрежеге, табынуға дейін жетеді:

Білерді білмес не демес,
Сұлтан ием, сен менің
Бармай тапқан қағбамсың!

Толғаудың бір жерінде жырау өзінің биге борыштар екендігін, осы атак, дәрежеге соның арқасында жеткендігін айтады. Бірақ Шалкиіздің Темірді мадақтауы оның өзіне оң қарағандығынан ғана емес. Жырау Темірді «әр ісінде тура» «жұрт иесі», әділ әмірші деп есептейді. Шалкиіздің ойынша Темір — жұрт тірегі, елдің берекесі, ол алыс сапар — хаждан оралғанша «артында қалған көп халқы» тозғындап кетпек: «жұртқа бір лайық ие жоқ». Сондықтан да жырау хажға бару парыз еместігін еске салып, құдайдың шын парызы — қарауындағы халыққа рақымды, әділетті әмір жүргізу екендігіне Темірдің көзін жеткізбек болады.

Жығылғанды тұрғызсаң,
Жылағанды уатсаң,
Қисайғанды түзетсең,
Тәңірінің үйі бәйтолла,
Сұлтан ием, қарсы алдыңда жасапты!

Шалкиіз орта ғасырда өмір сүрді. Өз заманының салт-санасы оған да жат емес, өз ортасының моралі — ол үшін қасиетті.

Сен алтынсың — мен пұлмын,
Сен жібексің — мен жүнмін,
Сен сұлтансың — мен құлмын, —

дейді ол Темірге. Бұл жерде Шалкиіз — орта ғасыр түнегінің тұтқыны. Жоғарыдағы жолдарды оқығанда жыраудың Батыс Еуропада өмір сүрген замандасы, әрі әріптесі, «Азат болған Иерусалимнің» авторы Торквато Тассоның: «Әмірші — құдайдың жердегі көлеңкесі; кімдекім оған не сөзімен, не ісімен қарсылық білдірсе, ол Христосты танымаған жанмен бірдей дәрежеде жазалануға тиіс», — деген сөздері еске түседі.

Алтынды кесе сары бал
Алсам мен саған ұсынармын,
Тал мойныма қол артсаң,
Күліктен бек ұнармын, —

деген Шалкиіз — шынында да, өзінің сюзереніне адал вассал.

Жемсауыңа келгенде,
Сұлтан ием, сом жүрегім аяман!
Саған дұспан — маған жау,
Керекті күні алдыңда
Ғазизлеген сұлтан жаным аяман!

Бұл — сол замандағы әскери аристократияның моралі де, Шалкиіз ортағасырлық рыцарь.

Өзінің сюзереніне адалдық, қажет болса ол үшін жан да қию — орта ғасырда феодалдардың ұғымынша адамгершіліктің, ерліктің үлгісі еді. Бұл сана рыцарьлық Еуропа туғызған шығармалардан да өз көрінісін табады. Атақты «Роланд туралы жырда» рыцарьлық ерліктің, өзінің сюзерені — корольге берілгендіктің үлгісін Роланд:



Несі батыр, әміршісі жолында
Мұз жастанып, қар төсеніп, от пен суды кешпесе,
Кеудеде жан, иықта бас — бәрін талақ етпесе! —

дейді.

Алайда Темірдің ата-тегі нашар адамдарды көтермелеп, өзінен жоғары ұстағанына, заманының мораліне берік Шалкиіз шыдай алмайды.

Жақсыңнан мені кем көрдің,
Жаманыңмен тең көрдің!

Бұл адамдар, әрине, Шалкиізден ақыл-парасат жағынан да кем. Ескі салтты — аталыны сыйлауды бұзған күннің өзінде Темір осы жағына ден қоюы керек еді деп есептейді жырау. Сондықтан әрі салауатты батыр, әрі қабырғалы би Шалкиіз бұған көңісі келмейді, өзінің шын кейпін танытады.

Шалкиіз бұла өскен дала перзенті еді. Сол даланың барлық қадір-қасиетін, сыр-сыпатын түгел бойына сіңірген. Даланың азат ұлы ештеңеден именбейді.

Еділден шыққан сызашық
Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді, —
Телегейдей сайқалтып,
Жарқыраған беренді
Теңіз етсе тәңірі етті;
Жағасына қыршын біткен тал еді, —
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе тәңірі етті!
Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде
Тең атаның ұлы едің, —
Дәрежеңді артық етсе тәңірі етті!

Күздан құлаған селдей екпінді, қуатты поэзия! Ғасырлар тұманы арасынан біздің қиялымызға Шалкиіздің шын бейнесі елестегендей болады: алдымызда өр, төкаппар, арыстан жүректі ақын тұр. Ол өз құнын біледі, сондықтан да аруағы қашып ешкімді басынан асырмайды.

Сақараның жаужүрек ұлы өзін ешкімге тәуелді деп есептемейді.

Ұялы берікке қос артып,
Сен есенде, мен сауда

Ырысымды сындайын,
Сегіз қиыр шар тараптан іздермін, —

дейді ол. Ел жадында қалған әңгімелерге қарағанда, осы сөздерден соң Шалкиіз бен Темірдің арасы ажырап, жауынгер жырау ұзақ уақыт бойы сарай маңынан аулақта жүріпті.

Шалкиізге дейінгі жыраулық поэзия қандай күйде болды — біздің бұл жайында білетініміз тым тапшы. Алайда тақырға шөп шықпайтыны хақ. Шалкиіз жырлары сияқты құдіретті поэзия ақындық өнер дамып, кемеліне келген кезде ғана тууы мүмкін еді.

Сөз жоқ, Шалкиіздің тәрбие алған бесігі — Қазтуған, Қодантайшы, Асан Қайғы жырлары және бізге аттары да жетпеген көптеген ақын-жыраулар мұрасы. Бірақ Шалкиіз поэзиясы өзіне дейінгі үлгілерімен салыстырғанда заманның озуының, әдебиеттің дамуының куәсі іспеттес. Мәселен, Қазтуған толғаулары — бала мінез көшпендінің ой-армандарын көрсететін, табиғат жайындағы түсінігінен елес беретін-ді. Көшпендінің қиялының байлығы, сонымен қатар балаңдығы бізді таң қалдыратын. Қазтуған поэзиясының қасиеті де осында еді.

Ал Шалкиіз шығармаларының өзіндік ерекшелігі — ондағы философиялық толғаныстардың молдығы.

Рас, жаңа тұрпатты әдебиеттің рухы бойына сіңген бүгінгі күннің оқырманына:

Асқар, асқар, асқар тау,
Асқардан биік тау болмас,
Басына балапан шырлап ұшып қона алмас,
Бүркіттен қыран құс болмас —
Баулуы жетпей бөрі алмас,
Бидайықтан алғыр құс болмас —
Бұйырмаса екеу түгіл бір де алмас,
Сұңқардан сұлу құс болмас —
Қауырсыны қатпай ұша алмас, —

деген сияқты жолдар бос ділмарлық болып көрінуі де мүмкін. Жыраудың кейбір пікірлері біз үшін қарапайым ақиқат, ал оның кейбір сөздері құрғақ мораль сияқты ғана әсер қалдырады. Алайда Шалкиіз бен екі ортада төрт жарым ғасыр тұрғанын естен шығаруға болмайды. Көркем шығарма қашанда өзін туғызған дәуір кейпімен, сол кездің ой-өресімен салыстыра бағаланбақ, өз заманымен өлшенбек. Және көркем әдебиетке қойылар талап, оның критеріі әр уақытта әр түрлі болғандығын да есте тұтқан жөн. Яғни шығармаларында кездесетін



кейбір кінәраттар жырау талантының кемдігінен емес, оның заманының ескіргендігінен, біздің көркем әдебиетке қояр талабымыздың өзгергендігінен, өскендігінен.

Үзік-үзік келіп, кейде тіпті логикалық тіркестік жойылып кетіп отырғанмен де, Шалкиіздің философиялық ойлары көп ойлану, ұзақ толғандудың жемісі. Бұлар жыраудың терең ақылдың, шалқар даналықтың иесі болғандығын көрсетеді. Осыған сөзден маржан тізген ақындықты қоссақ, Шалкиіз шығармаларының өміршеңдігінің, ұрпақ жадында ұмытылмай сақталуының сырын ұғамыз.

Шалкиіз — көбі мақалға айналып кеткен талай афористік сөздердің авторы. Көзі жіті жырау өзінің айтпақ ойын неғұрлым өткір, неғұрлым дәл бере алатын сөздерді іріктеп қолданады. Және бұл — әдепкі, қарабайыр сөздер емес, қынаптан суырған қылыштай айдынды да әсем, өмірге, динамикаға толы, бейнелі сөздер. Осының нәтижесінде Шалкиіз сақара жыршылары үшін қолға түсе бермейтін қасиет — аз сөзге көп мағына сыйғызу қасиетіне ие болған. Қысқалығына, ықшамдылығына қарамастан жырау афоризмдері терең мағыналы келеді.

Шалкиіз — новатор еді. Ол қазақ поэзиясындағы философиялық бағыттың негізін салды. Бұл тұрғыдан алғанда Шалкиізді қазақтың барлық жырауының атасы деуге болады. Өзінің философиялық афористік поэзиясы — толғауларда Шалкиіз ойлылықтың, көркемдіктің шыңына шықты. Қиыннан қиыстыру, нақтылық, ықшамдылық, ойнақылық, сонымен қатар тереңдік — Шалкиіз поэзиясының ерекшелігі. Бұл жағынан алғанда қазақ жырауларының ешқайсысы да онымен белдесе алмайды. Тақырыптық жағынан Шалкиізден әлдеқайда бай поэзияның авторы, өзі де новатор атақты Бұқар жырау да көп реттерде Шалкиіздің жолын қуушы, оған еліктеуші болып қала береді, сөзінің қуаты, өлеңінің құдіреті жағынан Шалкиіз өнегесін жалғастырушы екендігі байқалады.

Шығармаларының бізге толық жетпеуі себепті де болар, Шалкиізде аяқталған, бір қалыпқа түскен философиялық көзқарас жоқ. Алайда қолда бар толғаулардағы кейбір сәттердің өзі оның адам қоғамы, өмір жайындағы түсініктерінен елес береді.

Дүниеде тұрақты, мәңгілік ештеңе де жоқ дейді жырау. Әлем бір қалыпта тұрмайды, бәрі фәнилік, бәрі өткінші. Бірақ осы пікірлерінен автор сопылық қорытынды шығармайды, — өмір қысқа екен, бұл жалған басы жұмыр пенденің бәрінен де өтеді екен, демек, осы аз ғұмырды дүниедегі бар қызықты тегіс көріп думандатып өткізу керек. Осыған қарағанда, жырау ислам дінінің кейбір қағидаларына онша берік болмағанға ұқсайды.

Әйткенмен, Шалкиіз шектен шығып кетпеуді уағыздайды. Әр пенде ақырын жүріп, анық басуға тиіс — асқанға тосқан.

Ор, ор қоян, ор қоян,
Ор қоян атлы бір қоян,
Он екі көжек атасы
Қаудырқұлақ шал қоян,
Жүйрікпін деп мақтанба,
Жүйрікпін деп мақтансаң,
Ұзын жолдың үстінде
Оралып ойнап тұрған
О-дағы бір құба арланға жолығар!..
Сөйлегенде сөзі аузына сыймаған,
Еріккенде қызыл тілін тыймаған
Ғақбытлы сол жаман,
О дағы бір пәлеге жолығар!

Шалкиіз феодалдық патриархалдық қоғамның гүлдену дәуірінде өмір сүрді. Жыраудың адам, оны қоршаған орта жайындағы түсінігі сол заманның санасынан елес береді.

«Көптің құрығы ұзын». Көптің қолынан бәрі де келеді. Ол жауға айбар, елге қорған. Бұл мақалдың ақиқаттығы әсіресе білектің күші билікші болған ескі жаугершілік заманда ерекше көзге түседі. Бірақ сол көп қайтсе бірігеді? Шалкиіз заманы үшін мұның жалғыз-ақ жөні бар. Ол — туыстық, қандастық. Сондықтан Шалкиіз «Жалғыздың жағы жоғалса табылмас, рулының оғы қалса табылар» деген мақалдың даналығына бас ұрады:

Жағаға дұспан қолы тимеске
Артыңда туысқанның көбі игі.

«Белбуардан саз кешсең тобығыңнан келтірмейтін» сол «қамалаған қалың туғанның арқасы».

Арғымақ атқа көп міндім,
Садаға кетсін буданнан!
Азаматқа көп ердім,
Садаға кетсін туғаннан! —

дейді жырау.



Алайда туыстың бәрі бірдей емес, жақсысы бар, жаманы бар.

Жайыңды білген қарындас —
Ол қарындас, һәм жолдас,
Жайыңды білмес қарындас —
Өзі дұспан, өзі қас.

«Көрінгеннің бәрі бірдей кісі емес», «қырға шықпас жаманның»
барынан да жоғы игі. Ондайлардан қашан да аулақ тұрған мақұл.

Жауынды күні көп жүрме —
Жар жағасы тайғақ-ты!
Жаманға жақыным деп сыр айтпа —
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты!

Және керісінше:

Атаның ұлы жақсыға
Малыңды бер де басың қос,
Бір күні болар керегі.

Жаман кім, жақсы кім — ол жағын жырау онша қазбаламайды. Шалкиіздің түсінігіндегі жаман — жолдасының «басы жауда қалғанда» жан қиюға шыдамай бас сауғалап кетер адам. Ал жақсы — жолдасын жауға қалдырмас, «тұсында тұлпары тарп ұрып тұратын атайы ер». Сондықтан да бәрін найза мен шоқпар шешкен заманда Шалкиіз азулының, бір де болса бірегейдің құқығын таниды.

Айдын шүйсең тарлан шүй,
Көтерілген сона құтылмас,
Жауға кесең берен ки,
Егеулеген болат өте алмас,
Есендікте малыңды бер де батыр жи,
Басыңа қыстау іс түссе,
Дұспанның қолы жете алмас.

Бұдан төрт ғасырдан астам бұрын жасаған жыраудың көптеген пікірлері күні бүгінге дейін ескірмеген.

Алып, алып, ал сақын,
Аңдып жүрген дұспандан жүз сақын,

Күле кіре, күңіреніп
Шыққан достан мың сақын, —

деп насихаттаған Шалкиіз досқа адал, дұшпанға мейірімсіз болуға шақырады.

Дұспанға беліңді шешіп инанба,
Инантып тұрып өлтірер.

Жатты өз етсең — «басың жазымда қалмақ». Адам үшін ең қымбат — өз ортасы, туған жері.

Алма мойын сам үйрек
Ана Еділден көксіген
Көлді тастап қырға ұшса,
О-дағы бір тарланға жолығар.

Шалкиіз шығармаларынан оның өзін қоршаған орта — табиғат кейпін көре алмаймыз. Алайда жырау кейбір жекелеген жолдарда қайталанбас бейне, тамаша суреттер жасайды.

Жалп-жалп еткен жапалақ
Аттансаң жазы түзде көрерсің.

Жапалақ ұшпас жасыл тау...

Ағынды сулар, аймақ көл
Тасыса дөңбек келтірер...

Арқаның құба жонында
Арыстан ойнар шарқ ұрып...

Қара басты ақ күспен
Кендір баулы ақ желкен
Көк теңіздің жал толқынға жектірдің.

Осы бедерлі бейнелердің қайсысы болмасын жыраудың өзгеше талант иесі, сөз өнерін жеріне жеткере меңгерген суреткер екендігінің айғағы іспеттес.

Ел әңгімелерінің айтуынша Шалкиіз батыр болған. В.Радлов Қырым ноғайларынан жазып алған әңгімеде де Шалкиіз — батыр, әскер-



басы. Жауынгер, жорықшы жырау болғандығы Шалкиіздің өз шығармаларынан да көрінеді. Шалкиіз поэзиясы белгілі дәрежеде жаугершілік поэзиясы. Мұның куәсі — жыраудың ескілік қаруы имек садақ пен қайқы қылыштан тым аулақ тұрмағандығын көрсететін:

Қатты бір тартып бек атсаң,
Қайырылып барып тез сынар
Қайың октың жарқасы, —

немесе:

Көктеп мінген еріңнің
Астында көп жүгірер күлік бар,
Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар, —

деген сияқты жолдар ғана емес. Жырау шығармаларынан кейде мың сан аттың тұяғынан көтерілген шаң, қағылған шың, қарулардың соқтығысқанда шығарған дыбыстары естілгендей болады.

Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде... —

іспеттес бояуы ашық, адамдардың қимыл, қозғалысын көзге елестерліктей дәл беретін суреттер жыраудың өз заманының ұрыс-соғыстарына талай рет қатысқандығын және жай бақылаушы ғана болмағандығын көрсетеді.

Шынында да, Шалкиіз поэзиясының рухы — ерлік. Жыраудың кей шығармалары майдан даласының өзінде туғанға ұқсайды. Бұл ретте Шалкиіз батыр қыл шашақты найза өңгерген жауынгерлерді қаптаған қалың жаудан именбеуге, тайсалмай ұрысқа кіруге шақырады. Жыраудың мұндай шумақтары өр ұранға толы.

Желл-желп еткен бәйтерек
Жайылмағы желден-дүр,
Төренің кежігуі елден-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,

Тәңірі өзі біледі
Ажалымыз қайдан-дүр!

Шалкиіздің ерлікті, батырлықты дәріптейтін көлемді шығармасы — санаулы адамның қамалаған қалың жаудан көп жылқы алып шығуы жайындағы баллада. Бұл шығарманың Шалкиізге (дәлірек айтсақ, «Шәл-гезге») телініп жүрген нұсқасы — жырдың әуелгі қалпын аз сақтаған. Кейбір анахронизмдерді (мәселен, «қалмақ») айтпағанның өзінде баллада эпостарымызда трафаретке айналып кеткен сөздерге толы; бұл нұсқадан Шалкиіздің өзіне ғана тән стилі көрінбейді.

Бұл нұсқа Мұраттан алынғаны белгілі. Мұрат ескі халық әдебиетін жақсы білгенімен де, көбіне туындыны дәл бұрынғы қалпында айта бермеген. Оның Қазтуған жырларына да өз жанынан көп сөздер қосқанын жоғарыда ескерттік. Ал Мұраттың бұл жолғы қоспалары саналы түрдегі әрекеттің жемісі еместігі көрінеді. Мұратқа балладаның тек ұзын-ырғасы ғана белгілі болған сияқты, ақын соны қайта жырлап шыққан.

Шалкиіз туындысының өзінің алғашқы қалпын сақтаған нұсқасы «Шайыр» антологиясына енгізілген.

Балладада «ноғайлының Ер Шобан деген батыры біраз жолдастарымен Қабардыдан... жылқы алады». Шығармадағы оқиғаның Қабарды жерінде болуы — тарихи шындықтан алшақ емес. Шалкиіз заманында Қабарды, Қобан (Кубань), Солтүстік Қапқаз — талай тайпалар қақтығысқан, ұрыс-соғысы мол жер еді. Қазақтың көптеген тарихи жырларының қаһарманы белгілі Қазы мырзаның Қабардыға жасалған жорықтардың бірінде (1575 ж.) қаза тапқаны мәлім.

Жылқысын алғызған Биғазы көп әскермен Ер Шобанның артынан қуып жетеді.

Саф арғымақ сайлаған,
Найзасына жалау байлаған,
Қабардының Биғазы
Жүйрігіне шыдамай,
Желіп шықты көк тауға...

Эпостағы ескі дәстүр жөнімен екі батыр сөз қағысады. Сонда Шобан қоқан-лоқы жасап, өз тобының ішінде ноғайлының сондай да сондай атақты батырлары бар екендігін айтады. Құр бопсаға шыдамаған Биғазы ұрыспай жылқысын тастап, кейін қайтып кетеді.

Шобан 14 адамның атын атап, әрқайсысына арнайы сипаттама береді.



Ал дегенде аларға,
Алып жерге саларға,
Алқалаған ауыр қолдар тоқтарға
Арыстанбекұлы Сұлтан бар.

Шалкиіздің суреттеуінде аталмыш батырлардың қайсысы болмасын осындай: белдескенін алып ұрып, табанына салып жүн етер, мыңға жалғыз шабар қайратты да қайтпас ерлер. Алайда әрқайсысының өз кескін-келбеті, өзіндік ерекшеліктері бар. Жырау әр батырдың басқаға ұқсай бермейтін қасиетін танытарлық эпитет, метафоралар мен теңеулерді іріктей алған.

Ақ табан ару торы ат жайлаған,
Алдаспан ауыр қылыш байлаған,
Сыпайшылық бұ-ды деп,
Ала білек оқ салған...
Құястан жап-жас қана Жұмай бар...

Байсасы тудай Мәмбет бар...

Ол тырысқан, тырысқан,
Күніне мың кісімен ұрысқан,
Жауырынына қанды көбе сыймаған,
Жағасына адам қолы тимеген
Үйсіннен Бозторғайұлы Баубек бар...

Атқан оғын оздырған,
Дұшпанның тобын тоздырған,
Бір ойында алпыс ала балта сындырған
Айсаның ару ұлы Қолай бар.

Тоқал торы ат жайлаған,
Тобығына тондық ала байлаған,
Хандар шыққан төбедей,
Қабырғадан бүтін шыққан сүбедей,
Аударылмас кара кемедей,
Қандауызға сырлап салған жебедей,
Хан ұлы төредей,
Би ұлы шорадай,
Қан жүкпас қайқы кара болат өтпеген,

Бастырушы бұл сөздің тұсына сұрақ қойыпты. Байса (дұрысы пайса, немесе пайза) – моңғол дәуіріндегі және одан соңғы біраз уақыттардағы әмірлер мен бектерге, үкімет адамдарына берілетін белгі. Пайса көбіне металдардан жасалып, оған иесінің шеніне сәйкес әр түрлі хайуанаттардың (лашын, жолбарыс, т. т.) суреті салынатын болған.

Мақтауына адам тауып жетпеген
Бұ жиынның ішінде
Ер Жақсымбет-аға бар...

Осы үзінділерден Шалкиіздің көзінің жітілігі, психологиялық портрет жасаудың шебері болғандығы көрінеді. Жырда жөнсіз гипербола жоқ. Әйткенмен беліне «алдаспан ауыр қылыш байлаған», «бір ойында (ұрыста) алпыс ала балта сындырған», денесіне «қан жұқпас қайқы қара болат өтпеген» ерлердің кейпі, шынында да, адамды сескентерліктей. Батырлардың сипаттамасынан сол замандағы айдындылықтың, айбарлылықтың белгілерін аңғаруға болады. Сонымен қатар жырдың этнографиялық мәні де зор. Жыр көне, жаугершілік заманның тұрмыс кебінен елес береді.

Жырдағы кейбір сәттер оны шығарушының жай жырау ғана емес, талай жортуыл көрген әккі жауынгер де екендігін көрсетеді. Айтылымш туынды бізге тағы бір маңызды қорытынды жасауға негіз береді. Ол — Шалкиіздің эпосшы болғандығы. Бұл осы «Ер Шобаннан» ғана емес, жыраудың басқа шығармаларынан да аңғарылатын. Жырау туғызған көптеген образдар мен жекелеген жолдарды «Қырымның қырық батыры» цикліндегі жырлардың кейбірінен, «Ер Тарғыннан», т. т. ұшыратамыз. Бұл — Шалкиіздің сақара эпосын жасаушылардың бірі болғандығын көрсететін деректер. Қазақ эпосының ең озық үлгілерінің бірі «Едігенің» тіл құрылымын бажайлай тексергенде, бұл жырдың әуелгі шығарушысы — Шалкиіз болғандығы ешқандай күмән туғызбайды.

Қазақ әдебиетінің дербес әдебиет ретінде қалыптасу дәуірін Шалкиізсіз елестету мүмкін емес. Шынында да, Шалкиіз жырау әдебиетіміздің тарихында өшпес із қалдырды.

Жырау туғызған нақыл сөздердің талайы мақал-мәтелге айналып, Шалкиіз сөзі ретінде емес, ата-баба мұрасы — халық мақалы ретінде жұртшылық санасына сіңісті болып кетті.

Әркімге-ақ таныс:

Ақылсыз достан
Ақылды дұшпан артық;

Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Бір аяқ асқа алғысыз;



Жақсылардың өзі өлсе де сөзі өлмейді, —

сияқты мақалдар алғашқыда Шалкиіз аузынан шыққан еді.

Шалкиіз тудырған терең мағыналы, сырлы афоризмдер қаншалық! Тіпті жыраудың жай сөйлегенінің өзі нақылға бергісіз.

Шалкиіз шығармалары өзінен соңғы ұрпақ санасында елеулі әсер қалдырды. Төрт ғасыр бойына ақын-жыраулар оның афоризмдерін азық етті де, өлең өлшемін үлгі ретінде ұстады.

Шын мәнісінде жыраулық поэзияны жасаушы болған Шалкиіз осы поэзияның бар мүмкіндіктерін сарқа пайдаланып, жеріне жеткізе дамытқан еді. Сондықтан да кейінгі жыраулар дидактикасы көбіне Шалкиізді қайталау сияқты болып қана көрінеді. Ал талант, сөзден маржан тізу жағынан тағы тайталаса алмайтынын ескерсек, соңғы заман жырауларының Шалкиіз көлеңкесінде қалатынын көреміз. Қазақ жыраулық поэзиясының гүлдену дәуірі Шалкиіз жырау Тіленшіұлының атымен байланысты.

Қазіргі кезде жырау сөзінің символы іспеттес болған Бұқар Шалкиіз мақамын жете меңгерді және өз толғауларында Шалкиіз тудырған нақыл, афоризмдердің талайын пайдаланды.

Азаттықтың жыршысы Махамбет Шалкиіз өлеңдерінің рухын ғана алып қойған жоқ, ондағы көптеген образдарды, кейде тіпті тұтас жолдарды пайдаланып отырды. Бірер мысал келтірейік.

Егер Шалкиіз:

Жапалақ ұшпас жасыл тау,
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау.
Ойлап тұрсам, жаманның
Жалаңдаған өз басына тілі жау, —

десе, Махамбет:

Жапанға біткен жасылды-ау,
Момындардың басы сау,
Жаманды байқап қарасаң,
Күндердің күні болғанда
Өз басына өзі жау, —

дейді.

Егер Шалкиіз:

Атаның ұлы ерлерге
Малыңды бер де басың қос,
Басыңды қос та бек сыйлас,

Күндердің күні болғанда,
Басың жауда қалар ма! —

десе, Махамбет:

Ата ұлының баласы
Асыл ерге малың бер,
Малың бер де басың қос,
Басыңа тарлық түскенде
Ардақтаған әділ жанын аяр ма, —

дейді.

Шалкиіз:

Көктеп мінген еріңнің
Астында көп жүгірер күлік бар,
Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар,
Көрінгеннің бәрін де кісі демеңіз,
Күпе-күндіз тал түсте
Тайраңдап түзге кетер кісі бар, —

десе, Махамбет те ізінше:

Күнқақты ердің астында
Көп жүгіретін көлік бар,
Көн садақтың ішінде
Көбе бұзар жебе бар,
Қарайғанның, жігіттер,
Бәрін кісі демеңіз,
Күпе-күндіз тайраңдап
Түзге шықпас ерлер бар, —

дейді.

Алайда Махамбет қайталауында өлең жолдары тегіс 7-8 буынға түсіріліп, буын сандары әр түрлі (7-8; 10-12) болып келген жыраулық мақам жойылады.

Шалкиіз бізге толық жетпеген «Балпаң, балпаң басқан күн» деп аталатын толғауында өзара қырқыстың нәтижесінде Ноғай Ордасының бұрынғы күш-қуатынан айырылып, ыдырауға айналғандығын аза тұтады.

Балпаң, балпаң басқан күн,
Бай ұлынан асқан күн,



.....
Ормамбет би өлген күн,
Он сан ноғай бұлген күн,
Жез қарғылы құба арлан
Жетіп түлкі ала алмай
Қорашыл төбет болған күн,
Оң канатын теріс соғып,
Лашын құс қу ала алмай қалған күн,
Ораздының он ұлы
Ойын салып жүргенде,
Жиырлының жалғызы
Атқан оғын таба алмай,
Жер сабалап қалған күн!..

Осы өлең үлгісін, осы сарынды Махамбет өзінің Исатай өліміне арналған «Мұнар күн» деген өлеңінде пайдаланады.

Жалпы, Шалкиіздің кейінгі әдебиеттегі әсері өз алдына зерттеуге тұрарлық, қызғылықты, әрі күрделі тақырып. Біз бұл жерде тек жеке-леген ескертпелермен ғана шектелдік.

Шалкиіз шығармаларының көркемдік ерекшеліктері жайындағы кейбір пікірлерімізді жоғарыда, жолай баяндай отырдық. Бұл жерде жырау тілінің, оның сөз қолданысының тек өзіндік қана екендігін ескертпекпіз. Сонымен қатар Шалкиіз шығармалары архаизмдерінің көптігімен ерекшеленеді. Оның толғауларында ұшырасатын: жәзит (рұқсат), көкшілі (сұңқар), алдаспан (наркескен, өткір қылыш), күлік (жүйрік, тұлпар, сәйгүлік), асмар ету (қалдыру, тастау), сайғак (қабырдың басына шаншылған ағаш), жазы (дала, жазық), балаңқы (бала-шаға, осал, нашар), жімлә (бүкіл, барлық) сияқты көптеген сөздер қазіргі қазақ тілінде мүлде қолданылмайды. Жырау шығармаларында кездесетін кейбір тіркестер мен ұғымдардың мағынасы күңгірт немесе мүлде ұмытылған. Сонымен қатар тілімізден белгілі кейбір сөздер Шалкиіз қолдануында басқа формада айтылады. Мәселен: «Сөз боларсың күлемге» (күлкіге), «Иесі би Темірден соңыратын» (соң, кейін), «атайы ер» (аталы, текті ер), «Аңдып жүрген дұспаннан жүз сақын» (сақтан), т. т. Мұндай өзгешеліктердің болуы — жырау туындыларының көнелігіне байланысты.

Біз бұл бөлімде әдебиетіміздің тарихындағы алып тұлғаның бірі Тіленшіұлы Шалкиіз жыраудың творчестволық бейнесін сызып, оның біздің заманымызға жеткен шығармаларына бар қадарынша талдау жасауға тырыстық. Жеріне жеттік демеіміз. Шалкиізтану әлі жөргекте. Болашақта Шалкиізге қатысты көптеген жаңа деректер табылатын-

дығына сенеміз. Жауынгер жырау жайында талай еңбектер жазылуға тиіс. Өйткені қазақ әдебиетінің тарихы хақында салиқалы сөз айтылса — Шалкиізге соқпай кету мүмкін емес.

Сөз соңында жоғарыда айтылған барлық пікірімізді қорытамыз: Шалкиіз — қазақ әдебиетінің тарихындағы өзгеше құбылыс, феномен.


* * *

XVII ғасыр әдебиетінен қалған нұсқалар өткен дәуірлермен салыстырғанда біршама аз. Бұл кезде жасаған қазақ ақын-жырауларынан біздің заманымызға шығармалары жеткені — Жиёмбет, Марғасқа жыраулар. Бұл екеуінің де аты XVII ғасырдың алғашқы жартысында билік құрған хан Еңсегей бойлы ер Есіммен байланыстырылады.





ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ



THE
LIBRARY OF THE
MUSEUM OF NATURAL HISTORY
AND
GEOGRAPHY
OF THE
SMITHSONIAN INSTITUTION
WASHINGTON, D. C.

1880
1881
1882
1883
1884
1885
1886
1887
1888
1889
1890
1891
1892
1893
1894
1895
1896
1897
1898
1899
1900


Бортоғашұлы Жиёмбет жырау алшын руынан, көшпенділердің әскери аристократиясынан шыққан. Алшындар тек Қазақ хандығында ғана емес, басқа Орта Азия хандықтарында да мемлекеттің тірегі, әскери күші болғаны мәлім. Самарқанд Регистанындағы Шері-Дар медресесі мен Тіллә-кари мешітін салғызған атақты Жалаңтөс баһадүр да осы алшын руынан.

Жиёмбет — Есім ханның әскербасы батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы. Сонымен бірге Жиёмбет — ел аузынан алынған тарихи әңгімелерге және өз шығармаларындағы кейбір сөздерге қарағанда, заманының ірі феодалы, мемлекет істерінде үлкен рөл атқарып отырған қабырғалы би.

Жыраудың өмірбаяны, қай жылы туып, қай жылы өлгендігі жайында нақты деректер жоқ. Тек біздің заманымызға жеткен шығармаларындағы кейбір сәттерден, халық жадында сақталған әңгіме, жырлардан, ескі шежірелерден жырау жайында біраз мәлімет ала аламыз.

Жиёмбет — «Еңсегей бойлы ер Есім» жырының басты кейіпкерінің бірі. «Сол күнде үш жүздің баласында атақты төрт батыр болар еді. Ұлы жүзде Бөгжелі елінен Жабайұлы Жақсығұл деген мерген еді. Қоңыраттан Алтау деген батыр еді. Кіші жүз Алшын... Бортоғашұлы Жиёмбет деген еді. Үйсіннен Сүлеймен батыр...» Жырда Жиёмбеттің ерліктерін суреттеуге көп орын берілген.

Қазақстан Ғылым академиясының Орталық кітапханасының қолжазба қорында сақталған шежірелердің біразынан Жиёмбеттің атын ұшыратамыз. Солардың бірінде (№1115) Жиёмбет жайында мынадай мәлімет бар:



Тағы бір шежіреде Жиёмбет — Кіші жүздің ескіде өткен аузы дуалы биі делінеді.

Тананың ұраны — Жиёмбет. Атақты Сырым батыр да жауға шапқанда өз атасы Жиёмбеттің атын атап шапқан.

Әрине, шежіреге күмәндануға болады. Әсіресе, сөз арыға — қазақ халқының және қазақтың белгілі ру тайпаларының шығу тегін баяндауға барғанда. Бұл жерде шежіре аңызға айналып кетеді. Алайда бергі уақыт, беріде жасаған кейбір тарихи адамдардың ата-тегін баяндауға келгенде шежіре сенімді, нақты деректер береді. Мәселен, біз Абайдың әкесі, оның әкесі, оның әкесі, т.т. кім болғанын тек кәріқұлақ қарттар берген мәліметтерден ғана білеміз. Және бұл — бізде ешқандай күмән туғызбайды.

Жігітке ата білмек фарыз деген,
Мойыныңда жүрмесін қарыз деген, —

деп жазған еді бір кезде Нұржан ақын. Тіпті, қазіргі кездегі орта буындағы адамдардың ішінде өз ата-тегін тарата алмайтындар сирек ұшырасады. Бұл түсінікті де. Ол кезде «жеті атасын білмеген — жетімдіктің салдары» деп есептеледі. Моңғол-түріктердің тарихын жазған атақты Рашид ад-Дин былай дейді:

«Моңғол-түріктер өздерінің ата-тегі жайлы шежіреге айрықша мән береді. Олар бұл шежірені, тіпті, тілі жаңа шыққан жас балаларының да құлағына құйып қояды... Сондықтан өз руының шежіресін білмейтін, өзінің ата-тегін тарата алмайтын адамдар мүлде ұшырамайды... Бұл — естен кеткен ескі замандардан күні бүгінге дейін сақталып келе жатқан салт».

XIII ғасырда осылай болған. XIX ғасырда да солай болды. Орыс этнографы Н.А.Аристов мұндай шежірелердің қазақ арасында, тіпті жазба түрінде де кездесетіндігіне назар аударған-тын.

Кімнен кімнің туғаны бірнеше буынға дейін ұмытылмай сақталуы нәтижесінде алынған диаграммалардан кейде кейбір адамдардың үрім-бұтағы өсіп, рулы елге айналғандығы анық көрінеді.

Әрине, қазақ шежірелерін зерттеу — өз алдына бір мәселе, біздің мақсатымыз — кейбір шежірелерде Жиёмбет атының ұшырасуына селқос қарауға болмайтындығын ескерту ғана.

Есім ханның қабырғалы билерінің бірі болған Жиёмбет қарапайым көшпенділер қатарынан емес, қолынан билік кетпеген дала феодалдарының ұрпағынан екендігі аңғарылады. Халық аңыздарының және шежіренің айтуынша, Жиёмбеттің арғы атасы — Ноғайлыдан шыққан атақты Алау батыр; Алау — XVI ғасырдың алғашқы жартысында жасаған, тарихқа белгілі адам.

Рашид ад-Дин.

Сборник

летописей.

Т. I. Кн. 2. М.: Л.,

1952. С. 18, 29.

Жиёмбеттен қалған ең елеулі мұра — оның Есім ханға толғауы. Толғаудың туу себебі жайында айтылатын әңгімені келтірейік.

Қалмақ тайшыларының бірінен Есім ханға сыйға бір сұлу қыз жіберілген екен. Оған Жиёмбеттің інісі Жолымбет батыр қызығып, барар жеріне жеткізбей жолдан тартып әкетіпті. Хан алдына кесе көлденең тұрғаны үшін Жиёмбет әуелде інісіне қатты наразы болған екен, артынан тентектігін кешіріп, татуласыпты. Енді Есім хан ағайынды екеуіне де қысым көрсетуді ойлайды. Мұны білген Жиёмбет бір реті келген жерде ханға осы толғауды айтыпты.

Толғау 7-8 буынды жыр ағымы үлгісінде келеді. Көркемдік құралдарға онша бай емес, көбіне-көп қолданылатыны — теңеу.

«Қайратым қанша қайтса да», — деген сөздерге қарағанда шығарма жыраудың жасы ұлғайыңқырап қалғанда туғандығы көрінеді. Біздің алдымызда ештеңеден именбейтін, талай көксоқтаны көрген кәрі тарлан. Ол ханға тым батыл сөйлейді.

Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менім кеңесім!
Ес білгеннен, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін!

Есім қазақ тарихындағы ең жауынгер, ең әлуетті хандардың бірі еді. Ол жайындағы аңыз-әңгімелер, тіпті, көршілес халықтардың да жадында сақталған. Сондықтан Есімге мұндай сөздер айту әмірші алдында үлкен еңбегі, беделі бар адамның ғана қолынан келер іс екені өзінен-өзі түсінікті. Ел әңгімелеріне қарағанда, Жиёмбет — Есімді ақ киізге салып хан көтерушілердің бірі, оның барлық жеңісті жорықтарының қаһарманы. Әсіресе жыраудың батырлығы ерекше сөз болады.

Менім ер екемді көргенсің,
Әуелден бірге жүргенсің,
Дегенімді қылғансың,
Қайратымды білгенсің, —

дейді Жиёмбеттің өзі де. Қайраты қайда көрінгені, қандай ерліктер жасағаны жайында айтпайды, тек өзін мадақтаумен ғана шектеледі:

Менім ерлігімді сұрасаң,
Жолбарыс пенен аюдай,
Өрлігімді сұрасаң,
Жылқыдағы асау тайыңдай.



Зорлығымды сұрасаң,
Бекіре мен жайындай,
Періктігімді сұрасаң,
Қарағай мен қайыңдай.

Жыраудың теңеулерді өзін қоршаған реалдық ортадан алғандығы көрінеді. Жөнсіз шалқу жоқ. Сондықтан өте әсерлі шыққан.

Жиёмбеттің бата сөйлеп отырғанының тағы бір себебі — оның жалғыз еместігінде, артында күшті руы, белді батырлары тұрғандығында. «Мен өлсе құнсыз кетер деме сен», — дейді ол Есімге. Інісі Жолымбет батырға арнаған жырында: «Хан жалғыз да біз үшеу», — деп өздерінің көптігін, білектілігін айбар етеді. Сүйеніш тұтары — немере інісі Байбақты батыр. Байбақты — атакты Сырым батырдың алтыншы атасы, торғауыттарға қарсы соғыстың қаһарманы. Ел жадында сақталған әңгімелерге қарағанда Байбақты батыр Жем мен Жайық бойын қалмақтардан босатқан. Бұл — тарихи шындыққа сәйкес келеді. Оңтүстік-Шығыс Сібірден Батысқа ауған қалмақтар Ұлы Ноғай Ордасын талқандап, күш-қуаты кемеліне келіп тұрған кезде, 1635 жылы көктемде ханзада Жәңгір бастаған қазақ әскерлері Хо-Урлюк тайшының ұлысын шабады. Бет қарай алмаған Хо-Урлюк Жем бойындағы орнығып қалған қонысын тастап, Жайықтан ары өтіп кетеді. Осы оқиғадан соң Жем және Жайықтың сол жағалығы қайтадан қазақ руларының көші-қонына айналады.

Жиёмбет өмір сүрген дәуір — қазақтардың сыртқы жауларға қарсы қаһармандық күресінің дәуірі-тін. Бұл кездегі ең басты дұшпан Жоңғардан шыққан қалмақтар еді.

XVI ғасырдың аяқ кезінде қалмақтар Қазақ хандығына тәуелді болды. Інісі Ораз-Мұхамедтің тұтқындалуына байланысты Тәуекел ханның Мәскеуге жіберген елшілігі жайындағы материалдарда Тәуекел «қазақ пен қалмақтың ханы» аталған. Москваға келген қазақ елшісі Құл-Мұхамед Ораз-Мұхамедке: «Ағаң Тәуекел өзі қазақтарға хан болды да, інісі Шахмаметті қалмақтарды билеуге отырғызды; қазір екі орда қатар, аралас-құралас көшіп жүр», — дейді. Бұл жайдың қаншаға созылғанын біз білмейміз, — XVII ғасырдың екінші он жылдығында қайта күшейген қалмақтар өздерінің жортуылдарымен көршілерінің тынышын ала бастайды; қазақтар мен қалмақтардың арасындағы қақтығыстар күн санап көбейе береді.

Қазақтардың ойраттарға қарсы XVII ғасырдағы күресі — көбіне жеңісті, сәтті болып отырғанмен де, аса тынымсыз, елдің тынышын кетірген ауыр күрес еді. Осы кездегі оқиғалардың кейбірінің елесін Жиёмбеттің Есімге толғауынан да көреміз.

Казахско-русские
отношения
в XVI–VIII веках
/ Сборник
документов
и материалов.
Алма-Ата, 1961.
С. 3.

Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
 Соқыр бурыл байталға
 Сонда бір жайдақ мінгенсің...
 Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
 Қаланың қасы бүлгенде,
 Хандар қалаға қылаған,
 Сұлтандар суға сылаған,
 Қаз мойынды ханыша
 Қалада тұрып жылаған...

Есім хан тұсында қалмақтармен соғыс 1620, 1627, 1628, 1635 жылдары болған. Осының бәрінде де қазақтар жеңіске жетеді. Жоғарыдағы үзіндіден қалмақтардың аңдаусызда шапқаны және бұл жолы қазақтар үлкен бүліншілікке түскендігі көрінеді. Соған қарағанда, Жиёмбеттің еске алып отырғаны — қалмақтардың 1620 жылғы жорығы болуға тиіс. Бұл жолы қалмақ тайшылары қапыда соғу үшін Есімге бітім, тыныштық жайындағы ұсыныстармен елші жібереді де, кенет қазақ ауылдарына бас салады, көп жұртты қырғынға ұшыратады. Алайда қазақтар көп ұзамай есін жиып алады да, қалың әскер шығарып, қалмақтарды харап етеді. Жоғарыдағы сөздеріне қарағанда, Жиёмбет те осы оқиғаның куәсі болған және сол соғыста көзге түскенге ұқсайды.

Толғаудың тарихи екендігін аңғартатын тағы бір дерек — ондағы ханды кемсіте айтылған: «Тас қалаға жан сақтап», — деген сөздер. Есім хан заманында қазақ хандарының ордасы қалада — Түркістанда болғаны мәлім. Ал қалада тұру ол кездегі қазақтардың ұғымынша онша қызығарлық тұрмыс емес: көшпендінің стихиясы — самал жел ескен боз селеулі кең дала, бұл — ханға да, қараға да тән қасиет. «Біз — сахаралық көшпенділерміз. Бар байлығымыз — жылқыда. Оның терісі — киміміз, еті — тамағымыз, ал биенің сүтінен ашытылатын қымыз — шәрбатымыз... Біздің жерде бау-бақшалар да, сәнді сарайлар да жоқ», — деген екен Моғолстанның әмірі Сұлтан-Сейітке қазақтың ханы Қасым. Және соны мақтаныш тұтқан да сияқты.

Жиёмбеттің мемлекет ішіндегі, халық алдындағы беделі қаншама жоғары болғанымен, оның ханмен тартысының аяғы насырға шабады. Сірә, тартыстың түп төркіні Жолымбеттің тентектігінде ғана жатпаса керек. Шындығында, бұл — өзін жартылай болса да тәуелсіз күйде ұстағысы келген ірі феодал мен мемлекет басында отырған, ел бірлігіне ұмтылған әміршінің арасындағы күрес еді. Халық жадында қалған аңыздардың айтуынша, тартыс Жиёмбеттің жеңілісімен тынады. Жыраудың өз өмірін қуғында, астана Түркістаннан аулақ, шалғай жерде аяқтағандығы аңғарылады.

Богоявленский С. К.
 Материалы
 по истории калмыков
 в первой половине
 XVII века / Истори-
 ческие записки. V.
 1939. С. 60—72.





МАРҒАСҚА ЖЫРАУ

Бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құруға тырысқан Есім ханның өз мақсатын орындау жолында жеке ұлыс-тайпалардың хандары мен ірі феодалдарының қарсылығын тойтарып отыруына, кейде қантөгіске баруына да тура келді. Есімнің жолына кесе-көлденең тұрғандардың бірі — қатаған, шанышқылы руларының ханы, Ташкентті билеуші Тұрсын еді. Тәуелсіз әмірші болғысы келген Тұрсын Есімнің қалмақтарға қарсы жорыққа кетуін пайдаланып қазақ ауылдарын шабады. Көп жұртты харап қылады. Бұл оқиға халық санасында үлкен із қалдырған. «Еңсегей бойлы ер Есім» жыры Тұрсын ханның ел шабуы жайында былай дейді:

Қырғын салды қазаққа,
Самалын құдай оңдады.
Кезіккендер қырылып,
Алды-артына андады.
Қара жерді қандады,
Буаз қатын кез келсе,
Ішін тіліп жайлады.
Бас қамында анасы,
Шырылдап жылап баласы,
Бесіктер қалды жол-жолда,
Найзамен түйреп жамғарды.
Өлікпенен бөгеді
Қыр мен адыр, сайларды.
Ошаң етер адам жоқ,
Сансыз көрді пайданы.

Бұл — ағасына інісі пышақ ұрған соғыс еді. Көп ұзамай-ақ кезек қатағандарға келеді. Ызақор, дұшпанына мейірімсіз Есім жорықтан орала салысымен Ташкентті шауып алып, қатағандарды қырғынға ұшыратады, Тұрсын ханның өзін өлтіреді. Бұл оқиға, Абылғазы бахадұр ханның айтуынша, 1627 жылы болған.

Есім ханның батырларының бірі, әрі жорықшы жырауы Марғасқаның біздің заманымызға жеткен бір өлеңі осы оқиғаға байланысты




туған. Ел әңгімелерінің айтуынша, Есім хан тұтқиылдан шауып Ташкентті бір-ақ түнде алған екен. Есім ханның жауынгерлері Тұрсын хан жатқан сарайды қорушы күзетшілерді у-шусыз жайғастырып тастайды. Енді ішке кірмек болғанда Есімнің қасындағы әрі батыр, әрі жырау Марғасқа: «Тақсыр, сіз тұра тұрыңыз, мен барайын», — деп сарайға енеді. Тұрсын бейқам, ұйқыда жатыр екен. Марғасқа қарусыз ханды байлатып алады.


Бұл әңгіме Мұхамед-Жәдігердің көтерілісін басу кезіндегі Әлішер Науаидың атқарған рөлін еске түсіреді. Шахрухтың шөбересі Мұхамед-Жәдігер 1470 жылы шілдеде Әлішердің әміршісі, әрі досы Сұлтан-Хүсейінді ғираттан ығыстырып, таққа ие болады. Алайда көп ұзамай-ақ, августа Сұлтан-Хүсейін өзінің жақтастарымен кенеттен шабуыл жасап, ғиратты қайта қолға түсіреді. Хондемирдің айтуынша, Сұлтан-Хүсейін таң қылаң бере әлі ештеңеден бейхабар Мұхамед-Жәдігердің сарайын қамап алады. Алайда тосқауылдан сескеніп, шабуыл жасауға ешкімнің де батылы бармайды. Сонда Әлішер әміршісінен рұқсат алып, қолына жалаң қылыш ұстаған күйі соңына ерген екі адамымен бірге сарайға кіреді. Ойында ешқандай қауіп жоқ Мұхамед-Жәдігер қатты ұйқыда жатыр екен. Науаи оны табан аузында байлатады да, Сұлтан-Хүсейінге әкеп тапсырады. Сол жерде-ақ Мұхамед-Жәдігердің басы алынады.

Байлатардан бұрын ханның кеңірдегіне жалаң қылышты төсеп тұрып оятып алып, Марғасқа былай дейді:

Ей, қатағанның хан Тұрсын,
Кім арамды ант ұрсын!
Жазықсыз елді еңіретіп,
Жер тәңірісіп жатырсың.
Хан емессің, қасқырсың,
Қара албасты басқырсың!
Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың!
Еңсегей бойлы ер Есім
Есігіңде келіп тұр:
Алғалы тұр жаныңды,
Шашқалы тұр қаныңды!

Бұл жырдан Марғасқаның от тілді, өжет, аса талантты ақын екендігі аңғарылады. Өлең Марғасқаның халық әңгімелерінде айтылатындай шынында да жауынгер, жорықшы жырау болғанын көрсетеді.





КАРАТАУДЫҢ
БАСЫНАН КӨШ КЕЛЕДІ...

Халық өлеңінен

ЕКІНШІ ТАРАУ



XVIII ғасыр қазақ тарихындағы бетбұрыс кезең болды. Жаңа ықылым қазақ халқына кәр төге келді. Бұл жайында Шоқан: «Әрқайсысы әр тараптан жортуыл жасаған жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары және башқұрттар қазақ ұлыстарының ұйпа-тұйпасын шығарды, малын айдап, жанын байлап әкете берді. Алланың көктен келген кәріндей қақаған қыс, жұт, ашаршылық олардың халін тіпті ауырлата түсті», — деп жазған еді.

Ескіден итжығыспен келе жатқан ежелгі жау қалмақтар 1723 жылы тұтқиылдан шауып, қазақтарды қырғынға ұшыратады; қазақ халқы өзінің ескі мәдениет ошақтары — оңтүстіктегі қалалардан айырылады, ата-қонысынан босып, халық санасында терең із қалдырған ақтабан шұбырындыға ұшырайды. Бірақ осы үлкен жеңілістен соң көп ұзамай-ақ ес жиған қазақтар біріккен күшпен 1728, 1730 жылдары Жоңғар басқыншыларына ауыр соққылар беріп, жау қолында қалған жерлердің біразын босатады. Алайда ойраттарды біржола талқандауға қазақ хандары мен сұлтандарының арасындағы алауыздық бөгет жасайды.

Осы сын кезеңде 1731 жылы Кіші жүз, 1740 жылы Орта жүз, 1742 жылы Ұлы жүздің бір бөлігі Россияға бодан болады. Әйткенмен, бұл кезде қазақ хандары жердің шалғайлығына байланысты ақ патшаға номинальді түрде ғана тәуелді болды. Және орыс үкіметінің қол астына қарайтындығы туралы ант берген рубасылардың көбі тек өз мүдделерін ғана көздеген еді. Бұл ретте академик Н.И.Веселовскийдің: «Көшпенділер мен біздің бодандық жайлы түсінігіміз мүлде сәйкеспейді: олар, әдетте, бодандықты айтарлықтай ештеңеге міндеттемейтін тиімді шарт деп қана есептейді», — деген сөздерінің жөні бар. Мұның дәлелі ретінде Абылайдың Қытай империясымен арақатынасын айтуға болады. Сондықтан айтылмыш актілер шын мәнісінде қосылу емес, бодандықтың басы ғана еді.

Осы дәуір әдебиетіндегі сырт жауларға қарсы күрес, ерлік сарыны Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей жыраулардың творчествосынан, ал қазақ даласында болған кейбір өзгерістер, негізінен, Бұқар жырау творчествосынан өз көріністерін тапты.

Посольство к Зюнгарскому хун-тайчжи Цэван Рабтану капитана от артиллерии Ивана Унковского и путевой журнал его за 1722—1724 годы. СПб. 1887. С. IV.





АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ

«Тауарих хамсаның» айтуынша, Ақтамберді — ойраттармен күрес дәуірінде қазақ қолының басында жүрген аруақты ерлердің бірі. Ол — атақты Қара Керей Қабанбаймен бірге найманның рубасы көсемі, әскербасы батыры. Сонымен қатар Ақтамберді жортуыл жыршысы, әлуетті жырау да болған.

Ақтамбердінің өмірі жайындағы кейбір деректерді, оның көптеген өлеңдерін біз жыраудың Семей облысы Аягөз ауданында тұратын ұрпақтары: Сәрсенбек Нұрпейісов, Сейсен Сепбосынов, Кенжехан Боқасовтардан және Шұбартау ауданында тұратын Сердәлі Алыбаевтан жазып алдық.

Жыраудың туған, өлген жылдарын дәлді анықтау үшін жанама мәліметтерге сүйенуге тура келеді. Ақтамбердінің жетінші буындағы ұрпағы Сәрсенбек Нұрпейісов ақсақал (1889 ж. туған) менің бабам Шақантай ақ патша қазақтан солдат алатын жылы 106 жасында офат тапты дейді. Шақантай өзінің үлкен әкесі Арықты көріпті: ол кісі Шақантайдың 7 жасында 92-ге келіп өлген екен. Арық – Ақтамбердінің кіші әйелі башқұрт қызы Күмістен (жыраудың бәйбішесінің аты Базар екен) әкесінің 50 жасында туған көрінеді. Сонда Ақтамберді 1675 жылы дүниеге келген болып шығады. Соңғы кезде мағлұм болған нақты тарихи деректер Ақтамберді жыраудың туған, өлген жылдары әуелгі, ауызекі әңгіме арқылы белгіленген межеден жиырма жыл кейін — 1695—1788 жылдар деп шамалауға мүмкіндік береді.

Ақтамберді — әкесі Сары мен шешесі Сыр-бикеден жалғыз туады. Сары — Найман Сыбан ішіндегі орташа ғана дәулеті бар, қақсоқта жұмысы жоқ момын адам екен. Сондықтан да ол өз малын өз қызығына жұмсай алмай, ағайын-туғаннан зорлық-зомбылықты көп көреді. Бұл күн сүйеніші, жанашыры жоқ жас бала Ақтамбердінің де басына түседі. Алайда жүрегінде оты бар болашақ жырау жасымайды, өзіне, ата-анасына теперіш көрсетушілерден именбей, реті келген жерінде көңілдегі сөзін айтып салатын болады. Жырау өзінің алғашқы туындыларын осы шамада, 10-11 жасында шығара бастапты. Ақтамбердінің бұл кездегі өлеңдері мұң, зар, жалғыздыққа налу түрінде келеді.

Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар,



Жағалтайдың жағасы
Жасыл да байтақ ну болар.
Атадан алтау туғанның
Жүрегінің бастары
Алтын менен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның
Жүрегінің бастары
Сары да жалқын су болар,
Жалғыздық, сені қайтейін!

Бала, сонымен қатар ертең-ақ «жасы он беске жетіп, кеңеске кірер» күн туатынын, болашақтан үміті зор екендігін жырға қосады. Міне, осы өлеңдерді құлағы шалып қалған каражүрек ағайындарының бірі Жангөбек Ботағара деген Ақтамбердіні қамшының астына алады, тіпті найзаның ұшына ілмек болады. Алайда жазықсыз жас балаға аталас туысы Бердіке батыр ара түседі. Сол күннен бастап бұғанасы қатқанға дейін болашақ жырау осы Бердікені паналайды.

Ақтамбердінің ақындық даңқымен балуандық, батырлық даңқы қатар шығады. Алайда ол күні кеше ғана өзіне теперіш көрсеткен ағайындарына қарсы күш жұмсауды нәмарттық деп біліп, бүкіл ел мүддесін ойлай бастайды, ру, ата намысын емес, исі қазақтың намысын қуады.

Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке,
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке,
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп, құдай, тілекке!

Бұл — Орта Азия хандықтарымен, қалмақтармен үздіксіз соғыстар дәуірі еді. Ақтамберді қанды ұрыстардың талайына қатысады, өзінің ерлігімен, ұйымдастырғыштық, қолбасшылық қабілетімен көзге түседі. Батырдың басынан бақ тайып, сәтсіздіктерге ұшыраған кездері де болады. Мәселен, бірде ол түрікпендерге тұтқынға түсіп, ажал пышағы кеңірдегіне төніп тұрған соңғы сәтте ғана ретін тауып қашып құтылады (Жыраудың осы жолы, аяқ-қолына кісен салулы отырғанда өзінің басына төлем әкелу үшін тұтқыннан босатылған жолдастарының бірінен сәлем ретінде айтқан «Бізді әкетті Марыға» деп басталатын ұзақ өлеңінің алғашқы жолдары сақталған).

Ақтамберді тұлпар мініп, атаққа шыға бастаған кезде ел тізгінін ұстап отырған Әз-Тәуке хан дүниеден қайтады. Тәукенің көзі жұмы-

лысымен-ақ қазақ сұлтандарының арасындағы ежелгі бақастық ашық жаулыққа айналады, үш жүздің жігі ыдырайды. Міне, осы сәтте бұдан гөрі күдіреттірек кезінде де ел шетіне ене алмаған жоңғарлықтар қазақтарды аяусыз соққының астына алады. Ауыр күрес жылдары басталады. Ақтамбердінің осы кездегі тарихи оқиғалардың бел ортасында жүргенін көреміз...

Ақындық даңқы жас кезінде-ақ шыққанына қарамастан, Ақтамберді тіршілігінде бел шешіп өнер жолын қумаған тәрізді. Әйткенмен де, оның өз артына елеулі мұра қалдырғандығы, жырау поэзиясы тақырып жағынан да, мазмұн жағынан да бай болғандығы аңғарылады.

Ақтамберді өзінен бұрынғы Доспамбет, Шалкиіз дәстүрін алға апарушы еді. Жырау туындылары, негізінен, көне қазақ поэзиясы үлгісіндегі:

Түйе мойнын тұз кесер,
Жігіт мойнын қыз кесер,
Сартылдаған сары аяз,
Жылқының мойнын мұз кесер.
Бұлан да бұлан, бұлан сан,
Бұланның санын оқ тесер,
Бұлаңдап жүрген жігіттің
Жомарт қолын жоқ кесер! —

деген сияқты нақыл, афористік толғаныстар түрінде келеді.

Ақтамберді жырлары көшпенді қазақтардың ой-арманынан, мақсат-мүддесінен елес береді, сахара тұрғындарының өмір, тұрмыс жайлы түсінігін бейнелейді. Жыраудың кейбір толғауларынан халқымыздың мінез-құлық ерекшеліктері, болмысқа өзіндік көзқарасы айқын аңғарылады.

Мәселен, жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ толғауын алайық. Қазақтар өзінің қонақжайлығымен, меймандостығымен ежелден-ақ мәшһүр. Халқымыздың бұл қасиетіне өткен ғасырларда қазақ топырағын басқан еуропалықтардың қай-қайсысы болмасын ерекше назар аударып, өздерінің шын көңілден шыққан ризашылықтарын білдіргені мәлім. Қазақтардың осы ұлттық қасиеті — қонақжайлық, меймандостық толғаудың лирикалық кейіпкері жас жігіттің арманында ең өзекті орындардың бірін алады.

Өзім бір бөлек жайласам,
Жігіттен нөкер сайласам,



Ойпаң жерге он отау,
Қыраң жерге қырық шатыр тігіп,
Қонағымды жайғасам!
Пышақтан малым кетпесе,
Қазаным оттан түспесе,
Ауылдан топыр үзілмей,
Ошақтың оты өшпесе!
Май жемесе қонағым,
Қан жемесе барағым,
Он кісіге жараса,
Бір кісіге арнап тартқан табағым!
Халыққа атым білініп,
Шүлеңгір мырза атанар ма екеміз?

Жомарт болған, шүлен болған жақсы-ақ, бірақ бұл — кез келген кара сирақ кедейдің қолынан келе бермейді. «Ойпаң жерге он отау, қыраң жерге қырық шатыр тігіп» сансыз қонақты атқару үшін, «ауылдан топыр үзілмей», күніне он-ондап мал сойылып, қазан астынан от кетпеуі үшін мыңғырған бай болу керек. Қазақ үшін байлық — малда. Малдың еті, сүті — тамақ та, жүні, терісі — киім; мал қазаққа көшсе — көлігі, мінсе — жүйрігі, яғни малсыз тірлік жоқ. Сондықтан да ескі патриархалдық-феодалдық қазақ қоғамында қай көшпендінің болмасын арманының асқарларының бірі — мал. Міне, бұл жай да толғау кейіпкерінің назарынан тыс қалмайды. Ол «алғайдың құба жонына сыймас» ақтылы қой, «көлге түссе көз жетпес» көк алалы көп жылқы, боздаған даусы «жаралы кудаі ыңырантып, жарылған мұздай күңіrentіп» күй боп төгілетін сансыз түйе жайлы армандайды, төрт құбыласы тең басқанын қалайды.

Мал... Көшпенділер үшін өмірдің қуанышы, тіршілік көзі болған осы бір тақырыпқа Ақтамберді өз толғауларында қайта-қайта оралып соға береді.

Қазақтар үшін мал асылы — жылқы екені мәлім. Ешбір халықтың әдебиетінде жылқы дәл біздің әдебиетіміздегідей дәріптелмейтін шығар. Әйткенмен де, мал атаулының, оның ішінде жылқының көшпенділер өміріндегі алатын орны жайлы Ақтамбердідей толғаған қазақ ақыны жоқ.

Арудан асқан жар бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма,
Биенің сүті — сары бал,
Қымыздан асқан дәм бар ма!

Желіде құлын жусаса,
Кермеде тұлпар бусанса,
Сәні келер ұйқының,
Жылқы қолдан тайған соң,
Қызығы кетер күлкінің.
Қыздың көркі құлпыда,
Жігіттің көркі жылқыда!

Жыраудың жылқы малын ерекше көтермелеуінің тағы бір мәні бар. Қолбасы батыр болған Ақтамберді сәйгүлік тұлпарды ер жігіттің жан серігі, ең жақын досы деп есептейді. Сондықтан да ол:

От басар орны отаудай,
Қабырғасы халық орнаған жонсаудай,
Ор қояндай қабақты,
Қиған қамыс құлақты,
Сары мысықтай азулы,
Саптаяқтай ерінді,
Қидасын кәрі жілікті,
Омырау еті есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Табаны жалпақ тарланды —

мадақ етіп, жырға қосады.

Ақтамберді қазақ тарихындағы ең қиын кезеңдердің бірінде өмір сүрді. Ол ауыр жеңілістерді, дұшпанға бет қарай алмай дүркірей қашқан босқыншылықты өз көзімен көрді. Бірақ атақты батыр, ел тірегі, Орта жүздің көсемдерінің бірі қажырлы жыраудың еңсесін қайғы баспайды. Ол ойраттарға қарсы күресті ұйымдастырушылардың алдыңғы сапында жүреді, елге ұйытқы болады. Басынан таяқ өтіп, қаннан қаймыққан, бет-бетімен бас сауғалап кетуге айналған жұртқа жанқияр ісімен де, жалынды жырымен де дем береді. Ақтамберді творчествосындағы ең басты сарын — ерлікке, батырлыққа шақыру, дұшпаннан именбеуге, тайсалмай шабуға жігерлендіру десек, қателеспеспіз.

Балпаң, балпаң кім баспас,
Басарға балтыр шыдамас,
Батырмын деп кім айтпас,
Барарға жүрек шыдамас.



Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас,
Уа, жігіттер, жандарың
Жаудан аяй көрмеңіз,
Ғазырейіл тура келмей жан алмас!

Қалмақтардан жеңіліс, атамекен — шығыс облыстар мен Жетісудан айрылу, көптеген рулардың жау табаны астында қалуы бүкіл қазақ халқының қабырғасына қатты батқан еді. Жұрт дұшпанның бетін қайтарып, жау қолында қалған ескі қонысты азат етер күн тууын аңсады. Өз заманының талабын, өз ортасының тілек-мүддесін білдірген Ақтамберді исі қазақ болып атқа конуды, дұшпанға соққы беруді армандайды.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екеміз,
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке тон киер ме екеміз,
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екеміз!
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Жау қашырар ма екеміз!

Жырау өз арманына жетеді: сақал-шашын ақ қырау басып, қартайған шағында ол талай жеңістердің куәсі болады, туған жердің бір бөлегі иесін қайта тапқан күнді де көзімен көреді. Жау қолынан азат етілген шығыс облыстарға қазақ рулары қайтара қоныс аударған кезде атамекенді жатырқап қалған жұртты орнықтыру жолында қарт батырдың белсенді қызмет атқарғандығы аңғарылады. Ол, тіпті өз қол астындағы елді отырықшыландырмақ болып, егін де салғызады. Шығыс, Аягөз, Қарақол өңірінен Ақтамберді қаздырыпты дейтін тоғандардың жер болып кеткен орындарын әлі де көруге болады.

Ақтамберді тоқсан үш жасында дүние салыпты. Туған жердің топырағын мәңгі жастанар алдында айтқан толғауында жырау өзінің өмірлік мақсаты тегіс орындалғандығына ризашылығын білдіре келіп, «батырларша оққа ұшпай, төсекте жатып тек өлгендігін» арман етеді.

Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар кепиет,

Жалтара шапсаң жау қашпас,
Жауды аяған бет таппас,
Уа, жігіттер, жандарың
Жаудан аяй көрмеңіз,
Ғазырейіл тура келмей жан алмас!

Қалмақтардан жеңіліс, атамекен — шығыс облыстар мен Жетісудан айрылу, көптеген рулардың жау табаны астында қалуы бүкіл қазақ халқының қабырғасына қатты батқан еді. Жұрт дұшпанның бетін қайтарып, жау қолында қалған ескі қонысты азат етер күн тууын аңсады. Өз заманының талабын, өз ортасының тілек-мүддесін білдірген Ақтамберді исі қазақ болып атқа қонуды, дұшпанға соққы беруді армандайды.

Күлдір-күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екеміз,
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке тон киер ме екеміз,
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екеміз!
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Жау қашырар ма екеміз!

Жырау өз арманына жетеді: сақал-шашын ақ қырау басып, қартайған шағында ол талай жеңістердің куәсі болады, туған жердің бір бөлегі иесін қайта тапқан күнді де көзімен көреді. Жау қолынан азат етілген шығыс облыстарға қазақ рулары қайтара қоныс аударған кезде атамекенді жатырқап қалған жұртты орнықтыру жолында қарт батырдың белсенді қызмет атқарғандығы аңғарылады. Ол, тіпті өз қол астындағы елді отырықшыландырмақ болып, егін де салғызады. Шыңғыс, Аягөз, Қарақол өңірінен Ақтамберді қаздырыпты дейтін тоғандардың жер болып кеткен орындарын әлі де көруге болады.

Ақтамберді тоқсан үш жасында дүние салыпты. Туған жердің топырағын мәңгі жастанар алдында айтқан толғауында жырау өзінің өмірлік мақсаты тегіс орындалғандығына ризашылығын білдіре келіп, «батырларша оққа ұшпай, төсекте жатып тек өлгендігін» арман етеді.

Балаларыма өсиет:
Қылмаңыздар кепиет,

Бірлігіңнен айырылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке,
Араз болсаң алты ауыз,
Еліңе кірген әреке.
Талпынып салдым егінді,
Ішсін деп әркім тегінді,
Ақылың барың ұғарсың,
Ойың болса сезімді.
Тоқсанға жас келген соң,
Өлім жақын көрінді.
Бар арманым, айтайын,
Батырларша жорықта
Өлмедім оқтан, қайтейін!..
Ел аман болсын ылайым,
Тілегім берді бәрін де,
Разымын, құдайым!

Ақтамбердінің мазары қазіргі Семей облысы Абай ауданының шегіндегі Шет өзенінің шығысында, Құндызды Қос өңіріндегі Жүрек Жота деген төбенің басында тұр.





ТӘТІҚАРА АҚЫН

XVIII ғасырда жасаған қазақ ақын-жырауларының ішіндегі ең мәшһүрлерінің бірі — Тәтіқара. Халық әдебиеті қазыналарын жазбай танитын Шоқан кезінде Тәтіқара жырларына назар аударып, оның бір өлеңінің жолма-жол тәржімасын да жасаған болатын.

XVIII ғасыр әдебиеті жайында сөз болса Тәтіқараның аты аталмай қалмайды. Жұртшылық санасындағы Тәтіқара — қазақ халқының тарихындағы қиын кезеңдердің біріндегі сырт жауларға қарсы күрестің ұраншысы, өз отандастарын басқыншылармен қайтпай ұрысуға шақырушы жауынгер ақын, жортуыл кернейшісі.

Алайда Тәтіқараның қолда бар шығармалары ақынның дабыралы атын ақтай алмайды: олардың көлемі тым аз, көркемдік дәрежесі де айтарлықтай жоғары өреде емес.

Тәтіқараның сүйегі — Сарыкөл маңындағы уақтан, уақ ішінде Қалмақ деген атадан. Ақынның туып-өскен жері — қазіргі Қостанай облысының Урицкий ауданының территориясы. Алайда ақынның саналы өмірі түгелдей дерлік Абылай ханның төңірегінде өткен сияқты. Ел аузындағы сөздерге қарағанда, Абылай хан жаугершілікке аттанғанда Тәтіқараны қасынан тастамайды екен. Оның суырып салма ақындығын, турашылдығын, сонымен қатар жаудан қайтпайтын батырлығын қатты бағалайды екен.

Әрине, кез келген ақын жортуыл жыршысы бола алмайды. Аумалы-төкпелі заманда жорықтағы жауынгерлер арасында жүрген ақынның басы жау найзасына шаншылып кетуі де мүмкін. Сол себепті бұл ретте ақындық қана емес, жүрек те керек. Ақын қаруы көбіне өзге жұртпен бірдей — шашақты найза; домбыра — жаугершілік арасындағы тыныштық сәттерде, әскер қонаға не дамылға тоқтай қалған кездерде ғана қолға алынады; ал кейде қарбалас сәттің өзінде-ақ, жауынгерлер қатары бұзылып, еңсесі түскенде олардың рухын көтеру үшін, жігерлендіру үшін ақынның дауыс көтеруі қажет болып қалады. Тәтіқараның бізге жеткен шығармалары осындай реттерде айтылған.

Бірде Абылай ханның жортуылда жолы болмапты. Өкшелеген жаудан құтылуға айналғанда алдыдан өткел бермес тасыған өзен кездеседі. Жұрт ұйлығып қалыпты. Бәріне де харап болу қаупі төнеді. Сонда Тәтіқара суырылып шығып, батырлардың ерлігін айтып жырлай жөнелгенде, олар ақынның соңынан тасып жатқан өзенге түсе бастапты. Бұлардың артынан қалың қол да еріп, судан аман өтіпті.



Тәтіқараның Шоқан тәржімалаған жыры да осындай жағдайда айтылған. Абылай бастаған қазақтар саны көп, күші басым қытай әскерлерімен табан тіреп ұрыса алмай, шегінуге мәжбүр болады. Жауынгерлердің еңсесі түсіп кеткенін көрген Тәтіқара бір жағы күйінішпен, бір жағынан жұрттың рухын көтеру үшін табан астында суырып салып, жырлап қоя береді.

Шоқан аудармасын толық келтірейік: «Бежавшие китаицы снова начали движение, натянулась тетива из куланьего хребта. Крепко-реберный и широкожелудочный Аблай, перенеси это одно дельце. У врага-китаица клячи, как кобчики, изловчались; нет, хан Аблай не бежал, нехорошее слово «бежал», — он двигался, только косо. Басентинец Серымбет, стрелы бросая, бился. Не ищи ума при бегстве. Нет хладнокровия при торопливости. Баян уаковцев, да, мы и это видели! Когда он поворачиваясь назад, копьем работал».

Осының қарсаңында ғана ойрат империясын оп-оңай бағындырып алған қытайлар 1756 жылы қазақ жеріне енеді. Абылай екі рет ұрысып, екеуінде де шегінуге мәжбүр болады.

Яғни Тәтіқара шығармасы 1756 жылы туған. Бұл — ақынның өмір сүрген уақытын дәлірек білуде үлкен мәні бар дерек.

Айтылмыш жырдың түпнұсқасы біздің заманымызға жекелеген үзінділер түрінде жеткен.

Кебеже қарын, кең құрсак,
Артық туған Абылай,
Көтере көр бұл істі:
Көп қытайдың жылқысы
Тұрымтайдай құнысты,
Жау жағадан алғанда,
Ит етектен алғанда,
Ер Абылай қорыққан жоқ,
Әшейін еңкейе бере жылысты.
Бәсентиін Олжабай
Оны да мен ер көрдім,
Оқ жіберіп ұрысты.

Жырдың тағы бір үзiгiн Мәшһүр-Жүсіп қолжазбаларының арасынан ұшыратамыз. Онда өлеңнің кімдікі екені айтылмаған.

Ақыл қалмас қашқанда,
Дегбір қалмас сасқанда,
Баяндай ерді көрмессің,
Бұрылып жауды шанышқанда.

Тәтіқара «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген көне мақалдың жөнімен реті келгенде тартынбайтын, әділдікті көзіне айтқан турашыл, бетті ақын болған. Бұған мысал ретінде ел аузында қалған мына бір әңгімені келтірейік.

Қалмаққа жорыққа аттанған батырларға еріп Абылайдың тұңғыш ұлы бала жігіт Жанбай да кеткен екен, сол сапарда қаза тауыпты. Баласының өлімі жанына батқан хан бас көтермей жатып алады.

Жаугершілік заманда өлім, қаза — әдепкі құбылыс. Ол таңдап, талғап алмайды, жалпыға бірдей. Сол жорықта жалғыз Абылайдың ұлы ғана өлген жоқ, талай жас қыршынынан қиылды, сол себепті ел билеп отырған әмірші тек өз қара басының ғана қайғы-зарын шегуі — кейбір шонжарлардың да, жұрттың да қытығына тиеді. Сол көптің атынан Тәтіқара сөйлейді. Абылайдың кеше ғана «Түркістаннан келген ұл» екендігін, оны осы жұрттың өзі хан көтергендігін айта келіп ақын:

Үш жүздің баласы
Ақылдасып, жолдасып,
Хан көтеріп еді, —
Үш жүздің баласын
Бір баласындай көрмеді,
Ат құйрығын сүзіңдер,
Аллалап атқа мініңдер,
Хан талау қылып алыңдар, —

дейді.

Мұндағы бір назар аударарлық жай — үнемі хан қасында болған Тәтіқараның бұл жолы оған қарсы топты жақтауы. Әрине, жоғарыдағы сөздерді айтқызған ақынның батылдығы ғана емес, — артында «тәңірісі» тұр. Алайда осының өзі-ақ Тәтіқараның үнемі тура басуға тырысып отырған адам екендігінің айғағы іспеттес.

Тәтіқараға қатысты бізге белгілі мәліметтер осындай. Әрине, импровизатор ақын туғызған жырлардың дені сақталмаған. Бұл — жалғыз Тәтіқараның емес, қазақтың өткендегі талай талантты ақынының трагедиясы.

Тәтіқараның біздің дәуірімізге жеткен шығармалары, жоғарыда да айттық, оның үлкен сөз зергері болғандығын көрсетпейді. Бұл тұрғыдан алғанда Тәтіқара — қарабайыр көп ақынның бірі. Алайда Тәтіқара шығармалары өзінің қарбалас шақтарда, от-жалында туғандығымен, тәуелсіздік жолындағы күрестің қиын кезеңінде жұрттың рухын көтерген, елге жігер берген ұран іспеттес болғандығымен құнды. Бұл тұрғыдан алғанда Тәтіқара жырлары, — жоғалғандары да, біздің заманымызға жеткендері де, — өз міндетін атқарды деп айта аламыз.





ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ



Қандай да болмасын ақынды, иә жазушыны зерттеу, тану үшін ең алдымен... оның атын білу керек. Ақынның небәрі бес-алты әріптен құралған есімін дұрыстап оқи алмай тұрып, оның творчествосы төңірегінде пікір қозғауға талпынсақ қайдан барып шықпақпыз? Біз өткен тарауда Шалкиіздің ғайыптан «Шәлгезге» айналып кеткені жайлы айтқан едік. Бұл — қазақ әдебиетінің тарихындағы жалқы оқиға емес. Шалкиізбен салыстырғанда күні кеше ғана өткен Үмбетей жырау да өзінің ұлы ұстазының кебін құшыпты: кейбір зерттеушілердің еркімен оның есімі Үмітайға айналдырылды. Үмітай — әйел аты екенін еске алсақ, бұл «түзетудің» сорақылығы тіпті айқындала түседі. Үмбетейдің Үмітайға (кейбіреулер тіпті Үмітей деп жазады) қалай айналып кеткенін түсіндіру қиын: бізге белгілі мәліметтердің бәрінде де — жыраудың Бөгембай өлімін Абылайға естірту жырының үзіндісі басылған «Таң» журналында да, Әдебиет институтының қолжазба қорындағы шығармаларында да Үмбетей деп жазылған, орыстар айтпақшы, черным по белому...

Үмбетей мен Бұқар жырау екеуі жақын дос болыпты. Үмбетей Бұқарды қадір тұтып қатты сыйлайды екен.

Ел әңгімесі былай дейді: Үмбетей Бұқарды әлденеше рет қонақ етіп, өзінің ықыласын білдірген екен, ақыры кезек Бұқарға да жетіпті. Алайда Бұқарекеннің зайыбы қараулау адам болса керек. Үмбетей барғанда оң қабақ таныта қоймайды. Тіпті ауырған болып жатып қалады. Мұны аңғарған Үмбетей аялдамапты. Үйден шығып бара жатқанда Бұқарға қаратып айтқан сөзі:

Үй сыртында ақра тау,
Панасы жоқ болса,
Бұл шіркіннің несі тау.
Кетеген болса түйең жау,
Тебеген болса биен жау,
Ұрысқақ болса ұлың жау,
Керіскек болса келінің жау.
Үйіңдегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең,
Қойныңдағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең.



Қай сорлының қатыны
Күндіз ауру, түнде сау.

Осы қысқа өлеңнен-ақ Үмбетей творчествосының сыр-сыпаты жайында біршама мағлұмат алуға болады.

Жыраудың философиялық-дидактикалық сарындағы толғау жырлары сақталмаған. Біздің түсінігіміздегі Үмбетей бейнесі Бөгембай батырдың есімімен байланысты. Жыраудың даңқын шығарған да осы туындылары.

Үмбетейдің Бөгембайға қатысты екі ұзақ жыры бар: мұның біріншісі — Бөгембайды жоқтау да, екіншісі — Бөгембай өлімін Абылай ханға естірту.

Қанжығалы Бөгембай батырдың аты кімге болмасын жақсы таныс. Ол — жоңғарға қарсы күрестің қаһарманы, әлуетті батыр, атақты қолбасы, еліне еткен қызметі арқасында жұрт сүйіктісіне айналған қазақ халқының ардагер ұлдарының бірі.

Үмбетей даңқты әкесі «Алатаудай Ақша батырдан асып болат туған» Бөгембайдың өшпес бейнесін жасады.

Баян Аула, Қызыл тау,
Абыралы, Шыңғыс тау,
Қозы-Маңырақ, Қой-Маңырақ,
Арасы толған көп қалмақ,
Қалмақты қуып қашырдың,
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың,
Ақ Шәуліге қос тігіп,
Ауыр қол жиып алдырдың,
Қалмаққа ойран салдырдың,
Қабанбай мен Бөгембай,
Арғын менен найманға
Қоныс қылып қалдырдың.

Осы аталып отырған жерлер ұзаққа созылған күрестерден соң Жоңғар тауларынан шыққан ойрат тайпалары басып алған қазақтың байырғы мекендері болатын. XVIII ғасырдың орта шенінен бастап бұл қоныстар қайтадан қазаққа өтті. Осы жеңісті жорықтар кезінде қазақ қолының басында жүрген батырлардың бірі Бөгембай еді. Тек бұл ғана емес. Бөгембай — жоңғарға қарсы күрестің қиын күндерінде, қазақтар ауыр жеңілістерге ұшырап, Сайрам, Түркістан, Ташкенттердің бірінен соң бірінен айырылғанда, ақтабан-шұбырындыға ұшырап, атамекенінен босқан кездерде еңсесі түспеген, жүрегі шайлықпаған санаулы ерлердің бірі еді. Бұл кезде Бөгембай қалмақтарға қарсы

күресті ұйымдастырушылардың бірі болды. Үш жүздің хан, сұлтандары бір сәт мәмілеге келіп, бас қосып, жоңғарға қарсы соғысты қайта ашқанда, ол алдыңғы сапта шапты. Қазақтардың 1728, 1730 жылғы жеңісті жорықтарында Бөгембайдың атқарған рөлі ерекше.

Сондықтан «дұшпанға қарсы оқ атқан», үрей болған қалмақты талқандаған,

Қолтығы ала бұғының
Пәйкесіндей Бөгембай,
Жалаң қия жерлерден
Жазбай түсіп түлкі алған,
Білегі жуан бүркіттің
Тегеурініндей Бөгембай, —

дүниеден көшкенде Үмбетей жырау көзінің жасын көл қылады, батырдың өлімін аза тұтады, оның тірісінде халқына еткен қызметін еске алып, марқұмды мадақтайды.

Бөгембай қабірінің басында жоқтау жырын айтқан соң, жырау батырдың аманатын орындауға Абылай ханның ордасына барады, ел сүйіктісінің өлімін хабарлайды.

Бұл жыр естірту түрінде келеді. Бұрын қазаны естіртудің өзі өнер болғаны мәлім. Әдетте, естіртуші қайғылы хабарды бірден тоқ еткізбей, әңгімені алыстан орағытып бастайды, алдымен тұспалдап сөйлеп, қара жамылуға тиіс адамды ауыр хабарға дайындап алады.

Үмбетей де ескі салтты бұзбайды. Жырау алдымен Абылайдың өз басынан, халық басынан өткен ауыр кезең жайынан толғайды. Бұдан соң қуанышты күндерге келеді, жеңісті жорықтарды, ондағы батырлардың көрсеткен қайратын мадақтайды. Осыдан соң жырау дүниенің аумалы-төкпелі екенін, қазасыз пенде жоқ екендігін еске салады, әйткенмен, өлімнің артынан тағы да қуаныш болатынын, бір батыр өлсе, оның орнына тағы бір батыр туатындығын айтады. Сонымен, Үмбетей өзінің қаралы хабаршы екендігін, атақты батырлардың бірі дүниеден көшкенін естірту үшін келгендігін жеткізді. Енді жырау турасына көшеді:

Ей, Абылай, Абылай,
Сөзімді тыңда тағы да-ай!
Өзіңнен біраз жасы үлкен,
Дөмпеш таудай басы үлкен,
Жасыңда болған сырласың,
Үлкен де болса құрдасың,
Сексеннен аса бергенде,
Қайрылмас қаза келгенде
Батырың өлді — Бөгембай!



Ұзақ жырдың түйіні осында. Жырау өз мақсатын орындады: қаралы хабарды естіртті. Енді қайғы хабаршысы азалы адамды жұбатады, көңілін бекітеді. Бұл — манағы дүниенің баянсыздығы жайындағы сөздердің жалғасы іспеттес.

Жыламай тыңда, Абылай,
Жараға жақсы қасқарар,
Ойбайлап жаман бас салар.

Осы тамаша жыр батамен, тілекпен — халыққа бақыт, береке, тыныштық тілеумен аяқталады. Бұл жолдардың өзі аруақты батыр Бөгембайды жоқтау зарына, адам көңілін иітерлік әсерлі сөздерге толы.

Көзіңнің жасын тыя көр,
Жақсылық бата қыла көр,
Тағы да талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін,
Бөгембайдай жас берсін,
Өлшеусіз мал мен бас берсін!
Бөгембай сынды батырдың
Береке берсін артына-ай,
Сабыр берсін халқына-ай,
Жасаған ие жар болып,
Бейіште нұры шалқығай!

Бөгембайдың нақты туған, өлген жылдары белгісіз. Үмбетей жырынан көрінетіндей, батыр Абылайдың (1713—1781) көзі тірісінде, «сексеннен аса бергенде» дүние салған. Және батырдың ханнан «біраз үлкен» екенін білеміз. Тағы бір дерек — Бөгембай өлімінің Абылайдың қырғыздарды талқандауынан соң болуы. Абылай бастаған қазақтардың қырғыздарды ауыр жеңіліске ұшыратуы — 1770 жыл. Бөгембай өлген кезде бұл оқиғаға біраз уақыт болғандығы көрінеді.

Соған қарағанда, Үмбетейдің Бөгембай атына байланысты жырлары XVIII ғасырдың 70-жылдарының орта шенінде туған деп шамалауға болады.

Үмбетей шығармасы жырау кеңінен толғаған себепті әдепкі салт өлеңінің көлемінен шығып кеткен. Жырдан сол кезде болған тарихи оқиғалардың біразының елесін көреміз. Жырдың бас жағында Абылайдың жайы, оның «Сарыарқаны жерім деп, қалың қазақ елім деп» Үргеніштен келгендігі, алғашында Төле бидің түйесін бағып жүргендігі, ер жетіп бұғанасы қатқан соң, ойраттармен күрес дәуірінде көзге түскендігі айтылады.

Жиырма жасың толғанда,
Қалмақпен соғыс болғанда,
Алғашқы бақты тапқанда,
Шарыштың басын қаққанда,
Қанжығаңа бас байлап,
«Жау қашты» деп айғайлап,
Абылайлап шапқанда...

Сол сияқты Абылайдың Ташкентте қалмақ тұтқынында болуының жайы сөз етіледі. Қазақтардың сырт жауларға қарсы жасалған сәтті жорықтарының кейбірі еске алынады. Сол замандағы дұшпанды мұқатқан Қара Керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Сары, Баян, Сағымбай сияқты батырлардың ерлігі мадақталады. Мұның бәрі бізге ел жадында сақталған тарихи әңгімелер мен поэмалардан да белгілі.

Осыларға қарағанда, Үмбетейдің Абылай және XVIII ғасыр батырлары жайындағы жырларды туғызушылардың бірі болғандығы көрінеді.

Айтылмыш жырда Бөгембай атынан гөрі Абылай аты көп аталады. Жырау Абылайды идеалдық кейіпкер деп есептейді, оны мадақтайды, ал Абылай заманы ғасырдың алғашқы жартысындағы қалмақ шапқыншылықтары, үздіксіз соғыстардан соң туған тыныш заман, қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған кез ретінде бейнеленеді.

Батыры ханға сай болды,
Елің жалпақ бай болды,
Қыс қыстауы тау болды,
Жаз жайлауы көл болды,
Салқын сары бел болды,
Елге лайық ер болды,
Сарыарқа деп таңданып
Өзге жұрт аңсар жай болды.

Үмбетей — тынысы кең жырау. Оның өз жырларында ел тұрмысы үшін маңызды мәселелерді көтеріп, жауды мұқатқан батырлардың ерлігін мадақтап отырғандығы көрінеді. Үмбетей шығармалары форма жағынан алғанда бай болмағанымен, аса көркем келеді. Жыраудың ұйқасқа ерекше көңіл бөлгендігі аңғарылады, өлең жолдары көбіне-ақ үш буыннан үйлеседі.

Міне, осы жоғарыда айтылғандардың бәрі Тілеуұлы Үмбетей жырауды XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі деп есептеуге негіз береді.





БҰҚАР ЖЫРАУ

XVIII ғасыр әдебиетіндегі ең көрнекті тұлға — Бұқар жырау.

Жыраудың шығармаларын жинастырған Мәшһүр-Жүсіптің айтуынша, Бұқар арғын ішінде Төртуыл Қаржастан шыққан. Бұқардың әкесі Қалқаман — батыр болған көрінеді.

Заманының бізге бір табан жақын тұрғанына, өмір сүрген дәуіріндегі көптеген тарихи оқиғалар халық жадында жақсы сақталғандығына қарамастан, қазақтың ескіде өткен басқа ақын-жыраулары сияқты, Бұқар өмірі хақында да біздің білеріміз тым тапшы. Жыраудың туған, өлген жылдары жайында да нақты деректер жоқ. Оның қанша жасаған адам екені де белгісіз. Қолда бар бірден-бір нақты мәлімет — жыраудың Абылайдан (1713—1781) бұрын туып, соң өлгендігі.

Қазір Бұқардың туған, өлген жылдары 1693—1787 деп көрсетіліп жүр. Ал бұл ой-жотамен, солай шығар-ау деген долбармен алына салған сан. Бұқар 1693 жылы туды деудің ешбір қисынға келмейтінін дәлелдеу онша қиынға түспейді: ол үшін ақылдылықтың да, алғырлықтың да қажеті жоқ.

Абылайға арнаған толғауларының бірінде Бұқар:

Күнінде мендей жырлайтын
Токсан үште қария
Енді де саған табылмас, —

дейді.

Бұл сөздер Абылай өлген 1781 жылдың өзінде-ақ айтылды дейікші. 1781-ден 93-ті алыңыз, сонда 1688 қалады... Яғни Бұқар қазір көрсетіліп жүрген 1693-тен 5 жыл бұрын туған болып шығады. Бұл — әдебиет тарихымен айналысушы кейбір ғалымдарымыздың өз ісіне қаншалық жауапты, қаншалық мұқият қарайтындығының тағы бір айғағы іспеттес.

Бұқардың өте көп жасап, әбден қартайып өлгендігі күмән туғызбайды. Біздің қолымыздағы Бұқарға қатысты ең ескі деректің бірі — Тәуке ханның атымен байланысты. Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Бұқардың Тәуке тұсында-ақ ордадағы белді би, батагөй ақсақалдардың бірі болғандығы аңғарылады.

Әз-Тәуке ханның сүйікті ұлы өліпті дейді бір әңгіме. Хан аза тұтып, бас көтермей, ас ішпей жатып алыпты. Ұлы жүзден үйсін Төле би, Орта жүзден Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзден Қаражігіт би



барып көңіл айтқан екен, Әз-Тәуке жұбанбапты, қайғысы басылмапты. Сонда қаралы ханның көңілін делбеп, басын сүйеп ас ішкізуші Бұқар жырау болады. Бұқардың осы ретте айтылған жыры сақталған.

Ханымыз отыр аһ ұрып,
Халқымыз отыр бас ұрып...
Сабаны әкел ордаға,
Құран оқыт молдаға,
Ханның сөзі түзік деп,
Орынсыз сөзді жолдама.
Бұрынғы өткен бәрі өлді,
Қарсы болма аллаға.
Төле, Қазыбек кісіміз,
Жақсы, жаман, кішіміз,
Бұл сөзіме түсіңіз,
Дәміңізді ішіңіз.
Риза болсаң құдайға,
Түзелер сонда ісіңіз.

Осы сөздердің өзінен-ақ Бұқардың Тәуке алдында өтімді, беделді адам болғандығы аңғарылады. Тәуке 1715 жылдар шамасында дүниеден көшіпті. Яғни жоғарыдағы мәлімет Бұқардың XVIII ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ біраз жасқа келіп қалған, қазақ хандарының сарайында ықпалды билердің бірі болып қалған жан екендігін көрсетеді.

Бұқардың туған, өлген жылдарын анықтауға себі тиер деректер жыраудың өз шығармаларынан ұшырасады.

Бұқар Абылайдан көп үлкен. Ол ханға:

Сен мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің, —

деп сөйлейді.

Жырау өзінің Абылайға айтқан толғауларының бірінде ханның жас кезіндегі өмір жолын шоли келе:

Елу жасқа келгенде
Үш жүздің атының басын
Бір кезеңге тіредің,
Елу бес жасқа келгенде
Жақсы болсаң толарсың,
Жаман болсаң, маужырап барып соларсын, —

дейді.

Яғни бұл сөздер айтылған кезде Абылай елуге жаңа келген, асса, елу бір-елу екілерде. Демек, толғау 1763 жылдар шамасында туған.

Абылайдың күшеюі де осы кез. «Қазақ ССР тарихының» айтуынша, Абылай 50-жылдардың басында-ақ Орта жүздің бірден-бір билеушісі болып алады. 1752 жылы атақты Көкжал Барақты Жоңғар әміршісі Цэван-Дорчжи улап өлтірген соң, Абылай алдынан кесе көлденең тұрар ешкім де қалмайды. Көп ұзамай Ұлы жүз де Абылайдың қол астына қарайды. Бұқардың ханды үш жүздің басын біріктірдің деп мадақтауы осы фактіге байланысты.

Аталмыш толғаудан Бұқардың өз жасы жөнінде де дерек аламыз. Жырау елу бестен арғы жастар туралы толғана келіп тоқсан беске тоқтайды да, өз басының мұңын шағып кетеді:

Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен,
Қарғиын десең екі жағы ор екен,
Найза бойы жар екен,
Түсіп кетсең түбіне,
Түбі жоқ терең көл екен,
Ел қонбайтын шөл екен,
Келмейтұғын неме екен.

Жырау адамның елуден арғы өмірі хақында онша жылы лебіз білдірмейді, ал тоқсан бесті мүлде істен алғысыз етеді, бұл жасқа келіп қажеті жоқ-ақ екен дейді. Яғни толғау айтылған сәтте оның авторы тоқсан бес жаста. Олай болса, Бұқар жыраудың 1668 жылдар шамасында туғандығын көреміз.

1781 жылы Абылай өлгенде Бұқар әлі тірі. Жырау ханды азалап, өзінің ең көркем туындыларының бірі — «Күпшек санды күреңді — Тәбияға жаратқан» деп басталатын жоқтау жырын шығарады. Бұқардың Абылайдан соңғы өмірі жайында ешқандай дерек жоқ. 113 жасқа келіп қаусап отырған қарт жыраудың өзі де көп ұзамай ажал жастығына бас қойса керек.

Мәшһүрдің айтуынша және ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Бұқардың әкесі Қалқаман — батыр болған дедік. Батыр атағы адамға, әрине, оның байлығына, аталылығына қарап келмейді, яғни жыраудың шыққан тегі жайындағы мәселенің беті ашық қалады. Алайда өзінің жеке басының қасиеті, отты тілінің арқасында Бұқар тез арада-ақ ел билеушілер тобына енгендігі көрінеді. Қаз дауысты Қазыбектер сияқты Бұқар да «қарадан шығып хан болған», өз заманының аса ықпалды билерінің бірі.



Атақты үйсін Төле би: «Елге бай құт емес, би құт» деген екен. Өзі мыңғырған бай Төленің бұл сөздері Бұқар заманында билердің қандай қоғамдық күш болғанын аңғартады. Бұқар заманының билері — малымен емес, сөзімен кісілікті жандар. Олардың көбі-ақ кедей болған. Бұл ретте Орманбай бидің үйіне Абылай келіп қалып, қонақ-асыға не соярын білмей қысылғанда айтқан:

Хан Абылай келгенде
Тоқты сойсам жетпейді,
Енесін сойсам тоқтының,
Оның орны бітпейді, —

деген сөздерін келтіре кетуге болады.

Бұқардың мал жиюды кәсіп етпегендігі көрінеді. Мәртебе жолын Өз-Тәуке ханның сарайында бастағанмен, сақал-шашы бурыл тартып, алпыс жасқа келген кезінің өзінде жырау қара таяқты кедей күйінде қалған.

Бұқар малсыз адам екен деп жазады Мәшһүр. Өзіне ағайын бір байдан мінуге ат сұрапты. Бай бергісі келмей бірталай уақыт алдаусыратып жүріпті де, ақыры бір күні Бұқардың қолына екі қары бөз қыстырып құтылмақ болыпты. Сонда Бұқардың айтқаны:

Бұқарекең біз келдік,
Ақан, Төбет байларға,
Бесті берсең семіз бер,
Жаздай Бұқар жайларға.
Бермеймін деп атама,
Асауыңды матама,
Шынжырынан берік тартсам,
Шамырқанып, шамданып,
Шалқасынан жата ма,
Алпыстағы Бұқардың
Сілесі құрып қата ма,
Құлдарың мен күңдерің
Мерекеге бата ма.
Келіп едім өзіңе,
Түнеугі айтқан сөзіңе.
Тіпті разы болмаймын
Керегенің басында
Екі қары бөзіңе.
Бермей қалсаң осы жол,
Жолықпаймын деп ойлама
Жортуылшы ердің кезіне.

Бұл — ақтабан-шұбырындыдан соңғы аласапыранның тұсы, атадан ұл, анадан қыз айырылып, исі қазақ күйзелген дәуір. Осы қилы заман кезінде Бұқардың шаруашылығы шайқалып, дәулеті суалған болуы да мүмкін.

Алайда көп ұзамай Абылай сұлтан көтерілген кезде Бұқардың да жұлдызы жанады. Жырау қайтадан ақ ордаға енеді және одан өлгенінше шықпайды.

Бұқардың сүйегі қазір Баян Аулада, Далба тауларының ішінде.

Жоғарыда келтірілген кейбір айғақтар негізінде біз Бұқар жырау Қалқаманұлы 1668 жылдар шамасында туып, бір ғасырдан астам жасап, 1781 жылдың шамасында өлген деп есептейміз.

Жыраудың өмірі, қоғамдық қызметі жайында біздің заманымызға жеткен деректер осындай.

Халық «Өнер алды — қызыл тіл» десе, Бұқар — бұл мақалдың даналығын әбден ұғынған адам. Ол сөз өнерінің қиындығын да, құрметтілігін де білген. Сондықтан да жырау:

Ел бастау қиын емес —
Қонатын жерден көл табылады;
Қол бастау қиын емес —
Шабатын жерден ел табылады.
Шаршы топта сөз бастаудан
Қиынды көргенім жоқ, —

дейді.

Бірде Абылай: «Қазына қайда?» — деп сұрағанда жырау: «Басы жеткен жігіттің екі езуі қазына: бір езуі — алтын, бір езуі — күміс, аузы — қазына», — депті.

Бұқардың өзі осы қазынаны — сөз өнерін жеріне жете меңгерген еді. «Өз заманындағы жандар бұл кісіні көмекей әулие деседі екен, — деп жазады Мәшһүр-Жүсіп. — Қара сөз білмейді, тек сөйлесе көмекейі бүлкілдеп жырлай бастайды екен».

Бұқардың мұсылманша оқығандығы, сауаттылығы күмән туғызбайды. Алайда, көбіне-ақ экспромтпен айтылған толғауларын жырау артынан қағазға түсірді ме, жоқ па, ол арасы белгісіз. Бұқардың бізге жеткен шығармалары XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың бас кезінде, негізінен, ел аузынан жазылып алынған.

Бұқар мұрасынан біздің заманымызға жеткені — 1200 жол шамасында. Бұл, сөз жоқ, жырау туғызған көл-көсір жырлардың бір бөлігі ғана. «Бұл кісінің сөзін түгел жазамын деушіге Нухтың өмірі, Аюбтың сабыры..., Аплатонның ақылы керек», — деген еді Мәшһүр.



Жыраудың біздің заманымызға жетпеген кейбір жырлары жайындағы қолда бар деректерге тоқтала кетейік.

Шоқан өзінің «XVIII ғасыр батырлары жайында тарихи әңгімелер» деген мақаласында Бұқарға қатысты біраз мәліметтер береді. Жыраудың Абылай алдында айтылған екі өлеңінің жолма-жол тәржімасын жасайды (Бұл — Бұқардың орыс оқырманы алдына тұңғыш шығуы еді). Осы аудармаларды келтірейік.

Абылай бірде, жорықта жүргенде барлауға шығып, ұзақ уақыт хабарсыз кеткен батырларының жайын ойлап қатты мазасызданады. Сонда Бұқардың хан көңілін тыныштандыру үшін айтқаны: «Джанатай пройдёт через Талкын, Богембай пройдёт Кульджаном. А Хан-Баба назад прибежит. У Джанатаева Талкына проходы тесны и опасны... Джанатай пойдёт, пройдёт в Улусы и возьмет, от края оторвет. Джанатаем взятую белолицую девицу хан Аблай султан да возьмет». Кейін Абылай Бұқардың осы айтқаны келгенде төбем көкке жеткендей болды деген екен.

Енді бірде Абылай үйсіннің Ердене деген батырының ауылын талауға бермек болады. Айыпкерді қорғап сөз сөйлеуге ешкім бата алмайды, сонда Бұқар ғана өзінің жырымен ханның кәрін қайтарады:

«О, Аблай, Аблай! Подобно ари и гури возносится и соперничает с горами твоя слава; не помещаются в пяти воротах отпущенники — рабы твои. Перейдите за Ала-Тау, потушите гнев, если потушите, то не придет ли с восемьюдесятью вьюками вещей Эрдене, называемый твой пестрохалатный раб».

Айтылмыш жырлардың түпнұсқалары қазір біздің қолымызда жоқ. Сол сияқты, Г. Потаниннің жазғандарынан белгілі «Төртуылдың төрт ұлы тауды жайлап» деп басталатын өлең де ұмытылған. Бұл, әрине, жекелеген мысалдар ғана. Алайда Бұқар шығармаларының сақталып, ұрпақ алдына тартылған бөлегінің өзі — жыраудың әдебиет тарихынан құрметті орын алуы үшін әбден жеткілікті, қомақты мұра.

Бұқардың кейбір жырларын кезінде Шоқан қағаз бетіне түсірді, енді бір топ өлеңін Г. Потанин жыраудың өз елінен Имантай Сәтбаевқа жинатып алады. Бұқардың кейбір туындылары «Тауарих хамсада», ал енді біраз шығармалары 1925 жылы «Таң» журналында басылған. Бұдан соңғы жылдары жыраудың кейбір шығармалары орта мектеп хрестоматияларына енгізіліп жүрді. Жырау мұрасының алғаш рет біршама толық басылуы — 1962 жылы.

Бұқар шығармаларының түпнұсқасы ретінде Мәшһүр-Жүсіп қолжазбалары алынуға тиіс. Абай үшін Мүрсейіт көшірмелерінің қаншалық мәні болса, Бұқар үшін Мәшһүр көшірмелерінің маңызы да соншалық. Мәшһүрде Бұқар жырлары екі дана етіліп көшірілген. Бұл екі нұсқаның құндылығы бірдей дерлік. Тек 1177-папкадағы өлеңдердің

Бұл мәселеге алғаш С. Мұқанов назар аударған болатын. Соңғы жырдың алғашқы жолдары сақталған. Қараңыз: XVIII—XIX ғасырдағы казак ақындарының шығармалары. Алматы, 1962. 31-б.

Әдебиет институтының қолжазбалары. П. №1170, 1177.

беттері ауысып кеткен. Үстірт қарағанда жүйесіз, көп жерлері жоғалған сияқты көрінуі мүмкін. Мәселен, 26-27-беттерден соң 31-бет, одан соң 30, 29, 28, содан кейін барып 32-бет келеді. Жаңаша, түптелгеннен соңғы нөмірленуінде бұл беттер сәйкесінше 29, 31, 32, 33, 34, 35 болып тұр.

Көне қазақ әдебиеті өкілдерінің ешқайсысының творчествосында өзі өмір сүрген заман келбеті дәл Бұқардағыдай бар бедермен суретке түсірілмеген.

Ойшыл Бұқар қазақ халқының өмірлік мүдделері үшін оның орыс халқымен достық қатынас орнатуы қажет екендігін түсінді. Алайда ол кезде «зеңбіректен соң Пушкин» (Олжас Сүлейменов) әлі келе қойған жоқ-ты. Қазақ хандары мен сұлтандары Россияға қарағандықтары туралы ант берісімен-ақ патша үкіметі өзінің түпкі мақсаты — отарлау саясатын жүзеге асыруға кірісті. «Қазақстанның Россияға қосылу барысында патша үкіметі отарлау мақсаттарын көздеп, қосып алынған территорияға бекініс шептері мен қалалар салды. Бұл бекініс шептері патша үкіметінің отарлау мақсатының тірек пункттеріне айналды». Мемлекет қайраткері, дипломат Бұқар бұл бекініс шептері мен қорғандардың не үшін салынып жатқанын бірден сезеді. Осы орайда айтылған толғаулары мен толғамдарынан Бұқардың замана ағымын терең түсінген адам екендігі аңғарылады. «Өз жырларында Бұқар патша үкіметінің отарлау саясатының неге соғатынын болжады, — деп жазады Сәбит Мұқанов. Шынында да, Бұқардың болжаулары қате кетпегенін Октябрь революциясына дейін 200 жылға жақын отарлық халде күн кешкен қазақ халқы да, басқа халықтар да көрді. Патша үкіметі отарлықтарға, оның ішінде қазаққа Бұқар жобалаған зорлықтың бәрін көрсетті».

Патша үкіметінің қазақ даласына сұғынып енуі Бұқарды шошындырады. Алайда бұған қарсылық көрсетуге, бөгет жасауға қазақтардың әлі келмейтінін жырау тағы біледі. Сондықтан ол халық аңызындағы қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мекен «Жер үйек», Жиделі-Байсынды еске алады.

Сырдарияның суынан
Көлденең кесіп өтіңіз,
Үш жыл малды ту сақтап
Жиделі Байсын кетіңіз:
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған;
Қатын-бала қақы үшін
Солай таман жетіңіз.

Қазақ ССР
тарихы. I т.
1957. 264-б.



Әрине, бұл әншейін сөз, құрғақ қиял ғана. «Жер үйекті» таба алмай өксікпен күн кешіп, ақыры, дүниеден арманда өткен Асан Қайғы жайындағы әңгіме, сөз жоқ, Бұқарға жақсы таныс.

Бұқар өзі көрген Тәуке хан, оның ар жағындағы Қасым, Хақ-Назар, Есім хандар заманының идеалдарымен өмір сүрген адам еді. Ол үш жүздің басы қосылып, бір орталыққа бағынған күшті мемлекет болуын аңсайды.

Бұқар өмір сүрген, ескі қазақ мемлекеті әлсіреп, ыдыраған заманда өмір жүргізуші хандардың ішіндегі ең әлуеттісі Абылай еді. Абылай бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құруға тырысты. Сондықтан да Бұқар оны өзінің армандарын жүзеге асырушы деп есептеп, іс жүзінде де, сөз жүзінде де мейлінше қолдайды.

Абылай ойраттармен күрестің қиын күндерінде көзге түседі. Ол жөнінде Шоқан былай деп жазған-тын: «Участвуя во всех набегах, сначала как рядовой воин, он оказывает подвиги необыкновенной храбрости и хитрости. Полезные советы его и стратегические соображения упрочивают за ним имя мудрого. Аblaй действительно перенес много испытаний и борьбы, пока значение его не возросло до того, что киргизы (казахи. — М. М.) считали его воплотившимся духом (аруах), ниспосланным для свершения великих дел».

Абылай өз мақсатын орындау жолында бірталай табысқа жетеді. Ол 1771 жылы Түркістанда «үш алашқа хан көтеріледі». Жоңғар біржола талқандалады; Орта Азия хандықтарымен соғыстар сәтті аяқталып, Түркістан, Сайрам, Шымкент, т. б. қалалар қайтадан қазақтардың қолына өтеді, ал Ташкент алым төлеп тұратын болады. Алайда Абылай тұсында қазақтар арыдағы Қасым, Есімдерді былай қойғанда, берідегі Тәуке заманындағы күш-құдіретінің өзіне ие бола алған жоқ. «Сен Есім ханның бір түстігіне де жарамайсың», — дейді екен Абылайға Бұқар. Жырау Абылай хандығының осал, әлсіз жақтарын түгел көрді. Сондықтан да оның ханға арнаған мадақ сөздерінің өзі бас ұрудан, жөнсіз дәріптеуден аулақ.

Мемлекет істерінде өзіндік беті болған Бұқар хан тая соқты деп есептесе, өз айтқанын орындатуға тырысады. Кеңесін тыңдамаса, өткір тілмен шенеп, ақылына келтіріп, дегеніне көндіріп отырады. Хан тасыса, жырау оны басып, билікке бірден ие бола кетпегенін, жас кезінде талай қиыншылықтар көре келіп, бұл күнге қарашыларының арқасында жеткенін есіне салады.

Ай, Абылай, Абылай,
Сен, мен көргенде
Тұрымтайдай ұл едің.

Қазақ ССР
тарихы. I т.
Алматы, 1957.
277-278-бб.

«Әуелде барлық жорықтарға қатардағы жауынгер ретінде қатысқан Абылай өзінің ерекше ерлігі мен тақыстығын танытады. Қабырғалы кеңестері мен соғыс өнеріндегі ұтымды толғамдары оны кеменгер атандырады. Сөйтіп, Абылай талай сыннан өтті, күресте шыңдалды, ақыры қазақтар оны ұлы істер тындыру үшін туған, аруақ қонған кісі деп бағалайды».

Валиханов Ч. Ч.
Собр. соч.: В 5 т.
Т. I. Алма-Ата,
1961. С. 427.

Казахско-русские
отношения
в XVIII—XIX веках
/ Сборник
документов
и материалов.
Алма-Ата, 1964. С.
87.

Түркістанда жүр едің,
Әбілмәмбет хандарға
Қызметші болып тұр едің.
Сен қай жерде жүріп жетілдің,
Үйсін Төле бидің
Түйесін баққан құл едің!

Аяз бидің тәубадан жаңылмау үшін бұрынғы шоқпыт киімдерін есікке шегелеп қойғаны сияқты, Бұқар да Абылайдың өткенін ұмыттырғысы келмейді.

Момынға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едің, —

дейді ол.

Әрине, Абылай құл емес, хан тұқымы. Алайда Бұқар осының өзін, Абылайдың «Арқар ұранды» Шыңғыс әулеті екендігін ханның артықшылығы деп есептемейді. Қазақ хандары өздерінің Шыңғыс ұрпағы екендігін қашан да мақтаныш тұтқан.

Ата сойын сұрасаң,
Күн шуақтан пайда болған емес пе,
Хан Шыңғыстың асылы, —

деп дәріптейді өзінің әміршісі Жәңгір ханды Жанұзақ жырау.

Шыңғыс әулетінен шықпаған адам хан тағына жіберілмейді. Әрине, Бұқар бұл салтқа қарсы емес, тек қол астыңдағы жұртыңа тыныштық ойламауың затыңның басқалығынан емес пе екен дегендей күмән айтып, шамына тиіп, ханды ақылға келтірмек болады.

Ескі түсінік бойынша адамның адамдығы, қасиеті — оның ата тегінде, әкесінің, шешесінің қандай жерден шыққан адам екендігінде. Бұл сананың салқыны Бұқарда да бар. Сондықтан да Бұқар — анасының ақсүйектер тұқымынан еместігін Абылайдың бетіне басады.

Шешеңді және сұрасаң,
Қай алтынның буы еді,
Оны да мен білуші ем,
Түрікпеннің төрінде
Қашып жүрген күң еді.

Мұндай сөздер Абылай қателескенде, рубасы ақсақалдардың тілегіне қайшы әрекеттер жасамақ болғанда ғана айтылады. Әйтпесе, Бұқар көбіне-көп Абылай саясатының жақтаушысы. Жырау реті келген жерде ханды мадақтай, дәріптей отырады.



Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың,
Жетім менен жесірге
Ешбір жаман қылмадың,
Әділетпен жүрдіңіз,
Әдепті іске кірдіңіз.

Бұқар түсінігіндегі Абылай — осындай әмірші. Жырау Абылай саясатына, ел ішіндегі Абылай беделіне тамашалай қарайды, Абылай үкіметінің салтанат құрғанына масаттанады.

Жұлдызың туды-ау оңыңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан,
Он сан алаш баласын
Аузыңа құдай қаратып,
Жусатып, тағы өргізіп
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан.
Ақтан болды-ау күніңіз,
Арсы менен күрсіге
Тайталасты үніңіз!

Сондықтан да Абылай ажал жастығына бас қойғанда:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,
Қайырусыз жылқы бақтырған ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,
Үш жүзден үш кісі құрбан қылсам,
Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай, —

деп зар айтқан Бұқар әміршісі дүниеден көшкен соң оның басында отырып жас төгеді, шын көңілімен жоқтайды.

Күпшек санды күреңді
Тәбияға жаратқан,
Қырық сан қара қалмақты
Жарлығына қаратқан;
Айбалтасын алтынменен булатқан,
Алапасын арттырып,
Арпалап атты қунатқан.
Лабашы деген бір елді
Антыменен улантқан,
Еренші мен Серенді
Тозғындатып шулатқан;
Періштесін жұрт үстінен дулатқан...

Жырау осы ретпен Абылайдың тіршілігінде істеген даңқты істерін мадақтай еске алады. Марқұмның ерлігін, салтанатын, байлығын сөз етеді. Бұқардан қалған мұраның ішіндегі ең көркем туындылардың бірі болып есептелуге тиіс осы жоқтау жыр:

Ғаділдігін Наушаруан ғаділге жеткерген,
Жомарттығын Хатымтай Жомарттан өткерген,
Күнде мейман күзетіп,
Кесекілеп ет берген,
Имандының ісіне қарап бет берген,
Бір құдайдың дидарын
Сен көрмесең кім көрер:
Табандасқан дұшпанға
Күнінде қылыш шауып өткерген, —

деген сөздермен аяқталады.

Бұқар Абылай саясатын жақтайды. Сондықтан да ол әміршісінің күшті болуын тілейді. Абылай хандығының нығаюы, хан үкіметінің берік болуы үшін күреседі. Бұл жолда ол, тіпті ханның тұрақты армия жайын ойлауын, әскери аристократия өкілдері — ықпалды феодалдар мен әлуетті батырларды үнемі өзіне жақын, ұрыс-соғыстарға сай ұстауын қалайды.

Орта Азия хандықтарының біріне жорық кезінде Абылай ұрыс тоқталып, тиімді бітімге қол жеткеннен кейін соңынан ерген батырларына рұқсат беріп, Сарыарқаға қайтарып жібереді. Артынша-ақ қоқандықтар қайта бас көтереді. Сонда ханның бейқамдығына ыза болған Бұқар:

Бірі — етек, бірі жең болған,
Ежелден саған ел болған
Орта жүзден кісің жоқ,
Найзасының ұшы алтын
Кіші жүзден кісің жоқ, —
Енді бұған қарап тұрғаннан
Басқа қылар ісің жоқ, —

дейді.

Алайда Бұқардың Абылай хандығын нығайту жайындағы идеясы көрші жұрттарға қатер төндіру ниетінен емес, керісінше, елдің қорғаныс қабілетін күшейту мақсатынан туған еді.

«Бірлік болмай, тірлік болмас» — деген. Сырт жау соқтыға алмайтын айбынды ел болу үшін жұрттың ынтымағы, бірауыздылығы қажет. Бұл жайды Бұқар жақсы түсінеді. «Ел бірлігін жырлау — Бұқар



өлеңдерінде негізгі мәселенің бірі... Ол ел бірлігі мәселесіне үлкен мән береді», — дейді. Бұқар творчествосын көп зерттеген профессор Қ.Жұмалиев.

Бұқар қазақ руларының өзара тату тұруын, мал-жан үшін, қоныс, қыстау үшін бос қырқыспауын насихаттайды.

Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін
Қылмаңдар жанжал-ерегес.

Мұндай қылықты, ру аралық тартысты қоймаса, елдің елдіктен айырылатынын, басына қиын күндер туып, әркімнен бір теперіш көретінін айтады.

Алауыздықтың, өзара қырқыстың неге соғатынын көрсету үшін Бұқар қалмақтардың тағдырын мысалға келтіреді.

Кіші кара қалмақ бүлерде,
Бозылардың билігі
Бұлт бұрқан болысты,
Уағдадан жылысты,
Буыршындай тіздесті,
Жамандықты іздесті,
Бірін-бірі күндесті;
Жаулаған ханын кара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас.
Ханын қалмақ жаулаған,
Сүйткен қалмақ оңбаған:
Сол қалмақтың жұрты еді-ау,
Үш Қарқара, Көктөбе,
Ит те ұлып қалмаған.

1745 жылы атақты Қалдан-Серен өлген соң оның ұлдарының бірі Цэван-Дорчжи қоңтажы болады. Бірақ Цэван-Дорчжидің билігі ұзаққа созылмайды, оны таққа таласқан өзінің інісі Лама-Дорчжи өлтіреді. Осыдан соң-ақ қалмақ ордасында аласапыран, өзара қырқыс басталып кетеді. Билікке таласушылар, тіпті шет жерліктерден де, бірде қытайдан, бірде қазақтан әскери көмек алып, жат ел атының тұяқтарына өз бауырластарын таптатады. Осының нәтижесінде бір кездегі күдіретті Ойрат империясы әлсірейді. 1755 жылы оны қытайлар екі-үш айдың ішінде оп-оңай жаулап алады. Үш жыл өткен соң қытайлар қалмақ елінде жаппай қырғын ұйымдастырып, еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін тегіс дерлік харап етеді. Өстіп Жоңғар мемлекеті жер бетінен жоғалады.

Иакинф.
Историческое
обозрение ойратов
или калмыков
с XV столетия
до настоящего
времени.
СПб. 1834.
С. 109—125.

Бұл оқиға қазақтардың көз алдында болды. Сондықтан жұрт көңіліне қорқыныш ұялайды.

Шүршіт келем деген сөз бар-ды
Көктен түскен төрт кітап
«Енжіл» атты кәләмда.
Егер шүршіт келмесін,
Егер шүршіт қаптаса,
Алып бір жейді ақтарып
Көмулі көрден денеңді, —

дейді Бұқар.

Өздерімен көршілес қалмақтардың кебін киюден қорыққан жырау:

Шүршіт келсе Сырға көш,
Ішетұғын суы бар, —

дейді. Әрине, бұл тек бассауға ғана. Сондықтан басқыншыларға қарсы тұрудың қиындығын білгенмен де, Бұқар жау бетіне айбар болар бірден-бір амал — ел бірлігі екендігін айтып, жұрттың ынтымақты, ауыз бірлікті күшейтуі керектігін насихаттайды. Бұл, әрине, тек бір сәттік қана емес, ел ел боп тұрғанда қашан да маңызы бар мәнді мәселе еді.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректей болыңыз,
Судан суға шүйгумен
Көлден көлге қоныңыз.
Байлар ұғлы шоралар
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз,
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз.

Бұл жолдардан Бұқардың заманның көкейкесті мәселелерін көтеріп отырған азамат ақын болғандығы көрінеді.

Жырау бір өлеңінде:

Шашырап шыққан қандар көп,
Шашау жатқан малдар көп,



Қайсыбірін айтайын,
Айта берсең сөздер көп, —

деп толғайды. Сұңғыла қарияның қаншалық дәрежеде эпосшы болғандығын біз білмейміз. Кейбір шығармаларына қарағанда (мәселен, «Қалданменен ұрысып...») жыраудың XVIII ғасыр батырлары және Абылай жайындағы жырларды шығаруға қатысы барлығы аңғарылады. Алайда Бұқар нақылды, тақпақты жырларға, ойға, тебіреністерге толы толғауларға көбірек назар аударған. Негізінен:

Қартайсаң қарт бабаңды сыйлай бер,
Күндердің күні болғанда
Кімдер де кімнің дейсің белі бүгілмес, —

деген сияқты үгіт-насихат, үлгі айту тұрғысында, немесе:

Қара арғымақ арыса,
Қарға адым жер мұң болар,
Есіл көзден нұр тайса,
Бір көруге зар болар, —

деген сияқты нақылдар, афористік тебіреністер түрінде келгенмен де, Бұқар жырларына жалаң дидактика жат. Бұқар толғауларынан жыраудың өмірге, өзін қоршаған ортаға көзқарасы аңғарылады.

Абылай тұсы осының алдындағы Тәуке заманынан мүлде өзгеше еді. Үш жүздің жігі ыдырап, ескі бірлік жойылды, хан-сұлтандар басбасына би болып кетті, ру аралық тартыс, өзара қырқыс күшейді. Қазақ даласында болып жатқан өзгерістердің екінші бір алуаны — оның Россияға қосылуына байланысты еді. Қазақ қоғамы ғасырлар бойғы патриархалдық-феодалдық тұйықтықтан арылуға бет алды.

Сондықтан Бұқар өзі өмір сүріп отырған заманға оншама ризашылық білдіре қоймайды. Ол ескі «У жесең руыңмен» деген мақалдың күші кетіп бара жатқанын аңғарып:

Өзіңмен бірге туысқан
Алаштан бетер жат болар, —

деп қынжылады, өзінің заманға наразылығын білдіреді.

Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай!
Баспақ, тана жиылып,
Фана болған заман-ай!

Құл-құтандар жиылып,
Құда болған заман-ай!
Арғымағын жоғалтып,
Тай жүгірткен заман-ай!
Азаматын құлатып,
Жұрт талық болған заман-ай!
Арғымақтың жалы жоқ —
Жабылар жалыменен теңелер,
Жақсылардың малы жоқ —
Жамандар малыменен теңелер!

Алайда заманның мұндай аумалы-төкпелі болып келуін Бұқардың заңды құбылыс деп санағанын көреміз. Сондықтан ол өткенге өксі карамайды, ескіні аңсамайды, өз басындағы, өз тұсындағы заманның мән-мағынасын түсінуге тырысады.

Жырау дүниеде мәңгілік ештеңе жоқ екендігін, өмір күнделікті өзгерістерге ұшырап отыратынын атап көрсетеді. Мұндай өзгерістер тек тұрмыста ғана емес, адамды қоршаған орта — табиғатта да жүріп жатады.

Айналасын жер тұтқан
Айды батпас демеңіз,
Айнала ішсе таусылмас
Көл суалмас демеңіз,
Құрсағы құшақ байлардан
Дәулет таймас демеңіз,
Жарлыны жарлы демеңіз,
Жарлы байға теңеліп,
Жайлауға жарыса көшпес демеңіз...
Құландар ойнар қу тақыр,
Қурай бітпес демеңіз...

Бұл жолдарда Бұқар өзінің өмірге, материяға көзқарасымен көне грек философтарының қарапайым материализмін еске түсіреді. Бұқар осы өреге, әрине, өзінің табиғат құбылыстарынан, өмірден, күнделікті көрген-білгендерінен дұрыс қорытынды шығара алғандығымен жетті. Бұл — жыраудың үлкен ойшыл болғандығының тағы бір айғағы іспеттес. Бұқардың ислам дініне көзқарасына тоқтала кетейік.

Ей, айташы, алланы айт,
Аты жақсы құдайды айт,
Төрт шадияр Мұстафа,



Мұсқап ашқан ғаламды айт,
Тәңірім сөзі бұрканды айт,
Кәлим алла — кұранды айт,
Тәңірім салса аузыңа,
Жан жолдасың иманды айт!

Бұл жолдардан жыраудың ислам дінінің жай-жапсарына қаншалықты қанық болғандығы көрінеді. Бұқар, сөз жоқ, діншіл. Оның атақты он бір тілегінің ең біріншісі — құдай қаламайтын іске аяқ баспау:

Бірінші тілек тілеңіз
Бір аллаға жазбасқа!

Және Бұқардың діншілдігі жай тақуалық емес. Ол «құдайдың — бір, пайғамбардың — хақ» екендігіне шын көңілімен сенген жан.

Дін пұсырман болмаса,
Тіл пұсырман не пайда, —

дейді ол.

Құдайға құлшылық етіп отыру парыз ғана емес, дінді берік ұстанған адамға алланың рахматы көп.

Құдайыңа құл болсаң,
Шын жаратқан ұл болсаң,
Құдай тағалам өзі берер несіпті.

Алайда Бұқардың дінге қатысты өлеңдерінен фәнидің баянсыздығы, бақидың рахаты жайында ештеңе ұшырата алмаймыз. Соған қарағанда, мемлекет қайраткері Бұқар дінге құрал ретінде, таза пайдалылық жағынан ғана қарайтын сияқты.

Бұл — оның қазақ арасында дін таратушы татар молдаларына көзқарасынан айқын аңғарылады. «Таңертең азан шақырған даусы сұлу молданы» тамашалаған Бұқар татардан келген ислам дінінің өкілдеріне алара қарайды. Оларды әр жерде-ақ шеней, сөге отырады, тіпті татар молдаларын маңыңнан жүргіздің деп Абылайға реніш айтады:

Ноғайларды ғалым деп,
Әулиедей көресің.
Ноғайлардың бойлары болар сазандай,
Сәлдесі болар қазандай.

Ахиретке барғанда
Ақсүйекті қор тұтқан,
Қараны одан зор тұтқан,
Ноғайларды пір тұтқан,
Тартарсың сонда жазаңды-ай!

Бұқардың татар молдаларын жек көруінің мәні бар. Олар, С. Мұқанов айтқандай, көбіне-көп қазақ арасында патша үкіметінің саясатын насихаттаушы болған.

Әйткенмен де жырау:

Мұсылманның баласы,
Сірә бір кеңес құрыңыз,
Бір ауызды болыңыз, —

дейді, ислам дініне берік болуды, көршілес мұсылман мемлекеттерімен жақындаса түсуді уағыздайды.

Бұқар қалыптасқан ескі жыраулық өлең өлшеміне ешқандай жаңалық енгізе алған жоқ. Бұл ретте ол Шалкиіз соқпағымен жүрді. Бұқар, тіпті Шалкиіз жасаған көркем образдарды, кейде тіпті тұтас жолдарды пайдаланып отырды.

Мәселен, Шалкиіз:

Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақ-ты,
Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты...
Құсты жисаң — бүркіт жи,
Киген тоның түлкі етер...
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас-тозбас мүлкі етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Жімлә ғаламға күлкі етер... —

десе, Бұқар осы жолдарда айтылған ойларды сол күйінде алады, алайда кейбір сөздерін өзгертіп, өзінше толғайды:

Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса үй кетер,
Жатқа тізгін бермеңіз,
Жаламенен бас кетер.



Жаманменен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер,
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айырылмасқа серт етер.
Ит жүгіртіп, құс салсаң,
Киген тоның түлкі етер.

Сол сияқты, Бұқардың «Айтар болсаң алланы айт», — деп басталатын өлеңіндегі негізгі ой («Ақсұңқар құстың баласы, — Ұяда алтау тумас па, — Ұяда алтау туғанмен, — Оның ішінде біреуі-ақ алғыр болмас па», т. т.) Шалкиіздің «Ау, бөрілер, бөрілер», — деп басталатын жолдарын қайталау болып есептеледі.

Бұқар жалғыз Шалкиіз поэзиясынан ғана емес, қазақтың ескі халық поэзиясының тұнығынан да мейлінше сусындаған болатын.

Сонымен қатар Бұқар новатор да еді. Ол қазақ өлеңін тақырыптық жағынан байытты. Кейін Абай заманында аренаға шыққан жаңа кейіпті поэзияға көшудің кейбір белгілерін Бұқардан ұшыратамыз.

Мәселен, азғана штрихтармен тамаша суреттер жасалған мына бір жолдардың табиғат лирикасының үлгісі екендігін мойындауға тура келеді.

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек
Бұрылып ұшар жаз күні,
Боз мойынды сұр үйрек
Көлге қонар жаз күні.
Көк ала ат жаратып,
Көн дабылды байлатып,
Байлар ұғлы шоралар
Көл жағалар жаз күні,
Байлар қызы бикештер
Қол бұлғайды-ау жаз күні.

Бұл туындыны Абайдың атақты «Жазының» алғашқы нұсқаларының бірі деуге болады.

Бұқар өзінің кейбір жырларында ескі канондарды бұзады, өз жолын салады. Көне жыраулық поэзия көбіне өз алдына дербес, жекелеген ойларға құрылған жолдардың жиынтығы болып келетін, қаншама әдемі болғанмен, құрау-құрау сияқты көрінетін; бұрынғы өткен жыраулар толғауының әлсіз жақтары да осыған байланысты. Бұқар, негізінен, байырғы дәстүрді қабылдайды. Алайда заманының озықтығы, қазақ әдебиетінің ескімен салыстырғанда біршама өскендігі және өзінің зор таланты мен ақындық интуициясының тереңдігі Бұқарды

жекелеген реттерде көне сүрлеуден шығарып жіберіп отырады. Бұқар санасыз түрде кейін Абай қазақтық еткен еуропалық поэзия үлгілеріне жақын барады.

Әлемді түгел көрсе де,
Алтын үйге кірсе де,
Аспанда жұлдыз аралап,
Ай нұрын ұстап мінсе де —
Қызыққа тоймас адамзат!

Ілімді түгел білсе де,
Қызығын қолмен бөлсе де,
Қызықты күні қырындап,
Қисынсыз күйге түссе де —
Өмірге тоймас адамзат!

Жақындап ажал тұрса да,
Жанына қылыш ұрса да,
Қалжырап, көңілі қарайып,
Қарауытып көзі тұрса да —
Үмітін қоймас адамзат!

Бұқардың ақындық қуатын танытатын бұл жолдар еуропалық лириканың озық үлгілерінің деңгейінде.

Осы жоғарыда келтірілген жекелеген жолдардың өзінен-ақ Бұқар жыраудың қазақ поэзиясының даму тарихында көрнекті қызмет атқарғандығы, әдебиетіміздің бүгінгі өреге жетуінде белгілі үлесі барлығы көрінеді. Сондықтан да Бұқар әдебиетіміздің тарихындағы соқталы тұлғалардың бірі болып есептеледі.





КӨТЕШ АҚЫН

Көтеш — қазіргі Павлодар облысының территориясында туып-өскен. Сүйегі арғыннан, арғын ішіндегі Сүйіндіктен тарайтын Сексен ауылынан.

Болашақ ақын бала кезінен-ақ атағы шығып, ауызға іліне бастайды. Оның алғаш көзге түсуі — Абылай хан алдында.

Көтеш өлеңдерін жиыстырған Мәшһүр-Жүсіптің айтуынша, бірде Абылай құныкер болып, қарашыларымен арасында үлкен дау шығады. Сонда ешкімге белгісіз бала жігіт Көтеш сөзге көлденеңнен араласып, өз руы атынан ханнан өлген кісісі үшін құн төлеуді, ал тұтқында отырған адамын босатуды талап етеді:

Абылай, Ботақанды сен өлтірдің,
Есіл ер жазығы жоқ неге өлтірдің!?
Хан басың қарашыңмен даулы болып,
Үстіне ақ орданың қол келтірдің!

Абылай, күйіп кетті салған қалаң,
Меірамға не еді сенің жапқан жалаң?
Жанайды дәл бүгін күн босатпасаң,
Болады ертең жесір қатын-балаң!

Арғыннан тараған бес Меірамнан ру намысын жоқтап, үш мыңдай адам атқа қонған екен, Абылай ұрысуға шыдамайды, өлген кісінің құнын, оған қоса көп айып төлейді.

Көтештің өмір сүрген дәуірін анықтауға себі тиерлік осы оқиғаның қай жылдары болғанын дөп басып айта қою қиын. Сөз жоқ, айтылмыш дау Абылайдың ресми түрде үш алашқа әмірші деп жарияланып, билігі де, әскери қуаты да күшейген кезден (1771 ж.) көп бұрын шыққан. Мәшһүр-Жүсіп баяндаған оқиғадағы бізге қажетті тағы бір дерек — бұл кезде Қаз дауысты Қазыбектің жоқтығы; ханға қарсы аттанғандарды бастаушы оның ұлы Бекболат би болады. Ал Қазыбектің 1763 жылдар шамасында 97 жасында дүниеден көшкені белгілі. Яғни айтылмыш оқиға 60-жылдардың екінші жарымында болғандығы аңғарылады.



Сонымен, жоғарыдағы деректерге сүйеніп Көтеш ақын 1745 жылдар шамасында туған деп айта аламыз.

Ел аузындағы әңгімелерге қарағанда, Көтеш 73 жасында дүние салыпты. Енді бір деректерде басқа сан айтылады, бірақ олардан да ақынның қартайыңқыраған кезінде өлгендігі көрінеді.

Халық жадында Көтеш жайында сақталған әңгімелердің бір алуаны — оның қазасы төңірегінде.

Көтеш өлең айтып, ел аралап жүрген кезінде жапан түзде төрт ұрыға кез болады. Ұрылар аударып атын алып, енді өзін өлтіргелі жатқанда қарт ақынның:

Жолыңды айт, ей, төрт жігіт, ел болғайсың,
Төртеуің көк байталға тең болғайсың,
Кінәсі жоқ Көтешті тонап алып,
Айдабол мен Күлікке жем болғайсың, —

деген бір ауыз өлең айтуға ғана шамасы келіпті.

Кейін Сексен елі Көтешке іздеу салады. Іздеушілер бір ауылда балалардың осы өлеңді айтып жүргенін естіп, сол арқылы айыпкерлерді табады. Көтештің руы ақындарының өлімі үшін күн даулап алыпты.

Енді бір әңгіменің айтуынша, Көтеш айтысқа түсіп жүрген кезінде бір руды, оның басты адамдарын қатты сөгіп жамандаған екен. Кейін сол жаққа бара қалғанда, сол елдің байларының бірі ақынды ұстатып алып, өлесі қылып сабап, байлатып қойыпты. Көтештің қазасы осы жолы болған екен. Ақынның байлаулы тұрғанда айтқан өлеңі былай басталады:

Алдымнан алты пұшық анталады,
Тілге келмей біреуі балталады.
Осы аурудан сірә жан қалмас білем,
Балтасы тиген жері қанталады...

Елінен шыққан іздеушілер Көтешті кімдер өлтіргенін осы өлең бойынша табады. Күн даулап, ердің өз басы жүз жылқы, өнері жүз жылқы деп екі жүз жылқы алыпты.

Сонымен, Көтештің өлімі хақындағы әңгімелер бір-ақ нәрсеге саяды, ол — ақынның кісі қолынан өлуі.

Көтеш — импровизатор.

Халқымыздың әдеби мұралары жайында құнды еңбектер қалдырған Алекторов А.Е. өзінің бір мақаласында импровизаторлар жайында

айта келіп, олардың ақындық қуатына, өлең шығарғыштық қабілетіне таңырқайды. Қазақ ақындары кез келген тақырыпқа, ешқандай алдын ала дайындықсыз, табан аузында өлең шығарып айта береді дейді ол.

Ал профессор Е. Исмаилов:

«Әр түрлі тақырыпқа бөгелместен, қолма-қол өлең-жыр айту — жүйрік ақынның бір белгісі. Қазақ ақындарының ежелгі салтында жылдам, бөгетсіз, тыңнан өлең шығарып айта білмегенді күшті ақын деп танымайтын», — деп жазады.

Осы тұрғыдан алғанда, Көтеш — таза қазақ түсінігіндегі ақын және күшті ақын. Көтештің бізге жеткен өлеңдері түгелдей экспромтпен айтылған шығармалар.

Көтеш — кез келген нәрсені өлеңге айналдыра алатын ақын және күй талғамайтын жүйрік.

Бірде жаңа жұртқа қонғанда, азғана қойы түнде қотанда жатпай, өре береді. Сонда Көтеш қойларына арнап былай жырлайды:

Қойым-ау, кел, қойсаңшы өргеніңді,
Мен айтамын көзіммен көргенімді:
Құйрығыңды бір ит-құс алып кетсе,
Сен онан ала алмассың бергеніңді.

Әйелі қазымыр, келіні шайпау болып, Көтеш қартайған кезінде отбасының қызығын көре алмапты. Бірде ел көшкенде жуас атты келін мініп, қарт ақынға асау байтал қалады. Ол заманда көш-жөнекей ауылдың ақсақал, қарасақалдары мәслихат құрысып, өз алдына бір бөлек жүріп отырады екен. Бір құрдасы келіп: «Ақын, жүр, көш алдына шығып аяңдай берейік», — дегенде, асаудан именіп келе жатқан Көтеш қорланып былай дейді:

Қартайғанда қатының дұшпан болды,
Баласымен бірігіп қысқан болды.
Келін деген бір пәле тағы шығып,
Біреуі іштен, біреуі тыстан болды.

Қартайғанда қатының қазба дейді,
Келін менен балаға жазба дейді.
Ат болса, айғыр болса солар мініп,
Шолақ байтал қақбасқа аз ба дейді.

Бала-бала деуменен мазалымыз,
Баладан болар білем ажалымыз.



Баламызға жалынсақ жан сақтар ек,
Келін деген даяр тұр тажалымыз.

Бұл сөздерді естіген шайпау келін атасын тағы ианаттайды. Сонда ашынған Көтеш оған да өлеңмен жауап қайырады.

Жоғарыда келтірілген өлеңнен Көтештің шаруасы шағын адам болғандығы көрінеді. Ел әңгімелеріне карағанда ақын өмір бойы кедейшіліктің тақсиретін тартып өтіпті. Алайда тұрмыс талқысының қатаңдығына қарамастан ол ешқашан мал үшін жағын жалдап, тілін беземеген, тіленшіленбеген. Бұл — Көтештің арлы ақын болғандығын көрсетеді.

Көтеш қартайған шағында аурулы болады. Жарлылық және сырқат салдарынан ақынның кейде елмен бірге көшіп жүре алмай, қыстауда қалып қоятын кездері де болған. Көтештің бұл кездегі өлеңдерінен өзінің қолының қысқалығына налу, өмірге наразылық сарындарының кейбір нышандары байқалады.

Сексен ерікке қоймады-ау қалжыратып,
Қайтіп өлең айтармын алжып жатып,
Сексен түгіл тоқсанға болмас едім,
Ұсақ турап ет берсең балбыратып, —

дейді жетімдіктің зарын шеккен қарт ақын. Алайда бойда қуат, жүректе от бар күн артта қалғандығын мойындап, өлімге бет бұрады:

Кәрілік, жылы-жұмсақ ас жарай ма,
Қазы, қарта, жал, жая, бас жарай ма?
Кәрілік, мұның бәрін жақтырмайсың,
Үйген топырақ, қалаған тас жарай ма?!

Өлеңге бөгелмейтін тапқыр Көтеш өз заманында талай айтыстарға да түсіп жүрген. Шал мен екеуі бізге белгілі айтыс ақындарының ішіндегі ең көнелері. Алайда Көтештің айтыстарының дені сақталмаған. Ал сақталғандары, негізінен, бірер ауыздан ғана келетін қақпа сөздер.

Көтештің біздің заманымызға жеткен айтыстарының ішіндегі ең көлемдісі — оның арсыз қызбен айтысы.

Қыпшақта ақындығымен ғана емес, өлеңде тұрпайы сөйлеуімен де «даңқы» шығып, Арсыз атанған ақын қыз болған екен. Сол қыз бір тойда бірінен соң бірімен айтысып, қатарынан тоғыз жігітті жеңеді.

Содан соң қарсылық білдіргеніне қарамастан жұрт қызбен айтыстыруға Көтешті алып барады.

Көтеш есіктен аттамастан-ақ қыз оның сақалының ағына қарамай:

...Қызарған екі көзі маймылдай шал,
Тұсыма қайдан менің кезің келді, —

деп бастайды сөзді. Көтеш дөрекі жауап береді. Қыз да «өткір» сөздер табады, енді Көтеш одан да асып түседі. Айтыс өстіп «дами» береді. Екі жақ өзара балағаттасуға бармайды, бірақ одан әлдеқайда тұрпайы сөздерге келіседі. Әйел мен еркектің дене мүшесінен, олардың қимыл, әрекетінен айтылмаған ештеңе қалмайды. Көтеш өлеңдерін жинастырған Мәшһүр-Жүсіп айтысты аяғына дейін жазып шығуға төзімі жетпей, «мылжыңдай беріп не қылайын, ақыры алжыған шал жеңеді ғой» деп аяқтайды сөзін.

Көтештің арсыз қызбен қағысы — ескі айтыста бейпіл сөйлеудің үлгісі. Оның әдеби ескерткіш ретінде ешқандай да маңызы жоқ екендігін айтып жатудың өзі артық.

Көтеш өлеңді кезі келген жерде айтып тастап жүре берген, осы сөздің толық мағынасындағы импровизатор ақын болды дедік. Сондықтан да оның аузынан шыққан жырлардың дені ұмытылған. Алайда біздің дәуірімізге жеткен шығармаларынан-ақ Көтештің XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ақын екендігі көрінеді.





ШАЛ АҚЫН

Қазақ әдебиетіне қатысты мақалаларының бірінде Шоқан «Менің бабам Абылай ханның замандасы, арғын атығай ішінде Бәйімбет табынан шыққан Шал ақын қазақ халқының тегі, қазақ халқын құраған рулар жайлы аңыздарды жинақтап, тамаша эпос жасады», — дейді. Осы азғана сөздерден-ақ Шалдың өз дәуірінің даналығын бойына сіңірген кең тынысты, қуатты ақын болғандығы аңғарылады.

Шал ақын аталып кеткен Тілеуке Құлекеұлы қазіргі Көкшетау облысының территориясындағы Азат теміржол станциясының төңірегінде дүниеге келеді.

Шалдың шешесі «Ұлы жүзде ханнан кем қадірленбеген» атақты үйсін Төле бидің қызы екен, ал әкесі Құлеке сырт жауларға қарсы күресте көзге түскен сол замандағы атақты батырлардың бірі болған. Құлеке мен оның бірге туған ағасы Тілекенің ерлігі жайындағы әңгімелер ел арасында күні бүгінге дейін айтылады. Бұлардың кейбірі Қазақстан Ғылым академиясының орталық кітапханасының қолжазбалар қорына тапсырылған да көрінеді.

Құлеке жайында нақты тарихи деректер де сақталған. Ол 1742 жылы Орта жүз бен Кіші жүздің хан-сұлтандары, белді батыр, билерімен бірге Россия қол астына қарайтындығы туралы ант береді. Бұдан соңғы уақыттарда Құлеке батыр орыс үкіметімен жақсы қатынастарда болады. Абылай атынан әлденеше рет елшілікке барады. Орыс үкіметінің ресми документтерінде оның есімі жиі кездеседі. Бұлардан Құлеке батырдың өз заманында аса ықпалды адам болғандығы көрінеді. Мәселен, Сыртқы істер коллегиясының Орынбор губернаторы А. Давыдовқа 1760 жылы 18 шілдеде берген жарлығында Құлеке батырдың қазақ ішінде аса атақты, беделді адам екендігі айтылып, онымен жақсы қатынаста тұру керектігі, лайықты сый көрсетілуі қажеттігі ескертіледі.

Шал дүниеге келген кез — ақтабан-шұбырындыдан соң ежелгі қоныстарынан босқан қазақ руларының әлі орныға алмай, сапырылыса көшіп жатқан дәуірі еді. Болашақ ақын ес біліп, ер жетіп қалған шағында Бәйімбет, Құдайберді тайпалары Есіл бойына қоныс аударады. Бұл жерді мекендеген естектермен соғыста Құлекенің ағасы Тілеке батыр қаза табады. Алайда осыдан соң көшіп келген қазақтар өздерінің басшысы Құлеке батырдың қайраты арқасында Есілден естектерді ығыстырып шығарады. Қазір Солтүстік Қазақстан облысында тұратын



белгілі халық ақыны, ескі шежіре мен ел әңгімелеріне жетік Ахметжан Нұртазин былай жырлайды:

Сарбұлак, Шуда менен Бағанаты
Естектің батыры екен шыққан аты,
Соғысып, сойылдасып берілместен,
Белдеуден босанбапты байлаулы аты.

Тілеке сол ұрыста қаза тапты,
Күлеке ашуменен ерттеді атты.
Өлтіріп Бағанаты, Сарбұлақты,
Ағасы Тілекенің кегін апты.

Айтылмыш оқиғаның дәлді қай жылы болғаны мәлімсіз. Ахметжан ақсақалдың есебінше бұл — 1750—1760 жылдардың шамасы: ақтабан-шұбырындыдан кейін Бәйімбет тайпасы Көкшетау маңында жиырма бес жылдай тұрған екен, содан соң барып Есілге келіпті. Қарт ақынның есебінің шындыққа жақын екендігі көрінеді. Орыс үкіметінің ресми документтерінен Күлеке батырдың ауылы 1761 жылы Есіл бойында көшіп жүргенін білеміз. Алайда Күлекелердің бұл жерді қашаннан бері иемденгені белгісіз.

Ел әңгімелерінің айтуынша, Есілге келгенде Шал ер жетіп қалған бала екен дедік. Олай болса, қазір ақынның туған, өлген жылдары ретінде көрсетіліп жүрген 1760—1831 деген сандарға күмән туады.

Егер Шал шынымен 1760 жылы дүниеге келіп, 1831 жылы опат тапты десек, Абылай (1713—1781) көз жұмғанда ол 21 жаста, және Шоқан туардан төрт-ақ жыл бұрын қайтқан. Олай болса, Шоқанның Шалды Абылай ханның замандасы дегенінен гөрі Уәли ханның замандасы деуі жөнге келіңкірейтін еді.

Шоқан Шал құрастырған үлкен шежіре-жырдың ұмытылып бара жатқандығын айтады. «Қазір бұл эпопеяны білетін адамдар қадау-қадау ғана...» Шоқан үшін Шал өзі туардан төрт-бес-ақ жыл бұрын өлген адам емес, ертеректе жасаған ақын. Ал Шоқанның бұл ретте қателесуі мүмкін емес еді: Шал шыққан ауыл да Шоқан ауылы дерлік, ақын мекені Алқа Ағаш, Қаратал Сырымбеттен 40—50 шақырымдай-ақ жер.

Шалдың ертеректе өткен ақын екендігіне мынадай тағы бір мысал келтіруге болады.

Шал бірде жол жүріп келе жатып Баян батырдың үйіне түсіпті. Осының алдында ғана аңнан оралған Баян қонақасына атып әкелген қоянын сояды. Сыйға риза болмаған Шал алдына табақ тартылғанда:

Біздің дәуірімізге Шал құраған шежіре-эпостың кейбір үзінділері ғана жетті.

Құдай артық жаратқан Сары, Баянды,
Маған астың ақ лақтай қоянды.
Менен артық кім жейді
Анау тұрған жалың менен жаяңды.
Келе қалсаң үйіме,
Мен-дағы асып берермін... —

деп барып, өлеңді сөкет сөздермен аяқтайды. Шоқанның айтуынша, Баян 1781 жылы Абылайдың көзі тірісінде, Жоңғарға қарсы жорықтардың бірінде қаза тапқан. Баян мен Шал құрдас демеіміз, әйткенмен алты алашқа аты кеткен батырға жаңағыдай сөйлеу ең болмаса жігіт ағасы атанып қалған жанның, жұрт таныған бетті ақынның ғана қолынан келер іс.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйеніп, ақын XVIII ғасырдың орта шенінде туған деп шамалайық. Кәріқұлақ қарттардың айтуынша, Шал қоян жылы жайлауда, 71 жасында офат тауыпты. Сонда Шал XIX ғасырдың алғашқы ширегінде өлген болады. Бұл кезге қоян жылы екі рет — 1807, 1819 жылдарға келеді. Біздің есебімізге сәйкесі — соңғысы.

Сонымен, біз Шал ақын (Тілеуке Құлекеұлы) 1748 жылы туып, 1819 жылы өлген деп санаймыз. Ақынның туған жері, жоғарыда айттық, қазіргі Көкшетау облысындағы Азат теміржол станциясының төңірегі. Ес білгеннен соңғы өмірі өткен жер — қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданының территориясы. Қариялардың айтуынша, Шалдың сүйегі Сергеевка селосының қасындағы Аютас деген төбенің қарсысында, Есілдің оң жақ қабағындағы көп бейіттің ішінде. Бірақ ешкім де ақынның қабірін дәп басып көрсете алмайды.

Төрт әйелді Құлеке батырдан алты ұл туған: Бәбек, Мәңке, Шардак, Тілеуке (Шал), Қазақбай, Жүсіп. Құлекеден өрбіген ұрпақ қазір 80 үй шамасында, Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданының «Терең сай», «Заря» совхоздарында тұрады.

Шал қартайыңқыраған шағында Мәлібай, Мәлике деген екі перзент көріпті. Мәлібайдан қазір ұрпақ жоқ. Мәликені қалың қыпшақ ішінде Нұрым дегенге ұзатқан екен, Нұрымның Айтбай, Айтбайдан Наушабай, Наушабайдан белгілі ақын Нұржан Наушабаев туған. Бәйімбеттің қарттары Нұржанға Шал атамыздың аруағы қонған деседі.

Шалдың бала күнінде Құлеке: «Ұлым батыр болады, жақсылап бақ», — деген екен, келіншегі күліп: «Батыр болмайды, ақын болады: кішкентай күнінде емгенде мамасын домбыра етіп ойнап жатушы еді», — депті-міс.

Шалдың алғаш ақындық даңқының шығуы — он бес жасында.

1964 жылы Солтүстік Қазақстан облысында болған кезімізде Сергеев ауданы «Заря» совхозында тұратын 70 жастағы Жантілеуов Қошан ақсақал бізге Шал атына қатысты мәліметтермен бірге, ақынның ғылымға белгісіз көптеген өлеңдерін айтып берді. Қошан — Құлекенің бесінші ұлы, Шалдың інісі Қазақбайдың ұрпағы.

Құлеке батырдың ағасынан қалған Күреңкей деген бәйге аты бар екен. Соны ел билеген төрелердің бірі бір жорыққа сұрап мінеді де, тақымына жаққан соң айтқан уақытында қайырмай, сіңіріп кетуге айналады. Құлеке қасына Тілеукені (Шалды) ертіп, атын алмаққа өзі барады.

Төре Құлекенің шаруасын білген соң: «Өзің батыр Құлекесің. Басқан ізің мал. Сонша жерден бір тайдың соңынан келгенің қартайғаның-ау» деп күліпті. Әңгіме сонымен аяқсыз қалады; ауылда алтыбақан екен, Тілеуке де ойында болып, жастармен бірге ән салып, өлең айтып түнді сауықпен өткізеді.

Қараша күз екен, таң ата ауа салқындап, бұлыңғыр тартып, жауын жауыпты. Мал өргенде бір арық тоқты сазға түсіп, үй сыртында әудем жерде жатып қалса керек. Сыртқа шыға қалған төре мұны көреді де, әлдебір қызметшісіне айтады, ал ол тоқтыны арқалап суықтан тасалау бір талдың түбіне әкеп тастайды. Мұны Тілеуке аңдап қалған екен.

Күн көтеріле жұрт оянып, қонақтар жүруге айналғанда төре: «Балам, түндегі жеке шыққан дауыс сенікі ме деп жорыдым, бізде ондай әнші жігіт жоқ еді, кәне, екі-үш ауыз лебіңді естірте кет», — деген екен, Шал өлеңді қоя беріпті:

Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің,
Болмайды қойға пана тал дегенің.
Жалаң аяқ, жалаң бас тоқты арқалап,
Хан ата, қалай екен мал дегенің!?

Сыйлайды ханымыз деп үлкен, кіші,
Біреудің хақын жемес жақсы кісі.
Тақтағы хан, таптағы биді еңкейткен,
Хан ата, қалай екен малдың күші!

Төре жығынды болыпты дейді. Тұлпарды қайырып, жетекке деп тағы бір ат қосыпты. Бірақ Құлеке батыр қатты жабырқап қайтыпты: балам батыр бола ма деген үміт кесілді. Шалдың ақын даңқы тарап кетті.

Енді Шал өнер жолына біржола түседі.

Он бесте тартып міндім аттың жалын,
Сол кезде айтқан сөзім от пен жалын, —

дейді, ақын қартайыңқыраған кездегі өлеңдерінің бірінде. Жарып салма тура, әзілқой әрі әнші Шал жұрт сүйіктісіне айналады. Онсыз той, онсыз жиын өтпейді. Топ алдында көсіле жыр төгіп талай таңды

атырады. Кейін төсектен бас көтере алмай жатқанда кешегі қамсыз күнін жоқтап ондаған өлеңдер шығарып, о дүние, бұ дүние, дін, ахирет хақында толғаған Шал жас ғұмырын думанмен, сауық-сайранмен өткізген.

Асу-асу жерлерді арыстадым,
Қайда дүбір бар болса қалыспадым,
Кешегі қас батырлар, қайран жақсы,
Алдында хан-қараның қарыштадым, —

дейді ақын.

Бірақ ол кездегі шығармалары, жоғарыдағыдай белгілі бір оқиғаларға байланысты жолдар болмаса, көп сақталмаған.

Шал өзі туралы тағы бір жерде былай дейді:

Жиырмаға келген соң,
Жын қуалап ақтадым,
Жиырма беске келген соң,
Жақсыларды жақтадым,
Отыз жасқа келген соң,
Әр ісін сүйіп мақтадым,
Қырық жастан асқан соң,
Артық айтқан сөздерім,
Сенен де пайда таппадым.
Елу жасқа келген соң,
Пірдің сөзін сақтадым,
Алпысқа жақын келген соң,
Өлімнен хабар жетер деп,
Тәуба қылып тоқтадым.

Шаруаға қырсыздығының, пәруайсыздығының салдарынан әкеден қалған дәулетті ұстап тұра алмай кедейшілікке ұрынған, тіпті, жоқшылықтың тақсіретін тартқан ақын өлеңді дүние табу, тамақ асыраудың құралы деп қарамаған. Өзі кедей болса да тіленшіленіп, мал үшін жағын жалдап, тілін безеу — Шалға жат.

Жаратқан барша жанды пәруардігер,
Өзімдей фәндаларға фәнда қылма.

Шал, тіпті байлық, малдылық қажет деп те есептемейді. Мал — дүниеқоңыз адамға қадірлі, ақынның бір басына екі шекті домбыра жетеді, өлмес қорек болса жарайды.



Мың жылқылы байлардан несі кейін
Оразасын үйінен ашқан кісі.

Сондықтан Шал өз өмірінде малдыға көз сүзбей, биліктіге бас ұрмай кеткен. Әрине, мұндай өр адам жалынуды да, жағынуды да білмейді. Он бесінде төресінің бетіне тайсалмай тура қарап, көңіліндегі сөзін айтып салған Шал өмір бойы өз дегенімен жүріп өткен, кезі келген жерде ешкімнен именіп тілін тартқан емес.

Бір дауда Абылай хан төңірегіндегі белді билердің бірі Күлен шешенге:

Төрт ауылдың бір биі Күлен шешен,
Төреңізді тура бер құдай десең,
Өлсең де қабіріңде тек жатпайсың,
Төре беріп біреуден пара жесең, —

дейді Шал.

Тағы бір жерде Баспай деген байға айтқаны мынадай сөздер:

Басеке, мал жануар басқа бітер,
Қына шөп секілді ол тасқа бітер.
Үйінен ит жаланып шықпайтұғын
Өзіңдей жатып ішер насқа бітер.

Алайда осыған қарама-қарсы мағынадағы: біреуді жөнсіз мақтаған, дәріптеген, жағынып-жарамсақтанған өлеңдер Шалда жоқ. Халық оның тайқи сөйлегенін білмейді. Шал артында қалған мұра елеулі — мың жарым жол шамасында. Соның ішінде ақынның адамдығына кір келтіретін бір шумақ та ұшырата алмайсыз. Бұл — Шалдың арлы ақын, азамат ақын болғандығының белгісі, жырларының халық арасында кең тарауының, есімінің өз елінде сүйіспеншілікпен аталуының бір сыры.

«Мен өзім талай сөзді хатпен жазғам», — дейді Шал бір өлеңінде. Бұған күмәндануға бізде ата-бабаларымыздың әліпті таяқ деп білмеген надан екендігіне нық сенгенімізден туған сымпыс скептицизімімізден басқа ешқандай негіз жоқ.

Шал бірде қонған үйінің әрі ақын, әрі ақылды, ибалы қызына риза болып былай дейді:

Пайдамды тигізермін келсе шамам,
Қолыңа ал ойланып қағаз-қалам,
Ақынның аса зерек әңгімесін
Жиып ал үлгі қылып тегіс тәмәм.

Ақын бол, бөгелмейтін тіл мен жағың,
Жазудан тоқталмасын он саусағың,
Артылып алапатың абыройлы,
Күн сайын аса берсін өнер бағың.

Ел аузында тағы мынадай әңгіме бар. Көршілес рудан шыққан бір ақын қыз Шалға ойын үшін өлеңмен сәлем хат жолдайды:

Базардан алып келген сауыр кебіс,
Естимін Шал ақынды еміс-еміс.
Біздерге ноғай деген дерт шығыпты,
Айтып бер дағуасын, емін тегіс.

Ноғай қотыр деген кесел көбіне адамның терлегіш, жөнсіз жерлерінен шығады екен. Шал хат арқылы жосықсыз қалжыңға орай анайы жауап қайырады.

Дін мұсылман, кәләм шариф араласатын көптеген өлеңдеріне қарағанда Шалдың шынында да сауатты, ислам дінінің қағидаларын біршама жетік білген, өз заманы үшін білімдар адам болғандығы байқалады. Шығармаларының біразын, әсіресе ғақылияларын, қазақты, қазақтың барлық руларын таратқан, хандар генеалогиясын баяндаған шежіре-эпосын қағазға түсіруі ықтимал. Бірақ ақынның мұндай қолжазбалары не жойылып кеткен, не әзір ғылымға белгісіз.

Шалдың бізге жеткен шығармаларының дені — импровизациямен, экспромтпен айтылған өлеңдер. Бұл тұрғыдан алғанда Шал — ақын, ақын болғанда қазақ ұғымындағы ақын. Қазақтың бұрынғы өткен барлық импровизаторлары сияқты Шалға да өлеңмен, иә қарасөзбен сөйлеу бір қисап болғанға ұқсайды. Мәселен, Шал бір үйге келсе, үй иесі әйел сабын қайнатып жатыр екен, кәрі ақынды елеі қоймайды. Сонда сақалын сыйламағанға кейіген Шал табанда:

Сабының сақар болсын дені, келін,
Көрмедің шыбын құрлы мені, келін,
Жұрт сыйлаған басымды күлге теңеп,
Жаярмын талай жерге сені, келін, —

депті.

Шал бірде ел аралап жүріп Кіші жүз Молтыр бидің үйіне қона қапты. Би ақын атына сыртынан қанық екен, әйткенмен сынамақ үшін есіктен бір көтерем, көкжақ тоқтыны көрсетіп: «Шәке, бата қылып жіберіңіз», — дейді. Сондағы Шалдың батасы:



Енесі жануардың имеген бе,
Көп қойдан шөп қақтығып тимеген бе,
Антұрған қатын сауып қақтаған ба,
Болмаса қойшы оңдап бақпаған ба,
Алты ай жаздай бір теңі келмей жүріп,
Молтыр би бізге арнап сақтаған ба, алла акбар!

Шалдың тапқырлығын, төкпе ақын екендігін көрсететін мысалдардың талайын келтіруге болады. Мұндай шумақтарды ақын кезі келген жерде ытқытып тастап жүре берген.

Әйткенмен, Шалдың өзінше біршама көңіл бөлген тақырыптары бар. Ол — адам өмірі, өмірдің мәні, фәни мен бақи, дін мәселелері.

Адам өмірін жас кезеңдеріне байланысты суреттеу — түрік халықтары поэзиясында Хожа-Ахмет Яссауи заманынан бері келе жатқан әдіс. Шал да бұл тақырыпқа бірнеше өлең жазған, олардың көпшілігі ақынның қартайған, бойынан қуат кетіп, ауру болып ұзақ күнді төсекте жатып өткізген кездерінде туғанға ұқсайды. Бұл шығармалардың сыр-сыпаты әр түрлі. Кейбіреулері: «Елу — ердің жасы, жетпіс — оттың басы, сексен — шоқтың қасы», — деген сияқты бірер шумақ тақпақты сөздер де, кейбіреулері адамның туғанынан өлгеніне дейінгі өмір жолын тұтас қамтитын ұзақ өлең.

Ақынның ерекше қызыға қарап, көзі жасаурай жырлайтыны — қайғысыз, қамсыз, бұ дүниенің күйкі, күйбең тірлігінен аулақ сәби шақ.

Бір жаста, екі жаста бесіктемін,
Бес жаста тәңірі берген несіптемін,
Алты жаста қайыңның тозындаймын,
Жеті жаста ойпаң жер бозындаймын,
Он жасымда сүт емген қозыдаймын...

Сегізде бала болып ойнап едім,
Тоғызда тайлы суға бойлап едім...

Он бес деген жасым-ай,
Жарға ойнаған лақтай...

Бұдан соң тұрған белдер — бозбалалық, жігіттік дәурен, қазақтың халық өлеңдерінде дәріптелетін қайтып келмес, қайран жиырма бес, жігіт ағасының жасы отыз, отыз бес.

Жиырма деген жасым-ай,
Көлге біткен құрақтай,

Отыз деген жасым-ай,
Таудан аққан бұлақтай...

Жиырмада құрып өттім жігіт салтын,
Ойламай ешнәрсенің алды-артын.
Бар болса елде сұлу менікі деп,
Болмапты ешнәрседен сонда парқым...

Бұл бір соққан желдей есіп өткен қызық дәурен.
«Қынаптағы қылыштай» қырықтан соң күрк-күрк жөтелген, ақ
таяқты ақбас кәрілік жетеді.

Кәрілік жарасады сәніменен,
Оның сәні келеді малыменен,
Жолдасы арқа жылтар, аяқ сипар,
Жұмсақ төсек, тәтті тамақ бәріменен.

Шал мұның бәрінен де махрұм еді. Жиын-тойдың көркі болған ақын бойда қайраты бар жас шағын шаруа жайын ойламай, мал жимай, өнермен, өлеңмен өткізген. Сондықтан төсек тартып жатса да, жез таңдайы құрғамаған ақынды жетінші жүт — жетімсіздік бір жағынан қысады. Бұрынғы ойын-күлкі тағы жоқ. Дулы өмір кешкен ақын бұған көнгісі келмейді. Бірақ бойдан күш кеткен, қуаты күн сайын семіп барады. Тек күмбірлеген көмейі ғана сол бұрынғы қалпында сияқты, әлі қарлықпаған, әлі шабысынан танбаған. Жыр төге береді. Кәрілікті даттап, шер тарқатады.

Қартайғанда мүкістеу болар құлақ,
Жас ағып екі көзден тұрар жылап...

Ауыздан опырайып кетер пішін...

Белгісі кәріліктің кеудең толар...

Қартайсаң аяқ, тізең ауырады,
Жатудан жамбастарың жауырады...

Таяққа қартайғанда асыларсың...

Осының бәрі — өмірдің өткендігінің белгісі, кеше «отызында ор қояндай, қырқында қынаптан шыққан қылыштай» болған жанды бүгін «илеген терідей» еткен селкілдеген сексеннің кесірі. Әрине, Шал өз басының күйін ғана жырлап отырған жоқ, бұл — бақырбасты пенденің бәрінің көретін күні. Сондықтан ақын бұл тақырыпқа қайта-қайта оралып соға береді.



Сексенде тұяғыңды серіппейсің,
Селт етіп ешнәрсеге елікпейсің.
Тоқсанда тотықсыған сен қорғасын,
Май құйып қорытқанмен бірікпейсің.
Келеді тоқсан тоғыз, тағы да жүз,
Ер бар ма жүзге келген,
Біз байғұстан күдеріңді үз.

Адам өлді. Келді, кетті. Түк тындырған жоқ. Басқаша болуы мүмкін де емес. Қатардағы қарапайым көшпендінің өмірінде айтарлықтай ерекше не бола қойсын. Туды. Күш-қайраты тасып тұрған жиырма мен елудің арасында табиғат аясында, болмыс, материя туралы ойлардан аулақ, қамсыз тірлік кешті. Ажал жеткен күні өлді. Бар болғаны осы-ақ. Демек, Шал өз өлеңдерінде көшпенді жанның басынан өтуге тиіс жайларды тегіс дерлік қамти алған.

Адам өлді. Өйткені жарық дүние — фәни, өткінші; өмірден көрген қызығымыз аз күндік қана, оған алданбауға тиіспіз:

Өлімнен құтылмассың қашсаң-дағы,
Атадан арыстан туып ассаң-дағы,
Алладан шыныменен жарлық келсе,
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.
Жігіттер, ғибадат қыл маған нансаң,
Намаз оқы алланы ойыңа алсаң...

Жігіттер, жас кезінде тәубаға кел,
Ажал деген көзді ашып жұмғандай-ақ.

Шал сопы емес, әйткенмен біршама діндар адам. Шығармаларына діни сарынның араласуы Шал өмірінің соңғы кезеңінде болса керек.

Елу жасқа келген соң,
Пірдің сөзін сақтадым, —

дейді ақынның өзі де. Әйтпесе, Шалдың «домбыра безеп, жын қуған» жас шағы өзі үгіт айтып отырған адамдарға үлгі бола алмайды.

Шал — мұсылман. Ол үшін құдай — бір, пайғамбар — хақ; «Лә илләһ илә-аллаһ — иманыңыз». Құран шын, алланың құдіретінде шек жоқ.

Жаратты Мәкка менен Мәдинаны,
Жаратты иман, дұға, шын дүнианы.

Мұхаммед үшбу жүрген үмметіне
Жаратты сынамаққа бұ дүнияны.

Жаратып он сегіз мың ғалам етті,
Бірісін ғалым, бірісін надан етті,
Жаратып жын-періні от пен нудан,
Жаратып топырақтан адам етті, —

дейді ақын.

Сондықтан бәрі де құданың әмірінде. Біз — пендеміз; бақты,
бақсыз болуымыз, малды, малсыз болуымыз, жер басу, баспауы-
мыз — бәрі алланың қолында: құдайсыз қурай сынбайды.

Адам басы алланың добы деген,
Қайда айдаса сол жаққа домалайды.

Алайда қазақта мұны түсінуші аз. Мейманасы тасқан жұрт тәңіріні
ұмытқан, құдайды — бір, пайғамбарды — хақ деп білмейді. Ораза
ұстамайды, дәрет алып, бес уақыт намаз оқымайды. Әрине, мұндай
жандардың тілі мұсылман болғанмен, ділі — кәпір. Сондықтан бірде
қымыз ішіп қызара бөртіп желігіп отырған жұрт: «Сіз біздей надан
емессіз, естуімізге қарағанда сіздің сөзіңіз кітап сөзіне жақын көрінеді,
қандай адам бейішке барады?» — деп сұрағанда Шал: құранның
айтуы рас болса, бұл отырғандардан жұмаққа енер бір жан жоқ деген
жауап береді. Сондықтан да ақын:

Жігіттер, ораза ұста, намаз оқы,
Ғарасат майданы бар тергеледі, —

деп, шарифат жолын ұстанбаған жанды о дүниенің азабы күтіп тұрға-
нын ескертеді; керісінше, құдай жолымен жүрген адамға әзірленген
бейіш, мәңгілік рахат бар.

Құранда уассамағи дастан болар,
Бірталай сөйлей берген астам болар,
Аллаға құлшылығы жаққан құлға
Есігі сегіз жұмақ бостан болар.

Ал Шалдың өзі бес уақ намазын қаза жібермей, ислам дінінің
қағидаларын берік ұстанған адам болса керек.

Құдая, мұсылманның дінінде қыл,
Шарабын өліміңнің ішкен шақта,
Сапарымды айт, жұма күнінде қыл,



Тәнімнен ғазиз жаным айырғанда,
Иманымды ұмыттырмай тілімде қыл,
Жиылып халық соңыра сап тұрғанда,
Мұхаммедке үммет болған елінде қыл!

Бұл тұрғыдан алғанда, Шал, шынында да, Мұхаммедтің үмметі деген атын ақтаған жан, сәждеден маңдайы кетпеген тақыр басты таза мұсылманның нақ өзі.

Алайда Шал эстетикасында тәңірінің, діннің алатын орны шамалы-ақ. Ақынның түсінігіндегі жақсылық пен жамандық, рахым мен зұлымдық құдай атымен байланыса бермейді. Шал моралі діни мораль емес, адамгершілік моралі, сондықтан Шал этикасы теологиялық болып шықпаған.

Жақсыны алыс, жаманды жақын деме,
Жақсы атансаң біреудің хақын жеме,
Жақсымын деп момынның малын жесе,
Жаман адам сол болар, мақұл деме.

Бұл жерде құдайдың басқа салғанына көну туралы ештеңе де жоқ. Зұлымдыққа жол бермеу, жамандықты бетке қағу әр жанның парызы дейді ақын. Жақсылықтың отын маздататын да адам, жамандықтың түтінін бықсытатын да адам. Шарапат — жақсыдан, кесапат — жаманнан. Бәрі адамға байланысты деп ұғады Шал. Сондықтан ол өз шығармаларында жақсылық қайдан шығады, жақсы адам дегеніміз кімдер, жамандық неден туады, жаман адамдар қандай деген мәселенің төңірегінде біраз сөз қозғайды.

Ақынның осы тақырыпқа арналған нақыл сөздерінің бірін келтірелік.

«Қарауыл қана дейтін бір қатын болады: таңертең тұрады, түндікті оңынан ашады, кетіп бара жатқанға көз салып, өтіп бара жатқанды адал алады. Екінші әйел — қыналы бармақ дейтін: аз нәрсені көптей қылады, көп нәрсені көлдей қылады, киіміне кір жуытпайды, асына қылшық тұрмайды, дүниесінің бәрі таза болады, ерінің бары-жоғын білгізбейді; ер егіз, еңбексіз жалғыз деген, осы талайлы ердің қолына түседі. Үшінші — алып атар... жатып ішер... бастама етік көрпілдек, — сор маңдай ерге жолығады...»

Ақынның жақсы жігіт, жаман жігіт, жақсы келін, жаман келін туралы жазған шығармалары да осы мазмұндас келеді.

Шал қазақтың ескі патриархалдық қоғамының қаймағы бұзыла бастаған заманында өмір сүрді. Ол жұрттың алты бақан алауыздығын, аталас рулардың қоныс үшін, қыстау үшін, кейде тіпті ежелден келе жатқан ескі кектің жөнімен өзара иттей таласып қырқысуын көрді.

Сондықтан ол адамның адамдық қасиетінің бір белгісі бірлікке, ынтымаққа ұмтылушылықта деп біледі. Ағайын татулығы — ел ырысы.

Ағайының көп болса,
Бірлігі оның бек болса,
Жамандық жер кез келсе,
Бір-біріне сеп болса...

Шәйі, сиса, асыл қылыш — ердің көркі,
Ер жігіт жауға аттанған — елдің көркі,
Жарасар әрбір нәрсе өз сәнімен,
Аққу-қаз — айдын шалқар көлдің көркі.

Гүл-шешек орман өсіп желкілдеген,
Биік тау, асқар төбе — жердің көркі,
Ағайын бір уақыт жақсы болса,
Сонымен табылады елдің көркі.

Үгіт, насихат түрінде жазылған өлеңдер, таза ақыл беру, үлгі айту тұрғысынан келетін шумақтар ақын творчествосында баршылық. Олардың көпшілігі, жоғарыда көрсетілгендей, жаман не, жақсы не деген мәселенің төңірегінде құрылған.

Жамандар өзін-өзі зорға балар,
Бір өзінен басқаны төмен санар.
Жақсылар ағын судай, асқар таудай,
Жаймалап қайда жақсы орын алар.

Ақын жақсылықты ту етіп көтереді, мадақтайды, дәріптейді; жамандықтың барлық түрін жерлейді, сөгеді, жұртқа жиренішті етіп көрсетуге тырысады.

Бұл жерде тек Шалға ғана емес, біз сөз етіп өткен Шалкиіз, Бұқар жырауларға, қала берді, бүкіл көне қазақ әдебиетіне қатысы бар бір мәселенің бетін ашып алуымыз керек.

Үгіт-насихат түрінде келетін ескі өлең-жырларды менсінбеу, оларға кемісіте қарау бар. Бос ақылгөйсу, құрғақ ділмарлық деп есептеледі.

Әдебиеттің адам тәрбиелеу мектебі екені белгілі. Күні кеше ғана М.Горький: «Мен өзімде бар жақсылықтың бәрімен кітаптарға борыштымын», — деген жоқ па.

Жаңа заманға — жаңа тұрпатты әдебиет, жаңа дәуірге — жаңа поэзия. Неруда поэзиясы бұдан 150 жыл бұрын жасалса, Гетенің ол туралы: «Мәнсіз, мағынасыз бос даңғырақ!» — деп айтпайтындығына

Бұл сарын жалпы түрік халықтары әдебиетіне тән екендігін айта кеткен жөн. Салыстырыңыз: «Женщины бывают четырех родов: одни — наводящая бледность порода, другие — оставляющий пресыщение пир, третьи — опора дома, четвертые — хуже всего, что бы ты ни сказал. Опора своего дома — это та, которая когда из степи в дом приходит гость, когда муж ее на охоте, того гостя накормит, напоит, уважит и отпустит...» Книга моего деда Коркута. М.; Л., 1962. С. 13.



кепіл бере қою қиын. Сол сияқты көне дәуір мұрасына да дәл бүгінгі күннің әдебиетіне қояр талап тұрғысынан қарау — парықсыздық болар еді.

Күнді уақыт итеріп,
Көкжиектен асырса,
Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса,
Сонда көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа...

Немесе:

Келдік талай жерге енді,
Кіруге-ақ қалдық көрге енді.
Қызыл тілім буынсыз,
Сөзімде жаз бар шыбынсыз,
Тыңдаушымды ұғымсыз
Қылып тәңірім берген-ді.

Мұндай сөздерді Абайдан басқа қазақ баласы күні бүгінге дейін айта алған емес.

Көркемдіктің заңғар шыңынан табылатын, сырлы ырғақ, әсем үйлесімді, терең ой, мұң-назды бұл туындылар ақын аузынан «аһ» дегенде шыққан жалын, қас зергер, қас суреткердің өз кеудесінде тұтқындап ұстап тұра алуы мүмкін емес, қалайда жарық дүниеге жол табуға тиіс жан толқынысының көріністері. Бірақ Абай мақсаты — ішін қысқан дерт-жалынын жариялау емес, «қалың елі, қазағы, қайран жұртын» ел қатарына қосу, өз заманының жолсыздықтарын түзеу. Жамандықты жазбай танып, оған жанымен күйген азамат ақын бар ойы — ұйқы, тамақ, озса мал бағудың төңірегінен ұзамаған, ұрлық-қарлық, барымта, ру аралық керістер жайлаған, үкімет, низам езіп, тегіс құл-құтанға айналған, заманның күйкі тірлігіне көмілген, талаптан да, талпыныстан да махрұм қалың қазаққа сөзін қалай ұғындыра алар?

«...Таба алмадық өңге елді». Тауып қажеті де жоқ. Демек, күресу керек. Әділет үшін, ақ жол үшін. Келер ұрпақ үшін. Ақынның жалғыз-ақ қаруы бар еді — қауырсын қалам. Ақын майданға шықты. Әжуалады, мысқылдады, кекетті; намыстарына тиді, қорлады; өзімен бірге жұртты да егілтіп, өксіп-өксіп жылады; үлгі шашты, ақыл айтты. Абайдың моралистік, дидактикалық сарындағы өлеңдері осылай туды. Абай әлемдік лириканың деңгейінде жазылған туындылардың, өзгеше тұрпатты поэмалардың авторы болмаған күннің өзінде, тек наданмен,

зұлыммен алысқан, көшпенді қара қазаққа насихат айтқан өлеңдерімен-ақ қазақ әдебиетінің тарихынан құрметті орындардың бірін алар еді. Өйткені ақын өз дәуірінің, өз ортасының тілегін орындады, өз замандастарының санасын жаңғыртып, оларды қараңғы қапас жалғаннан жерітіп, нұрлы дүниеге жетелемек болды.

Бұқар жырау, Шалдардың насихат өлеңдері де осы іспеттес мақсаттан, бауырластарын жаманшылықтың кесапатынан жирендіріп, бойына жақсының шапағатын дарытпақ ниеттен туды. Күні бүгін бізге балаң, аңғал, әлсіз көрінгенмен бұл шығармалардың өз кезінде жастарды тәрбиелеуде, тентекті тыюда игілікті қызымет атқарғаны күмәнсіз.

Шал — жаңа типтегі ақын; кейін исі қазаққа мәшһүр болған, орыс этнографтары мен әдебиетшілерін өзінің төкпе жырымен таңырқатқан Жанак, Арыстанбай сияқты ақындардың атасы.

Шежірелі қартың болса,
Қағазға жазған хатың деген,
Қарттың сөзі кітапқа жақын деген, —

іспеттес жыраулық поэзия үлгісінде келетін жолдар Шал творчествосында некен-саяқ.

Жырау поэзиясына сырттай еліктеуден туған, кейін ескі дәстүрден қол үзіп кетпеген ақындардың сүйікті мақамы болған тақпақты нақыл термеге де Шал онша ықылас қоймаған. Шалдың сүйікті ырғағы — ескі II буынды қара өлең үлгісі.

Кейін Абай тұсында аяқталған қазақ әдебиетіндегі зор бетбұрыстың кейбір белгілерін Шал поэзиясынан аңдауға болады.

Бұл күнде көңілім ауыр қорғасыннан,
Көп қылдым жігіттікті мен басымнан.
Сауырдан су төгілмес боз жорға едім,
Тарлан тартса танбайтын жорғасынан.
Өткен еске түскенде құлазимын,
Ақ киіктей айырылған ордасынан.

Бұл ақынның өзіндік «мені» көрінген лирикалық поэзиясының үлгісі. Мұндай жолдарды, мәселен, Бұқардан ұшырата алмаймыз. Шал ескі сүрлеуден шығып кеткен.

Ақынның «Жер түрлентіп жараттың» деп басталатын тағдырға налыған өлеңі де осы іспеттес. Жер — желкілдеген бозымен, қой — бауырындағы қозымен көрікті. Тау — жылғалап аққан бұлағымен, көл — жағалай біткен құрағымен, ешкі — бауырындағы лағымен көрікті. Тек ақын ғана жалқы, ақын ғана жалғыз: оның перзенті жоқ. Ақын өзін зар шеккен баласыз арқарға теңейді.



Шалдың тағы бір шығармасынан үзінді келтірейік:

Дегдар қыз екенсің бір алма мойын,
Ұжмақтан жаратылған жұпар қойын.
Жарқырап зәуіредей екі көзің
Таранған әр тарапқа созып мойын.

Сіздердің мен таңқалдым жамалыңа,
Ақылға толықсыған кәмалыңа.
Асыл қой баға жетпес осындай қыз
Әр елдің аты шыққан тарауына.

Ескі ұғым бойынша «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа». Шалға дейін әйел заты жеке ақындар творчествосында сөз болмаған. Көшпенді рыцарь Ақтамберді де сөз әйелге келгенде:

Сынға толса сияғы,
Келбеті шамның шырағы, —

деп өте шығады. Ал жоғарыдағы шумақтар әлсіз де болса, кейін Абайлар жасаған асқарға барар жолдағы кішкене төбешік, асулардың бірі.


Шал қазақ өлеңін тақырыптық жағынан да байытты. Оған дейін ешкім де:

Қазаққа пайда мынау: малын бақсын,
Отқа жайып, суарып, бағып-қақсын, —

деген сияқты, шаруашылыққа, тұрмысқа байланысты жайларды өлеңге қоспаған болатын. Күнделікті өмірдің күйбеңі, от басы, ошақ қасының әңгімесі баяндалатын бірлі-жарымды шумақтардың өзінің белгілі бір мәні бар. Өлең шырқау биіктен түсіп, өмірмен қоян-қолтық араласты. Алайда дәл осы артықшылығы — Шал творчествосының кемістігі де. Поэзия тым қарабайырланып кетті, не болса сол өлеңге қосылып, баяғы Шалкиіз, Бұқарлар тұсындағы көркемдікке, ойлылыққа құрылған жырлардың ауылы алыстады.

Осы тұрғыдан алғанда, Шал поэзиясы шегініс болып есептеледі. Бірақ бұл алға қарыштай басу үшін қажет, соқпай өту мүмкін емес шегініс еді.

Шал творчествосы ескі жыраулық поэзияның күні өткендігінің жаршысы болды. Алайда бұл Шалдың жеңісі емес, заманның өзгергендігінің, әдебиеттің жаңа өріске шығуының нәтижесі-тін.





ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ҚЫЗЫЛ ТІЛ...

Абай

ҮШІНШІ ТАРАУ



АҚЫН ЖӘНЕ ЖЫРАУ

Ерте-ерте заманда, ешкі құйрығы келте заманда жер бетін мекендеген халықтардың ешқайсысы ән дегеннің не екенін білмепті, өлең дегеннің не екенін білмепті. Өлеңсіз өмір — тұл: қасиетті өлеңнің сарынын естіп көрмеген адамзат күлкісіз, қуанышсыз күн кешіпті. Ол кездерде жиын-той деген болмапты, ойын-сауық деген болмапты. Жұрттың бәрі тұнжырап жүреді екен, жұрттың бәрінің еңсесін мұз басқан екен, өйткені қайғы келсе, қаза келсе көңілді серпілтер сырлы өлең ол заманда әлі адамның қолына түсе қоймаған екен. Бір рет көңілін мұң шалған адам, бір рет қасіреттің дәмін татқан адам сол мұңлы күйінде, сол қасіретті күйінде өмірден өксіп өтеді екен, өйткені ол кезде қасиетті өлең жер бетінен аулақта жүрген екен. Ол заманда қайнардан шықса да, жиегін көгал көмкерген қиыршық малта тасты бойлай ақса да бұлақ сылдырламапты, самал жел соққанда тоғай сыбдырламапты, көкжиектен құлан иектеніп даланың әсем таңы атқанда бозторғайлар шырламапты; бүкіл даланы басқан өлі тыныштықты тек гулеген жел ғана бұзады екен, өйткені ол заманда құдіретті өлең әлі көкте екен, оның әлі табиғатпен бауырласа қоймаған кезі екен.

Ақыры, күндердің бір күні сырлы өлең, сұлу өлең, қасиетті, құдіретті өлең, әлде жеті қат көктің ең биігінде тұра беруден жалығып, кең даланың үстіне төңкерілген көк күмбездің аясында сайран салғысы келді ме, әлде қуаныш, сүйініштен ада, көңілдерін кір басқан сорлы адамзатқа жаны ашып, бір қайырымын тигізейін деді ме, әйтеуір өзінің ежелгі мекенін тастап, әлемнің төрт бұрышын түгел араламақ болып сапарға шығыпты. Өлең өзінің көңіл күйіне қарай кейде жерге жақындап ұшады, кейде қыран қалықтар биікте, ал кейде тіпті жоғарыда шарықтайды екен. Өлең жерге жақындап ұшқанда сол маңайды мекендеген елге оның бар сазы, бар сарыны, әні, күйі, жыры тегіс анық естіледі екен де, жұрт қолма-қол қағып алып үйрене қояды екен. Өлең биігірек ұшқан жерлерді мекендегендер де жырдың мән-мағынасын біршама ұғып үлгеріпті. Ал өлең тіпті шырқап ұшқан жерлерге оның сарыны жетпей, ол жерді мекендеген халықтар ән-күйден, жырдан мүлде мақрұм қалған екен.

Өлең қазақ даласының үстімен жер бауырлап өтіпті дейді, қазақтардың ақындығының сыры осында көрінеді.



Бұл — қазақтың көп аңызының бірі. Алайда ол халқымыздың өлең-жырды қаншалық қадірлейтінін көрсетеді, көркемөнерге көзқарасынан елес береді. Г.Потаниннің сөзімен айтқанда, бұл аңыз қазақтардың ақындық өнердің ерекше құдіреттілігі, қасиеттілігі жөніндегі түсінігін бейнелейді.

Арабтардың жалаң аяқ, жалаң бас балаларына дейін өзіне қойылған сауалға көркем өлеңмен жауап бере алатыны жайында Арабстанның шөлін кешіп, аптабына күйіп, көшпенділердің шатырында түнеген Еуропа саяхатшыларының қайсысы болмасын таңырқай баяндайды, біздің қазақтардың да ақындығы осы дәрежеде дейді Шоқан. Бұл — жалғыз Шоқанның ғана аузынан шыққан сөз емес. Қазақтардың ақындығы, сөз өнеріне ерекше құрметпен қарайтындығы, қазақтың халық әдебиеті үлгілерінің құндылығы жайында орыс әдебиетшілері мен этнографтары, тіпті өткен ғасырдың өзінде-ақ ғылыми маңызын күні бүгінге дейін жоймаған көптеген салиқалы пікірлер айтты.

«Рухани жағынан алғанда қазақтар бойына үлкен қабілет дарыған халықтардың қатарына жатады. Олардың әдебиеті байлығымен де, мазмұндылығымен де ерекше көзге түседі», — деп жазады Д.Клеменц. «Қазақтар нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп біледі, сондықтан олардың поэзиясы дамудың жоғарғы сатысына жеткен», — дейді В.Радлов.

Орыс оқымыстылары қазақ поэзиясын өте жоғары бағалайды. «Жасандылық пен жылтырақтықтан ада қазақ өлеңдері өзінің жоғары көркемдігімен, сонымен қатар қарапайымдығымен, шыншылдығымен бізді таң қалдырады», — деп жазады М.В.Готовицкий. «Пәк, таза қазақ поэзиясы — үлкен творчестволық күштің жемісі», — дейді А.Е.Алекторов.

В.Радлов атап көрсеткендей, қазақ поэзиясының дамуының қайнар көзі — халықтың нақысты сөйлеуді бар өнердің алды деп білетіндігінде. «Өлең, жыр — қазақтардың жан серігі. Жай қарапайым адамдардың өзі суырып салып айтуға бейім тұрады», — дейді П.И.Пашино. «Қазақтар сөз өнеріне жетік келеді. Бұл — жұрттың бәріне: оқыған адамдарға да, әліпті таяқ деп білмейтіндерге де, байға да, жарлыға да тән қасиет», — дейді А.Брем.

Әрине, өлеңді әркім өз шамасына орай шығарады. Және ұйқасы келіп қиыстырылған сөздің бәрі саф таза поэзия емес. Сондықтан да жыр құмар жұрт ақындық қабілеті күшті адамдарға ғана бас иеді. Оларды ерекше құрметтейді, қадыр тұтады.

«Бір кезде арабтар өз ортасынан шыққан сөз зергерлеріне қандай құрметпен қараған болса, қазақтар да өз ақындарына соншалық қадыр-құрметпен қарайды; орта ғасырларда еуропалықтар миннезингерлер

мен менестрельдерге қаншалық ілтипат көрсеткен болса, қазақтар да өз ақындарына соншалық ықылас-ілтипат көрсетеді», — деп жазады М.В.Готовицкий.

Әрине, сөз өнеріне мұндай мән берілген жерде ғылым-білімнің төмендігіне қарамастан поэзия дамып, биік өрге жетуі заңды құбылыс. Көркемөнер мен әдебиеттің даму қарқыны қоғамның өндіргіш күштерінің өресімен сәйкес келе бермейтіндігі белгілі. Ал осы бай, көне поэзияны тудырушылар кімдер?

Қазақ сөз өнерінің өкілдері ескіде өздерінің репертуарларына және орындайтын шығармаларының сыр-сыпатына қарай ақын, жырау, жыршы, өлеңші деп бөлінген. Сал-серілерді де белгілі дәрежеде осы топқа қосуға болады. Бұлардың өзіндік ерекшеліктері жайында әдебиетші ғалымдарымыз біраз пікірлер айтқан. Біз тек ақын мен жыраудың творчестволық тұлғасы және олардың поэзиясындағы өзгешеліктер хақындағы кейбір ойларымызды баяндамақпыз.

Ноғайлының ауыр іұрт
Абдырады, ойланды.
Ойланып кеңес тапмады.
«Аузында отыз тісі босаған,
Сып аяқты, сып бөрікті
Сыпыра сынды сып жырау
Жағын жібекменен тарттырып,
Салтанатқа үлде менен бүлдені арттырып,
Алып келші бері!» — деп еді,
Сып аяқты, сып бөрікті
Сыпыра сынды сып жырау
Алып бір жетіп келгіш-ден,
Еңкейіп үйге кіргіш-ден,
Қол қусырып тұрғыш-дан,
Тұрды-дағы толғайды,
Толғайды да сарнайды.
Сарнайды да жырлайды,
Жырласа сансыз ноғай қорлайды.
Өкіліне түскен йақсылар,
Бұ не болды деп
Шыдай алмай жылайды,
Өкіліне түсмес жамандар
Қартайғанда қазымыр
Нені айтып былшылдайды деп,
Жүре бара жатып тыңдайды.



«Мен қартыңмын, қартыңмын,
 Не көрмеген қартыңмын:
 Бастық та, Бастық, Бастық хан
 Оны көрген қарыңмын,
 Ондан соңғы Кедей хан
 Оны көрген қарыңмын,
 Ондан соңғы Ала хан
 Оны көрген қарыңмын,
 Ондан соңғы Қара хан
 Оны көрген қарыңмын,
 Ондан соңғы құлағы шұнақ Назар хан
 Оны көрген қарыңмын,
 Он екі тұтам оқ атқан
 Ондан соңғы ер Шыңғыс
 Оны да көрген қарыңмын.
 Мұнарасы қырық құлаш
 Өзден сұлтан Жәнібек
 Оны көрген қарыңмын...»

Академик Ә.Марғұлан атап көрсеткендей, бұл жолдар жырау бейнесін және оның қоғамдық рөлін біршама дәл бейнелейді. Яғни жырау өз руластарының ақылшысы, көсемі. Көпті көрген көне қалт айтпайды, сондықтан оның сөзі, берген кеңесі жерде қалмайды. Өз сөзінің құдіретін білген жырау жай ақылшы ретінде ғана емес, әмірші ретінде де сөйлейді.

Жыраудың хан алдында осыншама ықпалды болуы — халық арманынан туған жай аңыз емес; бұған дәлел ретінде арыдағы Шалкиіз, Жиёмбеттерді былай қойғанда, күні кеше өткен Бұқардың өзінің Абылай алдында қандай бедел, құрметпен пайдаланғанын еске түсіру жеткілікті.

Орта ғасырдағы оғыз-түрік эпосы «Кітаби дәдәм Қорқыттағы» Қорқыт жайында айтылған сөздер көне заманда тіл өнері өкілдерінің ел арасында қаншалық ықпалды болғандығын көрсетеді:

«Оғыз жұртының басына екіталай іс түссе пәтуаны Қорқыт Ата айтатын. Маңызды мәселелердің барлығы да соның алдынан өтуге тиіс еді. Қорқыт Ата берген кеңес жерде қалмады, оның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды».

Әрине, мұндай беделге Қорқыт өзінің дарыны мен даналығының арқасында ғана жетеді.

Қорқыт – жырау. Жырдағы Қорқыт атынан берілетін нақыл, афоризмдер көп реттерде қазақ жырауларының толғауларын еске түсіреді: «...Питаясь травой, местные пастбища знает дичь; луга ровных мест

Книга моего
 деда Коркута.
 М.; Л., 1962. С. 11.

знает онагр; следы далеких, далеких путей знает верблюд; запах семиследы далеких, далеких путей знает верблюд; запах семи долин знает лисица; чередование дневного света и ночи знает жаворонок; от кого родился сын знает мать; кто из людей тяжел, кто легок, знает конь...» Сол сияқты, көне замандағы жыраулар да өзінің ақыл-парасатының нәтижесінде атақ-абыройға ие болады, жырының құдіреті арқасында ғана өз тайпасының көсемі дәрежесіне дейін көтеріледі.

Егер халық «Өнер алды — қызыл тіл» деп есептесе, сол тіл өнерін жете меңгерген, аузын ашса болды көмекейінен күмбірлеп жыр құйыла жөнелетін адамның жұрт алдында зор беделге ие болуы заңды құбылыс. Сөз өнерін тек қазақтар ғана емес, қазақ сияқты көшпенді халықтардың барлығының да аса жоғары бағалап, өздерінің ақын-жырауларына бас игенін көреміз. Бұл жайында араб әдебиетінің тарихын жазған профессор Ханна аль-Фахури: «Басқа жұрттың сөзінен гөрі, ақынның сөзі өтімдірек келетін; кейде оның беделі мен билігі, тіпті ру көсемінен де артық болатын», — дейді.

Көшпенділер арасында тіл өнерінің қадірлілігі сондай, сөз зергерлері кейде шыққан тегіне қарамастан үлкен әлеуметтік сатыға көтерілетін болған. Араб классикалық поэзиясының даңқты перзенттерінің бірі Антара сүйегі құл, тәні қоңырқай түсті екендігіне қарамастан, өнерінің арқасында өз руының көсемі дәрежесіне жеткені белгілі. Әрине, бұл жекелеген жағдай. Әйтпесе, өз руының көсемі қызметін атқарған исламға дейінгі араб ақындарының көпшілігі-ақ билеушілер тобынан шығып отырған. Өз әміршілері алдында үлкен беделі болған Шалкиіз, Жиёмбет сияқты жыраулар да дала феодалдары тобынан. Алайда олар өзінің хан алдындағы, халық алдындағы құрметіне шыққан тегімен емес, құдіретті сөзінің күшімен жеткен.

Ақылының, ақындық қуатының арқасында ру көсемі дәрежесіне дейін көтерілген жырау көне жаугершілік заманда сол тайпаның қолбасы батыры рөлін де атқаруға тиіс еді. Исламға дейінгі Арабстан ақындары көбіне өз тайпасының әрі көсемі, әрі батыры. Араб әдебиетінің қалыптасу тарихындағы көрнекті тұлғалар Имр-уль-Қайыс (500—540), аль-Мухальхиль (531 ж. өлген), Антара ибн-Шаддат аль-Абсилер (525—615) осындай. Сол сияқты, патриархалдық-феодалдық қоғамның гүлдену дәуірінде өмір сүрген қазақ жыраулары Шалкиіз, Жиёмбет, Қазтуған, Доспамбеттер де қолбасы батырлар.

Өзінің қаншалық әлуетті батыр екендігі жөнінде Қазтуған:

Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің

Сонда. 12-б.

Ханна аль-Фахури.
История арабской
литературы. Т. I.
1959. С. 51-52.



Арасын өтіп бұзып дінді ашқан
Сүйініш ұлы Қазтуған! —

дейді.

Ал Жиёмбет Есім ханға:

Менің ер екемді көргенсің,
Қайратымды білгенсің. —

деп сөйлейді.

Шалкиіздің Темір биге қаратып айтқан:

Тор бала құсты қолға алып,
Торы төбел ат мініп,
Сенің көп жортқанмын соңыңнан, —

деген сөздері тек саятшылыққа ғана қатысты емес.

Ал Доспамбет:

Кірмембес ауыр қолға бас болып,
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын, —

деп ашық айтады. Өлеріндегі толғауында ноғайлыда талай батырлар өтсе де, солардың бәрінен өзінің сән-салтанаты асып, алмамен ат жемдегенін мақтаныш тұтады.

Кейініректе жыраулардың бұл функциясынан айырылғанын байқаймыз. Өзі батырдан туғанмен Бұқар батыр емес, ақылшы би ғана. Алайда бойында қайраты бар кезінде оның да әскери жорықтарға қатысып отырғандығы аңғарылады.

«Абылай хан жорыққа аттанбақшы болса Бұқарекенді алдырып, жұлдыз оң ба деп айдың, күннің сәтін сұрайды екен. Сәуе көріп беріңіз дейді екен. Сары бура келіп сенің туыңның түбінде тұрып пәлен жаққа қарай шабынды десе, сол айтқан жағына бет алып аттанса, шауып, жаншып, алып келеді екен. Жоқ, сары бура келгенімен туыңның түбінде шөгіп, мойынын жерге жабыстырып жатып алды десе аттанбайды екен», — деп жазады Бұқар шығармаларын жинастырған Мәшһүр-Жүсіп. Бұқар Абылай көрген түстерді де жорып отыратын болған.

Жырау сөзін (жыраушы) Қырым татарлары тек ақын деген ұғымда ғана емес, сәуегей, балгер мағынасында да қолданады екен. Соған қарағанда сәуегейшілік, батагөйшілдік, яғни абыздың кейбір функцияларын атқару ескі заманда жасаған жыраулардың бәріне ортақ қасиет

болуға тиіс. Бұл қазақтың ғана емес, Еуропаның ертеректе жасаған сөз өнері өкілдерінің де басынан өткен жай. Мәселен, көне Англиядағы англо-сакстардың жыраулары скоптар мен глимендер тек ақын, жыршы ғана болмаған, олар табиғат құбылыстарына сүйеніп болжал айтады екен, кейде тіпті зікірші, арбаушы қызметін де атқаратын болған.

Алайда жыраудың жыраулығының ең басты белгісі — ақындық, яғни өз жанынан өлең шығарғыштық қабілетінің болуы. Жырау деген атаудың өзінің «жыр» сөзінен шыққандығы күмән туғызбайды.

Жырау сонау көне замандардың өзінде, ең алдымен, ақын ретінде танылған сияқты. Махмұд Қашғари жырау сөзін (йырағу) өлең шығарушы, музыкант деп түсіндіреді.

Жырау репертуарының өзгешеліктері оның қоғамда алатын орнына байланысты.

Жырау — өз тайпасының рухани тірегі, ақылгөй ақсақалы. Сондықтан да ол албаты сөйлемейді. Ол тынышсыз көшпенділер арасында күнделікті болып тұратын кикілжің оқиғаларға араласпайды, күйкі өмірдің қамы туғызған от басы, ошақ қасының, қара қазанның жайы да жырау назарынан тысқары жатады.

«Патриарх, ақын, әрі халық мүддесін білдіруші жырау топ алдына өте сирек, аса қажет жағдайларда ғана шығады. Халық қадір тұтқан ақсақал жыраудан жұрт толқыған, халық дағдарған, бүліншілік шыққан, немесе ел шетіне жау келген кездерде ғана кеңес сұрайтын болған. Мұндай реттерде жырау жұртшылықты абыржымауға шақырып, оларға дем беріп, істің немен тынатыны жайлы болжалдар айтып отырған», — деп жазады академик Ә.Марғұлан жыраудың қоғамдық рөлі жөнінде.

* * *

Жыраудың ең сүйікті жанры — толғау. Толғау, осы сөздің өзінен де көрінетіндей, толғану, толғаныс деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің ойға да, сезімге де қатысы бар. Сондықтан да толғаудың өзін ойға құрылған толғау, сырға құрылған (лирикалық) толғау деп жіктеуге болар еді.

Ой толғауларда жырау, ең алдымен, философ. Мұндай толғаулар нақыл, тақпақ, афоризм түрінде келеді. Атақты жыраулардың толғауларында кездесетін афористік сөздердің көбі мақал-мәтелге айналып кеткен. Сонымен бірге жырау өзінің замана жайындағы түйгендерін, мораль, этика хақындағы ойларын баяндайды, қоғамдық мәселелерді көтереді. Сол сияқты, әлем, болмыс, тіршілікте, табиғатта болып

Махмұд Қашғари.
Диуани лугатит-
түрік. III т.
Ташкент, 1963.
43-б.

Марғулан А.
О носителях
древнего
поэтического
искусства
казахского
народа
// М.О.Ауэзову.
Сборник статей
к его шестидеся-
тилетию. Алма-
Ата, 1960. С. 73.



жататын өзгерістер, оның мән-мағынасы жайындағы түсініктерін де білдіруі мүмкін.

Мұндай толғаудың үлгісі ретінде Шалкиіздің «Шағырмақ бұлт жай тастар...», «Асқар, асқар, асқар тау», «Ор, ор қоян, ор қоян...», Бұқардың «Айналасын жер тұтқан», «Ақсаңнан биік тау болмас», «Ай, заман-ай, заман-ай...», «Ей, айташы, алланы айт!» сияқты туындыларын келтіруге болады.

Ал сыр толғаулардағы негізгі жүкті көтеретін — сезім, эмоция. Бұл топтағы шығармаларда жалпы жырау поэзиясына тән үгіт, насихат, дидактика мүлде дерлік ұшыраспайды. Жырау ел басына түскен ауыртпалыққа немесе басқадай белгілі бір оқиғаларға өзінің реакциясын білдіреді. Мұндай толғаулардан жыраудың өзіндік «мені» де бой көрсетеді.

Лирикалық толғаулардың үлгісі ретінде Қазтуған мен Доспамбет шығармаларын, Шалкиіздің «Балпаң, балпаң басқан күн», Бұқардың «Кіші қара қалмақ бүлерде» сияқты жырларын атауға болады. Толғаудың бұл түрі эпоста кеңінен қолданылады. Мәселен, «Ер Тарғындағы» Тарғынның белі мертігіп жатқанда айтатын толғауы осындай.

Жырау репертуарынан әр түрлі тақырыптағы арнау жырлар да үлкен орын алады. Мұндай жырлар, әдетте, әмірші атына қарата айтылады. Оның белгілі бір іс, әрекетін мадақтап қостау, иә даттап наразылық білдіру, немесе белгілі бір оқиғаға байланысты ақыл, кеңес беру тұрғысында келеді. Кейде мұндай шығармалар ода түрінде болуы да мүмкін.

Арнау жырлардың үлгісі — Шалкиіздің би Темірге наразылық ретінде айтқан «Аспанды бұлт күрсайды» және оны хаж сапарынан тоқтау үшін айтқан «Қара бас күспен шалдырып» деген сөздермен басталатын шығармалары, Жиёмбеттің Есім ханға айтқан өлеңі, Бұқардың «Абылай орыспен соғысам дегенде айтқаны», Байтоқ, Жанұзақ одалары, т. б.

Біздің жырау репертуарындағы шығармаларды бұлай жіктеуіміз, әрине, шартты түрде ғана.

Жаугершілік заманда жырау — жауынгер де болуға тиіс еді дедік. Бұл жайт жыраулар творчествосында үлкен із қалдырды. Жырау туындылары, әдетте, өршіл романтизмге, азаматтық пафосқа толы келеді. Жырау аузынан шыққан жырлар өзінің сыртқы формасымен де, ішкі мазмұнымен де, көбіне-ақ, ұран іспеттес. Сондықтан да жыраулық поэзия — белгілі дәрежеде жаугершілік поэзиясы. Жауынгер жыраулар Шалкиіз, Доспамбет туындылары, міне, осындай.

Өзі де жорықтарға қатынасып отырған, кейде, тіпті батыр, қолбасы да болған жыраулар әскери тұрмысқа қатысты сан алуан жырлар туғызуға тиіс еді. Біздің заманымызға жеткен бұл тақырыптағы шығар-

малар батырдың өзіне, атына, қаруына мадақ немесе жауынгерлерді ерлікке, жаудан тайсалмауға шақырған өр ұран, иә болмаса қайрау бермеген қара қанжардай қайтпас ерлерді мадақтау, қаза болған батырларды жоқтау түрінде келеді.

Жауынгер ретінде жорықтарға қатысу жырау репертуарын одан ары байытты. Ескіден қалған мол мұра — қаһармандық жырларды туғызушылар — жыраулар болып есептеледі.

«Қазақтың белгілі батырлар жырын ең әуелі Жиен, Шөлгез, Сыпыра жыраулар сынды жыраулар шығарып таратса керек. Нұрпейіс Байғанин де, Мұрын жырау да өздері жырлап берген батырлар жыры алты-жеті атаға дейін жыраудан жырау үйреніп таралғандығын және желілі жырларды ақындардан емес, жыраулардан үйренгендігін айтады», — дейді профессор Е. Исмаилов.

Біздің заманымызға жырау атымен жеткен Мұрын өз жанынан тың тақырыпқа өлең шығарып айта алмайтын болған. Яғни Мұрын шын мәнісінде жай жыршы ғана; ал жырау деген атау оған қаһармандық эпосты өте көп білгендігі үшін берілген.

Жырау сөзі қарақалпақ, өзбек тілдерінде де ұшырасады. Бірақ бұл термин тек эпикалық жырлар айтушы (яғни жыршы) деген мағынада ғана қолданылады.

Бұл мәліметтер жыраулардың ескіде эпостың жасалуында және қалыптасуында үлкен қызмет атқарғандығын көрсетеді.

Қазақтың қаһармандық жырларының, әсіресе ноғайлы цикліндегі жырлардың көне заман тарихи оқиғаларын біршама дәл бейнелейтіндігі көпке белгілі. Әрине, бұл жырларды әу баста сол оқиғалардың куәсі болған жыраулар шығарған.

Бажайлап зерттеген адам эпостарымыздан жыраулар ізінің табын, кейде, тіпті олардың шығармаларындағы тұтас жолдардың пайдаланылуын аңдайды. Кейбір мысалдар келтіре кетейік.

«Қабанбай» жырында сексеннің сегізіндегі Бұқар жырау ауырып әл үстінде жатқан батырдың басына келіп толғау айтады.

«Мың жылқыны суарған
Сарқылмас қайнар бұлағым!
Қашқан жауды құтқармас
Белдеуде тұрған пырағым!
Жел жағымда жайылып жатқан саяғым!
Ұлы таудың тасына
Сүйенетін таяным,
Арқамды күнге күйдірмес
Шағырдан алған бояғым!

Исмаилов Е.
Ақындар.
Алматы, 1956.
44-б.



Арғыннан айттым жүз кісі,
Алшыннан айттым жүз кісі,
Үйсіннен айттым жүз кісі,
Осы айтылған үш жүздің
Басы өзім боламын,
Қара мойын қағынды
Шалатұғын лағың!..»
Тағы да Бұқар жылайды,
Қайғырып қатты жырлайды:
«Ақ берен деген сауыттың
Етегі бар, жеңі жоқ,
Ағайынды кісінің
Өкпесі бар, кегі жоқ, —
Ауру жатқан Қабекең
Адам болар кебі жоқ!..»

Бұл жолдардан Бұқар мақамын, Бұқардың өзіне тән стилін аңдаймыз.

Мұрын жыраудан жазылып алынған «Қырымның қырық батыры» цикліндегі жырлардың бірінде жирен қасқа тұлпарға мінген, жасы жеткен Сыпыра жырау ноғайлының ішінен шыққан өзара қырқысты одан әрі өршітпей, жауласушы жақтарды бітістіреді. Екі жақты мәмілеге келтірер алдында Сыпыраның Мамайға айтқан сөздері:

Анау тұрған қырық батыр —
Ол Қырымның баласы,
Әрқайсының сұрасаң,
Мың кісілік шамасы!
Бұл кісінің ішінде
Асанның ұлы Абат бар!
Маңдайы жаудан қайтпаған
Асылы батыр Тоған бар!
Көкшенің ұлы Қосай бар,
Жаңа ерді айтайын
Қарға бойлы Қазтуған,
Жеті атадан ерлігі
Алау батыр және бар!
Шынтас ұлы Төрехан,
Ақжонас ұлы ер Кеңес
Бір-бірінен кем емес!
Үйінде келмей қалулы
Нәріктің ұлы Шора бар!

Меніменен ере бар,
Өз көзіңмен көре бар:
Маңдайының арасы
Екі қарыс сере бар,
Ту сыртынан қарасаң,
Мекіре балық сазандай,
Қарсы алдынан қарасаң,
Басы бақыр қазандай!

Бұл үзіндінің Шалкиіздің белгілі балладасының ізімен жырланғаны көрініп тұр. Тек батырларды жеке-жеке мінездеу жағы кемдеу. Оның бір себебі — айтылмыш батырлардың ерлігімен Мамайдың өзінің де таныстығы. Сондықтан Сыпыра құр бопса жасамай, шындықты айтып, батырлардың аттарын ғана атайды.

Біз келтірген мысал — жекелеген жағдай емес. «Қырымның қырық батыры» цикліндегі жырлардан Шалкиіз, Қазтуған сияқты жыраулар туғызған көркем тіркес, бейнелердің талайын ұшыратамыз.

«Асан Қайғы, Тоған, Абат» жырында Асан өзінің ұлы Абатқа былай дейді:

Әй, ер Абат, ер Абат,
Сөзімді тыңда, сен Абат!
Тілегенің айт десе,
Шаттың бойын сұрашы,
Балқа-шоты білектей,
Баттауығы жүректей,
Балығы тайдай тулаған,
Бақасы қойдай шулаған,
Баттауықты шалғынға
Шөккен түйе таптырмас,
Баларқалы көл еді,
Күлгірсіген құба дөң
Талайдан қалған жер еді...

«Телағыс» жырында Еділ жайында мынадай сөздер айтылады:

Еділдің бойы ен қамыс,
Сырғауылдай нән қамыс,
Бір жағы ойпаң құм еді,
Бір жағы қатқыл шым еді,
Айдын шалқар көл еді.
Балдырғаны білектей,



Бүлдіргені жүректей,
Қымыздығы күректей,
Бақасы қойдай шулаған,
Балығы тайдай тулаған,
Тасбақасы атандай,
Жыланы бар бақандай,
Қарағай, тал, қайыңы,
Көп еді судың қайыры,
Қамысы мен қоғасы,
Ну еді судың сағасы...

Осы келтірілген үзінділерде Қазтуғанның Еділмен қоштасу жырындағы кейбір суреттер пайдаланылғанын аңғару қиын емес.

Мұндай құбылысты Батыс Қазақстан өңірінде туған жырлардың біразынан ұшыратамыз.

Шалкиіз жырау Темірдің өзін елемегеніне, атақ-дәрежесіне, еңбегіне сай сый көрсетпегеніне наразылық білдіріп, былай дейтін:

Аспанды бұлт құршайды, —
Күн жауарға ұқсайды!
Көлдерде қулар шулайды, —
Көкшіліден ол айуан
Соққы жегенге ұқсайды!
Көп ішінде бір жалғыз
Көп мұңайып жылайды,
Күйбеңдескен көп жаман
Сөзі тигенге ұқсайды!

«Ер Тарғында» белі мертiгiп жатқан Тарғын өзінің «Бұлғыр, бұлғыр, бұлғыр тау» — деп басталатын толғауында:

Асыл туған Ақжүніс,
Күнді бұлт құршайды,
Күнді байқай қарасам,
Күн жауарға ұқсайды!
Айды бұлт құршайды,
Айды байқай қарасам,
Түн жауарға ұқсайды!
Көгілдірін еріткен
Көлдегі қулар шулайды,

Шулағанға қарасам,
Көктен сұңқар соғылғанға ұқсайды! —

дейді. Бұл жолдар біз Шалкиізден келтірген үзіндінің өңделген, одан ары дамытылған түрі. Бұл сөздер дәрменсіз жарадар қалпында айдалада қалып, енді өлім күтіп жатқан Тарғынның көңіл күйін өте дәл береді. Егер Шалкиіз аспанды бұлт басқанын, аққуға жыртқыштың түскенін өзінің жамандардан қорлық көргенімен параллель етіп алса, «Ер Тарғында» бұл жай батырдың өлімінің хабаршысы іспеттес болып көрінеді:

Бойды байқай қарасам,
Қол-аяғым көсіліп,
Аузы-мұрным ісініп,
Алланың хақ бұйрығы
Маған таянғанға ұқсайды!

Алайда Шалкиіз жырындағы көркемдік әдіс — психологиялық параллелизм келтірілген мысалдан көрінетіндей, «Ер Тарғында» да жойылмайды.

Жыраулардың эпос жасауға қатысын аңғартатын — мұндай жеке-леген жолдар ғана емес; көптеген батырлық жырлардың өлең өлшемі жыраулар поэзиясындағыдай болып келеді.

* * *

Жырау — көне патриархалдық-рулық қоғамның перзенті еді. Сондықтан қазақтың рулық қоғамы өзінің әу бастағы ерекшеліктерінен айырыла бастаған кезде жырау да сахнадан кетуге тиіс болды. Қазақстанның Россияға қосылу дәуірінде өмір сүрген Бұқар шын мәнісінде жыраулық поэзияның ең соңғы көрнекті өкілі-тін. ХІХ ғасырдың бас кезінде жасаған Жанұзақ, Байтоқ жыраулар Жәңгір ханның ақылгөй қариясы да, қабырғалы биі де емес, тек қошаметші нөкерлері, осы сөздің толық мағынасындағы сарай ақындары болды. Талантты екендіктеріне қарамастан Байтоқ та, Жанұзақ та көне жыраулық поэзияның озық дәстүрінің көбінен айрылып қалған еді. Бұлардың шығармаларының сыр-сипатының өзі-ақ жыраулық поэзияның күні батқандығының айғағы іспеттес.

Бұқар дүниеден көшкен шамадан бастап, қазақ поэзиясының ең көрнекті өкілдері ақындар болып алды.



Книга моего
деда Коркута.
М.: Л., 1962.
С. 12.

Ақындардың көркемсөз шеберлері ретінде қай уақытта көрініс бергені белгісіз.

XV ғасырда қағаз бетіне түсірілген көне оғыз-түрік эпосы «Кітаби Қорқытта» ақындар ұзан деп аталады. «Қобыз алып қолына ел біткенді аралап, бек біткенді адалап, ер біткенді мадақтап, ез біткенді табалап, ұлан асыр той болса... ұзан сөйлер саралап».

Не нәрсенің болмасын мән-мағынасы оның сыртқы түрі — атауында емес, ішкі мазмұнында. Бұл тұрғыдан алсақ, ұзан мен қазақ ұғымындағы ақынның өзара ешқандай айырмасы жоқ. Қазақ ақындары да осы «Кітаби Қорқыттағы» ұзандар сияқты елден ел аралап, жиын-тойларда өлең айтып жүретін болған.

Баяғы заманда «ақындар жүзден жүз кешіп, қыбладан қыбла кезіп, жайлап, қыстап ел аралап жүрер еді, ұлы мерекелер ақындарсыз өтпеуші еді» дейді Құрманғали Халитұлы.

Бұл жайға орыс ғалымдары мен саяхатшылары да назар аударған.

«Кейбір қазақ ақындары елден ел аралап, өлең айтып, бар өмірін өнер жолына бағыштайды», — деп жазады П.И.Пашино.

«Арабтардың суырып салма ақындары сияқты қазақ ақындары да ел аралап, саяхаттап жүреді; ауылдан ауыл кезіп жыр төгумен болады», — дейді М.В.Готовицкий.

Кейінгі қазақ ақындарының орта ғасырдағы ұзаннан ешқандай айырмашылығы болмауы — ақындар институтының көнелігін көрсетеді. Бұл заңды да. Өлеңді тек күйі келгенде ғана айтатын ру ақсақалы, ақылгөй жырау қалың қауымның тілегін үнемі қанағаттандыра алмайтын еді, кешкілікте, қоналқаға аялдаған көшпендінің құмарын қандыру үшін, күнделікті ошақ басында жыр айту үшін көркемсөз шеберлерінің тағы бір тобы қажет болғандығы даусыз. Ақындар поэзиясы осындай күнделікті өмірдің тілегінен туды. Ақын репертуарының ерекшеліктері де осы жайлардың негізінен шығады.

Ақын жырлары, әдетте, жырау поэзиясындағыдай нақыл, афоризм түрінде келмейді. Бұл тұрғыдан алғанда ақын туындылары мейлінше қарапайым. Алайда ақын поэзиясы жырау поэзиясына қарағанда әлдеқайда елгезек, сол себепті де ақын жырларының тақырыбы сан алуан. Өмірде күнделікті болып жататын оқиғалар, тұрмысқа, салтқа байланысты жайлар, көңіл-күй — осының бәрі ақын назарына ілінуі мүмкін. Ақындар тіпті жырау өлеңге қосуды айып көрген «ұсақ-түйек» мәселелерді де жыр ете берген.

Революциядан бұрынғы қазақ ақыны қашан да импровизатор болды. М.Әуезов: «қазақтар бөгеліссіз экспромтпен өлең шығара білген адамдарды ғана ақын деп таныған», — дейді. Ал И.Безверхов: «Қазақтардың түсінігінше ақын дегеніміз — бойына ерекше қабілет

дарыған, аңғарымпаз да тапқыр, табан аузында кез келген тақырыпқа өлең шығара алатын адам», — дейді. Өзінің Орынбай, Арыстан сияқты тамаша ақындарды білетіні туралы айта келіп, Арыстанның ақындық өнеріне арнайы тоқталады.

Бірде Арыстан қазақ даласын өлшеуге, картаға түсіруге шыққан орыс отрядтарының біріне жолбасшы болады. Өзі де сол отрядта қызмет атқарған, Арыстанның ақындық өнеріне сүйсінген И.Безверхов былай деп жазады:

«Қоналқаға аялдаған кездерде отряд бастығы ермек үшін Арыстанды шақыртып алып, түннің бір уағына дейін ертегілер, хикаялар айтқызатын; отряд жолға шыққанда ақын өлең тиегін ағытатын да, өзінің майда қоңыр дауысымен көне заман, халық басынан өткен ауыртпалықтар мен бақытты кезеңдер жайлы жырлар төгетін, Дәуіт, Ыбрайым, Жақып, Жүсіп пайғамбарлар, ескіде өткен хандар, батырлар мен билер жөніндегі аңыздарды толғайтын... Бірде Арыстан көпке әйгілі тамаша эпос «Қозы Көрпеш — Баян сұлуды» жырлады. Таң ата, отряд орнынан көтерілер-көтерілместен басталған поэманы ақын ұзақ жол бойы, жұрт аялдамаға тоқтағанға дейін жырлаумен болды. Бірақ бес сағат бойы толғаса да бітіре алмаған екен, ақыры, екінші аттаныс үстінде әрең тәмамдады».

Бұл үзіндіден Арыстанның, демек, Арыстан сияқты кез келген ақынның репертуары жөнінде де құнды мәлімет аламыз: ақын тек импровизатор ғана емес, халықтың ескі әдеби мұрасын сақтаушы және таратушы. Жыраулар қаһармандық жырлар шығарса, ақындар лиро-эпикалық жырлар туғызған. Сыпатына, өлеңдік ерекшеліктеріне қарағанда «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Қыз Жібек» сияқты жырларды ең алғаш жырлап таратушы — ақындар болғанға ұқсайды. Егер «Ер Тарғын» және басқа батырлар жырындағы сөз өнерінің өкілі Сыпыра — жырау болса, «Қыз Жібектегі» Шеге — ақын.

Алайда жыраулардың аренадан кетуімен байланысты қазақ халқының ескі поэзиялық мұрасының бірден-бір дерлік арқалаушысы ақындар болып қалды. Осының нәтижесінде ақын репертуары бұрынғыдан әлдеқайда байыды.

Жыршы ақынның репертуары жөнінде нақты түсінік алу үшін Қазақбай және Көшелек ақындардың Орынбор архив комиссиясында болуы туралы жазылған В. Карлсонның мақаласында берілген бір мәліметті келтіре кетейік. Қазақбай мен Көшелек ақындар мынадай жырларды білетін болған: «Орақ — Мамай», «Нәрік», «Көр-ұғлы», «Қарасай — Қазы», «Қобыланды», «Алпамыс», «Қарабек», «Манашы», «Әлеке», «Құбағұл», «Қамбар», «Ер Бақы», «Төрехан», «Елеусін»,

Безверхов И.
Степные уленчи
и акыны. Особое
прибавление
к «Акмолинским
областным
ведомостям».
1893. №16.

Карлсон В.
Народные
певцы-киргизы
в архивной
комиссии
// Оренбургский
край. 1906. №62.

«Кілең мен Бөрібай», «Қыз Жібек», «Есет—Бөгембай», «Жәнібек», «Телағыс», «Бозжігіт». Бұл тізімге орыс қауымына бұрыннан мәлім жырлар енгізілмеген.

* * *

Ақын поэзиясы мен жырау поэзиясы ішкі мазмұнымен ғана емес, сыртқы формаларымен де өзара ерекшеленеді.

Ақын поэзиясының өлең құрылысы қарапайым. Ақын аузынан шыққан туындылар, әдетте, төрт тармақты шумақтан тұрып, а-а-б-а болып қиысқан он бір буынды кара өлең немесе 7-8 буынды, еркін ұйқасты жыр түрінде келеді.

Жырау поэзиясының өзіндік ерекшеліктері бұл мұраны жасаған жыраулар заманының көнелігінен, оның үстіне, сол жыраулар ұстанған дәстүрдің көнелігінен туады.

Жыраулар қаруланған көркемдік әдістердің дені — көне, ескі түріктік.

Жыраулар троптардың сан түрін қолданады, алайда бұлардың ішінен ең көп пайдаланылатыны — параллелизмдер. Әдебиет теориясы мамандарының айтуынша, параллелизмдер — қай халықтың поэзиясында болмасын ұшырасатын көркемдік әдістердің ең көнесі.

Жыраулар психологиялық параллелизмдерді өздерінің көңіл-күйлерін білдіру үшін немесе өмірде кездесетін белгілі бір құбылыстың мәнін түсіндіру үшін пайдаланады.

Мәселен, Шалкиіздің:

Жауынды күні көп жүрме —
Жар жағасы тайғақ-ты!
Жаманға жақыным деп сыр айтпа —
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты! —

деген жолдарында жетесіз жанға сыр айтудың қажетсіз, тіпті зиянды екендігін ұғындыру үшін оған табиғатта кездесетін жай — жауынды күні жардың жиегімен жүрген адамның тайғанап құзға құлайтыны параллель етіліп алынады. Шалкиіздің жоғарыда келтірілген «Аспанды бұлт құрсайды», — деп басталатын шумағының құрылуы да осы іспеттес. Жыраудың:

Жағаға жақын қонғанда,
Жайылып сулар алмас па,
Жаманға дос болғанда,
Жазымда басың қалмас па,

Жат туғанды өз еткен
Жақсының ғұмыры аз-ақ болмас па! —

деген жолдары да психологиялық параллелизм негізінде жасалған.
Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Ал синтаксистік параллелизм сирегірек қолданылады.

Бұл:

Жаман туған бар болса,
Жаман жолдас көп болса,
Жазаны содан көрерсің, —

Шалкиіз

деген сияқты жасалуы тым қарапайым бірді-екілі жолдар.

Өлеңнің дыбыстық жағына, яғни аллитерация, ассонансқа және басқы рифма, ішкі ұйқасқа ерекше мән берілуі — көне түрік әдебиетіне тән құбылыс. Айтылмыш көркемдік әдістердің қайсысының болмасын жыраулар творчествосындағы алатын орны ерекше.

Жыраулар туындыларында ассонанс, әдетте, -а әрпінің қайталануы арқылы жасалады. Бұл заңды да. Жырау поэзиясы көп реттерде жаугершілік поэзиясы, жырау өлеңдерінің рухы — ерлік, өр ұран. Мұндай өршіл рухты басқа дауыстылардан гөрі -а дыбысы әсерлірек береді.

Арқаның құба жонында
Арыстан ойнар шарқ ұрып,
Атайы ердің тұсында
Тұлпары тұрар тарп ұрып.

Шалкиіз

Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін,
Ат құйрығын кесермін,
Алыста дәурен сүрермін!

Жиембет

Ал аллитерация, негізінен, қатаң дауыссыздар арқылы жасалады.

Соқса бір жілік сындырған,
Көк қоянның қос құлағын тұндырған,
Көгілдірдің жез қанатын сындырған,
Тегеурінді болат темірдің
Тегеуріні өзіңсің!

Шалкиіз



Тал шарбаққа мал сақтап,
Тас қалаға жан сақтап,
Тасқан екен мына хан.

Жиёмбет

Кей реттерде аллитерация мен ассонанс қабат қолданылады да, өзара астасып, өлеңге ерекше көрік береді.

Еділден шыққан сызашық
Біз көргенде тебінгіге жетер-жетпес су еді, —
Телегейдей сайқалтып,
Жарқыраған беренді
Теңіз етсе тәңірі етті!
Жағасына қыршын біткен тал еді, —
Жапырағын жайқалтып,
Терек етсе тәңірі етті!
Тебінгінің астынан
Ала балта суырысып,
Тепсінісіп келгенде
Тең атаның ұлы едің, —
Дәрежеңді артық етсе тәңірі етті!

Шалкиіз

Бұл үзіндіде дауыстылар мен дауыссыздардың әлденешеуі іріктеліп алынған. Әйткенмен басқаларынан гөрі өктемірек шығатын дыбыстар — -а, -е, -т. Өлеңді өзгеше көркем, ырғақты етіп тұрған — дыбыстардың теріліп қолданылуы ғана емес; бұл үзіндіде аллитерациялық негізде жасалған басқы ұйқас та бар: жарқыраған — жағасына — жапырағын; телегейдей — теңіз етсе — терек етсе — тебінгінің — тепсінісіп — тең атаның.

Жырау поэзиясында басқы рифманың қолданылуы — әдепкі құбылыс.

Темір еді биіміз,
Теңіз еді-ау халқымыз,
Тебірлерге қалғанда
Теңселер сойды ауыр ноғай жұртыңыз.

Шалкиізден алынған бұл мысалдағы өзара ұйқасуға тиісті: биіміз — халқымыз — жұртыңыз — деген сөздер, бәрі де тәуелдік жалғауында тұр демесек, мүлде ұйқаспайды. Алайда жоғарыдағы жолдарды өлең ретінде қабылдаймыз, мұның бірден-бір себебі онда басқы рифманың болуы.

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым, өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым, өкінбен.
Тоғынды сарты нар жегіп,
Көш түзедім, өкінбен.
Ту құйрығы бір тұтам
Тұлпар міндім, өкінбен.
Туған айдай нұрланып
Дулыға кидім, өкінбен!

Доспамбет

Төгіліп тұрған поэзия. Ал, шындығында, бұл жолдарда қазіргі түсінігіміздегі ұйқас атымен жоқ. Бірақ біз оқыған, иә тыңдаған кезімізде жырда сол ұйқастың бар-жоғын аңғармай да қаламыз. Мұның сыры — басқы ұйқастың аса шебер пайдаланылғанында.

Зады, көне заман жыраулары басқы рифмаға ерекше мән берген, тіпті оны көркемдіктің өлшемі деп қарағанға ұқсайды. Сондықтан кейде басқы ұйқас пен кәдімгі ұйқас қабат қолданылады.

Салп-салпыншақ анау үш өзен
Салуалы менім ордам қонған жер,
Жабағылы жас тайлақ
Жардай атан болған жер,
Жатып қалған бір тоқты
Жайылып мың қой болған жер.
Жарлысы мен байы тең,
Жабысы мен тайы тең,
Жарыменен сайы тең...

Қазтуған

Кейде басқы, аяққы рифмалармен бірге ішкі ұйқас та көрнекті орын алады.

Қара бас күспен шалдырып,
Көк теңіздің үстінде
Көтеріп желкен аштырып,
Жүк тиедің кемеге,
Ниет еттің тәңірінің үйі кебеге!



Жүк тиесең — кетерсің,
Ниет етсең — жетерсің,
Жетсең — тауап етерсің!

Шалкиіз

Біз жоғарыда басқы рифмаға ерекше мән берілуі, кейде тіпті, оның жалаң өзінің ғана қолданылуы — шығарманың көнелігінің белгісі дедік. Бұл — өткінші құбылыс еді. Сондықтан заман оза келе басқы ұйқас бірте-бірте ығыстырылып, оның орнын аяққы ұйқас алады. Негізгі салмақты да сол атқаруға тиісті болады.

Бұл ағымның XVII ғасырда-ақ өз шешімін тапқандығы көрінеді: Жиёмбет, Марғасқа жыраулардың толғаулары тегіс аяққы ұйқас негізінде жасалған. XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясынан да осы жайды аңғарамыз.

Құлаты тауға қол салып,
Садақтың оғын мол салып,
Бетпақтың ең бір шөлінен
Төтелеп жүріп жол салып,
Қолды бір бастар ма екеміз!
Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты
Жұртынан шауып бостырып,
Түйедегі наршасын,
Әлпештеген ханшасын
Ат артына мінгізіп,
Тегін бір олжа қылар ма екеміз!

Ақтамберді

Бұл жолдар да жыраулық поэзия дәстүрінде жазылған. Алайда мұнда аяққы ұйқасқа ерекше мән беріледі. Өлеңнің өлеңдігін көтеріп тұрған да осы: қол салып — мол салып — жол салып; қақтырып — аштырып — бостырып; наршасын — ханшасын — деген ұйқастар. Басқы ұйқастар ара-тұра Бұқардан да ұшырасып қалады, әйткенмен Бұқар жырлары тегіс аяққы ұйқас негізінде жасалған.

Көне жыраулық поэзияның өзіндік ерекшеліктерінің бірі — өлең жолдарында алғашқы сөздердің, кейде, тіпті сол алғашқы сөздердің басқы буындарының қайталануы. Бұл қайталаулар толғаудың құлақ күйі іспеттес.

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт...

Салп-салпыншақ анау үш өзен
Салуалы менім ордам қонған жер...

Қазтуған

Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым, өкінбен...

Сере, сере, сере қар...

Доспамбет

Алп, алп басқан, алп басқан
Арабы торым өзіңсің...

Ор, ор қоян, ор қоян,
Ор қоян атлы бір қоян...

Шалкиіз

Жырау поэзиясының бұл нақысы эпоста кеңінен қолданылады.

Жырау туындыларындағы тармақтар буын саны жағынан алғанда көбіне біркелкі бола бермейтіні мәлім. Және бұл кездейсоқ емес, жырау поэзиясының өзіндік ерекшеліктерінің бірі.

Алайда бұл жайға осы уақытқа дейін назар аударылған емес. Бұл мәселе қазақ өлеңінің құрылысын арнайы зерттеп жүрген ғалымдардың назарынан да тысқары қалған.

Жоғарыда біз келтірген үзінділердің қай-қайсысын алмаңыз, буын саны үнемі 7-8 немесе 11 болып келіп отырмайды. Және бұл тек жыраулар поэзиясына ғана емес, ескіден қалған қаһармандық жырлардың көбіне тән қасиет (Мұның себебі, жоғарыда айтылғандай, батырлар жырын туғызушылар — жыраулар болғандығынан).

Мәселен, «Ер Тарғыннан» бір үзінді алайық:

Тұлпардан туған талаудың	(8)
Артынан телміріп қиқу таянса,	(11)
Қара терге боянса,	(7)
Алдынан найза бойы жар келсе,	(10)
Жабыдайын жалтаңдап,	(7)
Жануар түсер жерін қарамас!	(10)
Қапыда өткен дүние-ай,	(8)
Аяғына айдай таға қақтырып,	(11)
Еділдің күзгі қатқан көкше мұзында	(12)
Шауып кетсем тая алмас!	(7)

Буын саны әр түрлі: 7, 8, 10, 11, 12. Алайда өлең бұдан ақсап тұрған жоқ.



Қайталап айтайық, жырау поэзиясында тармақтардағы буын саны үнемі біркелкі болып отырмауы — кездейсоқ құбылыс емес. Бұл — жырау поэзиясының ішкі мазмұнына сәйкес табылған форма.

7-8 буынды, 11 буынды өлең түрік халықтары поэзиясында ежелден-ақ қолданылып келе жатыр. Сондықтан бұл құбылыстың екеуі де көне деп есептеледі. Алайда көне түрік поэзиясында 7-8, 11 буынды өлеңдермен бірге буын саны әр түрлі тармақтардан құрылған өлеңдер де қолданылатын болған. XV ғасыр шамасында қағаз бетіне түсірілген (демек, бұдан соңғы жерде ешқандай өзгеріске ұшырамаған) оғыз-түрік эпосы «Кітаби Қорқыттан» кездесетін жыр текстері осындай.

Қанлы кафыр элине дунин гирдунг, (11)

Қара буға гелгунде хурдухаш эйледунг, (13)

Қаған арслан гелдугинде белинг букдунг — (12)

Қара буғра гелдугинде не гечдунг? (11)

(Қанды кәпір еліне түнде кірдің,

Қара бұқа келгенде қылышпен шаптың,

Хан арыстан келгенде белін бүктің (бүктеп жықтың),

Қара бура келгенде неге тартындың?!)

Алайда бұл жолдар өлең емес, рифмалы проза сияқты оқылады. Сондықтан да кей реттерде «Кітаби Қорқыттағы» проза мен поэзияның шекарасын ажырату қиын.

Ал жыраулар туындыларында бұдан өзгеше жайға кез боламыз. Буын сандары әр түрлі тармақтан құралған туындылар үнемі, тек қана өлең ретінде қабылданады. Бұл — жыраулар поэзиясында ескі түркіден қалған дәстүрдің дамытылғандығының нәтижесі, жыраулардың өз туындыларына жай ұйқасты сөз емес, өлең деп қарағандығынан.

Жалпы, қазақ поэзиясында тармақтарындағы буын саны үнемі 11-ден артық болып бірқалыпта отыратын өлеңдер ұшыраспайды. Бұл салт бізге белгілі ескерткіштердің ішінде бір-екі жерде ғана бұзылады.

4 4 4 3
Қара Қыпшақ // Қобыландыда // нең бар еді, // құлыным! (15)

4 4 3
Сексен асып // тақалғанда // тоқсанға, (11)

4 4 3
Тұрмастай боп // үзілді ме // жұлыным! (11)

4 4 4 3
Адасқанын // жолға салдық // бұл ноғайлы // ұлының, (15)

4 4 4 3

Аққан бұлақ, // жанған шырақ, // жалғыз күнде // құрыдың, (15)
 4 4 4 3

Қара Қыпшақ // Қобыландыда // нең бар еді, // құлыным! (15)

Әдетте, 15-16 буынды жырларда тармақтың тым ұзақтығынан өлеңдегі ұйқастың әсері өте әлсіз түрде сезіледі. Ал мына жерде бұл жай байқалмайды. Оның себебі — ырғақтың күштілігінен және ішкі рифманың барлығынан. Және бунақтық құрылым берік сақталған.

Жоғарыдағы мысалда екінші, үшінші тармақтар ІІ буыннан, бірінші төртінші, бесінші, алтыншы тармақтар біркелкі 15 буыннан тұрады. Яғни бұл өлең жолдарындағы буын сандары әр түрлі болғанмен, бірыңғайлық, белгілі бір жүйе бар. Алайда бұл — жыраулар поэзиясында кездесетін жекелеген ғана жай.

Шумақтың буын саны әр түрлі жолдардан құрылуы — соңғы дәуір поэзиясындағы әдепкі құбылыс. Мәселен, Абайдың «Сегіз аяғы» осындай. Бірақ мұнда қатаң заңдылық бар: барлық шумақтар бір үлгімен: тармақтары 5, 5, 8, 5, 5, 8, 8, 8 буын түрінде, ұйқасы а-а-б-в-в-б-г-г түрінде келген.

Ал жыраулар поэзиясында тармақтардың ұзынды-қысқалы болып келуінде мұндай жүйе жоқ. Әйткенмен, буын сандары қалай өзгеріп жатса да, өлеңнің өлеңдігінің ең басты қасиеттерінің бірі — ырғақ жойылмайды.

5 3
 Ағарып атқан // таңды ай деп, (8)

5 3
 Шолпанды шыққан // күндей деп, (8)

4 4 4 3
 Май қаңбақта // ағалардың // аты жусап // жатыр деп, (15)

4 4 3
 Ақ шаңдақты // құрып қойған // шатыр деп, (11)

3 4 3
 Жазыда // көп-ақ жортқан // екеміз, (10)

4 4 3
 Арғымақтың // талдай мойнын // талдырып, (11)

4 3
 Үйде қалған // арудың (7)

4 3
 Ал иіндігін // аудырып. (7)

Доспамбет



Үзінді кәдімгі 7-8 буынды жыр үлгісімен басталған. Алайда үшінші жолдан ары буын саны күрт өсіп кетеді. Өлең жазумен жаңа айналысып жүрген жас талапкердің кейде буын санын осылай арттырып алатыны болады. Бірақ ол орташа ғана дайындығы бар қарапайым оқушының көзіне де бірден түседі, сөлекет болып көрінеді. Мұндай өлеңді оқығанда оқушысының амалсыз кібіртктеуіне, шоқактауына тура келеді.

Ал жоғарыдағы үзіндіде буын сандарының өзгеруі өлеңнің өлеңдігіне, алғашқы жолдар мен соңғы жолдардың арасындағы бірлікке ешқандай нұқсан келтірмеген. Мұның себебі — ритмиканың негізгі заңдарының бұзылмауынан. Өлеңдегі алғашқы бунактар жүйелі түрде, бірыңғай бес немесе төрт буыннан, ал соңғы ұйқасқа қатысты бунактар тегіс үш буыннан тұрады; ішкі — аралық бунактар түгелдей төрт буыннан құралған. Міне, осының нәтижесінде алғашқы жолдар мен соңғы жолдардың арасында көзге бірден ілінетіндей алшақтық байқалмайды.

Тармақтағы буын санының бұзылуында, жоғарыда айтқанымыздай, белгілі бір жүйе жоқ. Өлеңде ұзынды-қысқалы жолдардың араласып отыруына сан қилы мысалдар келтіруге болады. Тармақтары 7-8 буын жөнімен келе жатқан жыр кенет 10, 11 немесе 12 буынға қарғып, бірақ келер жолда-ақ бұрынғы сабасына қайта түсуі мүмкін. Немесе, осындай ұзын тармақтардың бірнешеуі қабаттасуы ықтимал, кейде, тіпті буын сандарының алмасуы аттамалы түрде келуі де мүмкін.

Арғымақтың баласы	(7)
Жаздың алты ай жорытсаң,	(7)
Еш өкпесі қабынбас,	(7)
Асыл туған батыр ер	(7)
Тоқсанға жасы жетпей қарымас!	(10)
Тәңірі өзі бермесе,	(7)
Менменсіп жүрген ер жігіт	(8)
Кісіден тартып алып жарымас!	(10)

Шалкиіз

Темір еді биіміз,	(7)
Теңіз еді халқымыз,	(7)
Тебірлерге қалғанда	(7)
Теңселер сойды ауыр ноғай жұртыңыз!	(13)
Сокса бір жілік сындырған,	(8)
Көк қоянның қос құлағын тұндырған,	(11)
Көгілдірдің жез қанатын сындырған,	(11)

Тегеурінді болат темірдің (9)
Тегеуріні өзіңсің! (7)

Шалкиіз

Жапалақ ұшпас жасыл тау, (8)
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау. (11)
Ойлап тұрсам жаманның (7)
Жалаңдаған өз басына тілі жау. (11)
Дүбір, дүбір шу көрген (7)
Түлкішек түлкің жетер басыңа-ай, (11)
Түлкідей құйрық тастаған (8)
Жаман фиғылың жетер басыңа-ай! (11)

Шалкиіз

Мұндай реттерде ырғаққа үлкен мән беріліп, басы озып тұрған тармақтар ерекше екпінмен айтылады. Жалпы, жыраулар поэзиясындағы екпіннің алатын орны ерекше.

Өлеңді ұзынды-қысқалы тармақтарға құру және екпінге мән беру — жырау поэзиясының ішкі мазмұнының қажеттерінен туған. Жырау туындыларындағы өр рух, зор пафосты беруде таза 7-8 буыннан немесе 11 буыннан құрылған өлеңдер тарлық көрсетер еді.

Тәкаппар, өр, жауынгер жырау Шалкиіздің би Темірге айтқан толғауларының күші оның мазмұны мен формасының бірлігінде. Егер басынан аяғына дейін 7-8 буынға түсірілсе, бұл жырлар өзінің қасиетінің біразынан айырылған болар еді.

Сөйтіп, өлеңдегі тармақтардың буын санының әр түрлі етіліп жасалуы — жырау поэзиясына ерекше өң, әдемі нақыс, өзгеше көрік береді. Сондықтан да бұл — жырау арсеналындағы ең басты қарулардың бірі.

Сонымен, жыраулар қолданатын көркемдік әдістердің өзгешелігі олар жасаған заманның көнелігінің, олар ұстанған дәстүрдің көнелігінің жемісі дейміз. Бір сөзбен айтқанда, жыраулар поэзиясының ерекшеліктері осы поэзияны туғызған заман кейпімен байланысты.





ҒАСЫРЛАРДАН
КӨКТЕЙ ӨТКЕН

Халқымыздың ескі әдеби мұралары біздің заманымызға қалай жетті деген сауал қойылса, әдетте: ауыздан-ауызға көшіп, бір ұрпақтан екінші ұрпақ жаттап сақталды деген жауап беріледі. Ал сонда мұра алғашқы қалпын қаншалық сақтайды, жаңа ұрпақ өзіне жеткен туындыға қаншалық өзгерістер енгізеді, несін ұмытып, өз жанынан нендей қоспалар қосады — бұл мәселенің беті күңгірт.

Бір кезде фольклористикамызда шығарушы мен жеткізушінің (сказительдің) орнын шатыстыру болды, мұраның сақталуындағы жеткізушінің рөлі теріс бағаланды. Әрине, ертегінің аты ертегі, ертегіші қалауынша өз жанынан қосып та, «жөндеп» те айта береді. Ал поэзиялық туындыларға келгенде әңгіме мүлде басқаша.

Көне грек эпосын зерттеген профессор А.Ф.Лосев:

«Ескі жырлар қағаз бетіне түсірілмей-ақ әлденеше ғасыр бойы өзінің әрі мен нәрін, әу бастағы қалпын сақтай алды: бұл — көне мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі қалыптасқан салттың жемісі», — деген қорытындыға келеді.

Лосев А.Ф. Гомер.
М., 1960. С. 69.

Бұл сөз тек «Илиада», «Одиссеяларға» ғана қатысты емес, бұл — қай халықтың болмасын эпикалық дәстүріне тән заңдылық.

Көне түрік әдебиетінде дәстүрдің берік сақталатындығын академик Е.Д.Бертельс атап көрсеткен болатын.

Түрік, моңғол халықтарының ескі аңыздары (Шыңғыс хан жөніндегі, т. т.) кейбір жекелеген реттерде болмаса көбіне-ақ тарихи оқиғаларды біршама дәл бейнелейді.

Өткен ғасырда ноғай фольклорын зерттеген Н.Семенов: «Ноғай эпосында белгілі тарихи оқиғалар ешбір қоспасыз, соншалық дәлдікпен, әрі нақтылықпен берілген», — дейді. Бұл — қазақ, ноғай халықтарына ортақ эпикалық туындылар жайлы айтылған сөз.

Қазақ эпосын арнайы зерттеген ғалымдар да дәл осындай пікірлер қалдырған. Мәселен, А.Е.Алекторов: «Қазақтардың аңыздары мен жырларында сонау Әмір-Темір заманында өткен белгілі тарихи оқиғалардың өзі адам таң қаларлықтай дәлдікпен бейнеленген», — дейді.

Бұл жайға Шоқан да назар аударған: «Суырып салма ақындардың зерделілігі арқасында барлық көне жырлар, — тілінің ескілігіне, жаңа ұрпаққа түсініксіз сөздердің молынан ұшырасуына, — кейіпкерлері жайлы айтылатын тарихи деректерге қарағанда, бұлардың көпшілігі

Астраханский
вестник. 1893.
№ 1222.

Валиханов Ч.
Собр. соч.: В 5
т.
Т. I. Алма-Ата,
1961. С. 391.

сонау Алтын Орда заманында туған, — бізге бұрмаланбаған, бұзылмаған қалпында жетті. Көне аңыздар мен хикаялардың саф таза күйінде сақталуы таң қаларлық жай, ал осы үлгілердің, әсіресе эпикалық шығармалардың сақараның өзара шалғай шеттерінде де бірдей жырланатыны, салыстыра келгенде бұлардың бір нұсқасынан екінші нұсқасының ешқандай айырмашылығы болмауы тіпті ғажайып құбылыс. Қанша таң қаларлық боп көрінгенімен де бұл — күмәнсіз факті». Мұның бәрі, әрине, жазылмаған заң — берік дәстүрдің күші. Әйтсе де, эпос сияқты көлемді жанрда белгілі бір шығарманың негізгі желісі сақталғанымен, іштей өзгерістер ұшырасып отыруы мүмкін.

Ал қысқа өлең-жырларда, жекелеген ақындардың творчествосында бұдан өзгешерек жайға кез боламыз.

Зерттеушілер Бұқар жырау шығармаларының өзінің алғашқы қалпын өзгертпей сақталғандығына күмән келтірмейді. Оның дәлелі — Бұқар толғауларының Қазақстанның әр тарапынан жазылып алынған нұсқаларында айырмашылықтардың болмауы. Бұл жалғыз Бұқар шығармаларына ғана тән құбылыс емес.

Бұқардың замандасы Үмбетей жыраудың Бөгембай өлімін Абылайға естірткен жырының екі жазбасы бар. Бірі — Маясар Жапақовтан алынған, екіншісін Мұсылманқұл Жиреншин тапсырған. Осы екі жазбаның арасында ешқандай айырмашылық жоқ екендігі көрінеді.

Шалкиіз жыраудың би Темірге айтқан толғаулары Қазақстанның әр тарапынан алынған бірнеше жазбада жетті. Таң қаларлық нәрсе, осы әр жерден жазылып алынып, әр жерде басылған нұсқаларда текстік айырмашылықтар мүлде жоқ дерлік. Тек кейбіреулерінде жекелеген жолдардың түсіп қалуы ұшырасады. Әрине, бұл — ұмытылудың нәтижесінде туған кінәрат.

Қазтуған, Доспамбет шығармалары жөнінде де осыны айтуға болады.

Бұл құбылыстың мән-мағынасын толық әрі жан-жақты түсіну үшін қазақ және ноғай әдебиеттерінің үлгілерін салыстырып көрейік.

Қазақ, ноғай халықтарын құраған рулардың этникалық құрамы бір болғандығы, біздің әдебиеттеріміздің түп тамыры ортақ екендігі, т. т. жоғарыда, I тарауда айтылады. XV—XVI ғасырларда екі халық аралас-құралас көшіп жүрді. Тіпті тұтас ру, тайпалардың бүгін Ноғай Ордасының құрамында отырса, ертеңінде-ақ Қазақ хандығында жүргенін көреміз. Алайда бұл жай ұзаққа созылмады.

XVI ғасырдың аяқ кезінде Жоңғар қалмақтарының бір бөлігі қазақтар бір жақтан, шығыс моңғолдардың Алтын-ханы бір жақтан қысымға алған соң Сібірге қарай ауады. XVII ғасырдың алғашқы жылдары күшті Қазақ хандығы оларды қатты қырғынға ұшыратып,

солтүстікке қарай ығыстыра түседі. Қалмақтар Қазақ Ордасынан қорғауды өтініп, 1607 жылы орыс үкіметіне бодандыққа өтеді де, Оңтүстік-Шығыс Сібірді мекендемек болады. Алайда бұл жер оларға жайлы қоныс бола алмайды; сырт дұшпандардың және мал бағатын жерлердің, балық аулайтын сулардың жеткіліксіздігі оларды Ойрат одағынан біржола бөлініп шығып, батысқа қарай жөңкіле аууға мәжбүр етеді.

Қалмақтар Жемге 1608 жылы жетеді. 1613 жылы Жайықтан өтеді. Бұл кезде Ноғай Ордасы Еділ мен Жайық бойын және олардың арасындағы далалықтарды мекендейтін. Сондықтан қалмақтар мен ноғайлар міндетті түрде соқтығысуға тиісті еді.

Алайда бұл кезде Ноғай Ордасы өзара қырқыстың нәтижесінде әбден әлсіреп, іштей шіріп, азғындап біткен-тін. Бұрынғы бірлік бұзылып, ноғай ұлыстары әрқайсысы өз бетімен әр жерде көшіп жүрген болатын. Енді бірталай рулар Қазақ хандығына өтіп кеткен. Сондықтан ноғайлар қалмақтарға айтарлықтай қарсылық көрсете алмайды. Алғашқы қақтығыста-ақ жеңіліс тауып, бет-бетімен босып кетеді. Қалмақтар ноғайларға 1613, 1628, 1634, 1643 жылдары ауыр соққылар береді. Ноғайлардың аруағы қашқаны соншалық, тіпті қалмақ келе жатыр деген дабыл естісе болды алды-артына қарамай дүркірей жөнелетін жағдайға жетеді.

Ноғайлар ата қонысын тастап батысқа қарай ығысады. 30-жылдардың басында олар Еділ мен Донның аралығындағы далалықтарды мекендейді. Ал 1634 жылы Доннан да өтіп кетеді. Әйткенмен ноғайлардың кейбір ұлыстары қайтып оралып, біраз уақыт Еділдің төменгі ағысының бойында, Астрахань маңында жүреді. Алайда 1843 жылғы жаңа жеңілістен соң ноғайлардың негізгі тобы атамекенінен біржола ауады. Бұдан кейінгі уақытта олардың Кубань жақта, Азов, Қырымның маңында көшіп жүргенін көреміз. Ал Еділ мен Жайықтың арасына қалмақтар орнығады. Сөйтіп, ноғайлар мен қазақтардың арасындағы қатынас мүлде үзіледі, әрқайсысының тағдыры әр түрлі болып кетеді...

Әрине, осы кезден бастап әр халықтың әдебиеті өзінше дамиды. Ескіден — қоныс бір, мақсат, мүдде бір, тіпті тіл бірдей болған кезден қалған көне әдеби үлгілерді әркім өз бетімен сақтайды. Сондықтан бұдан соңғы уақытта өзара әсер, ауысу туралы сөз болуы да мүмкін емес.

Екі халыққа ортақ мұралардың 250 жылдан соң жазылып алынған нұсқаларын салыстыру тек қазақ әдебиетінің тарихына ғана емес, жалпы әдеби процеске қатысты бірталай аса маңызды қорытындылар жасауға негіз береді.

Мұның ең бастысы — мұраның сақталуына байланысты. Ескі қазақ әдебиетінде белгілі әдеби ескерткіштер бір ұрпақтан екінші ұрпаққа



мүмкіндігінше өзгеріссіз, дәл, алғашқы қалпында беріліп отырғандығын аңғарамыз.

Бала, бала, бала деп,
Түнде шошып оянған,
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Түнде бесік таянған...

Қазір мектеп оқулықтарынан түспейтін, әркімге-ақ жасынан таныс осы халық өлеңін «Түркі тайпалары әдебиетінің нұсқаларынан» ұшыраттық. Оны В.Радлов Қырым ноғайларынан жазып алған.

Тортмалы бесік таянған,
Таңмағында оянған,
Түн ұйқысын төрт бөлген,
Түнне тұрып ас берген...

Әрине, үнемі сөзбе-сөз келмейді, қанша дегенмен уақыт өз таңбасын салған.

Радлов жинағында бұдан гөрі сәттірек салыстырулар жасауға негіз беретін жолдар да баршылық.

Бәйтеректің іайқалмасы іелден-дір,
Қарт терек іапырағы ол береннің белден-дір,
Төрелердің кешінмесі елден-дір,
Ақ киіктің іүгірмесі майдан-дыр,
Ойнайық, достылар, күлейік,
Ажалымыз алла білер қайдан-дыр.

Радлов В.
Образцы народной
литературы
северных тюркских
племен. Ч. VII.
СПб, 1896. С. 210.

Арыстанғали Беркалыұғлының бастыруында Шалкиіздің бұл сөзі былай келеді:

Желп-желп еткен бәйтерек,
Жайылмағы желден-дүр,
Төренің кежігуі елден-дүр,
Кешу кешмек сайдан-дүр,
Батыр болмақ сойдан-дүр,
Жалаңаш барып жауға ти,
Тәңірі өзі біледі,
Ажалымыз қайдан-дүр!

Бұл жолдарды кейін Махамбет пайдаланған.

Жапанға біткен бәйтерек
Жапырағын байқасақ
Жайқалмағы желден-ді,
Түбіндегі балаусасы белден-ді,
Хан, төренің кешігіп,
Кідірмегі әлден-ді.
Кешіп өтсек сайдан-ды,
Шығынды болмақ байдан-ды,
Ақ киіктің орытып,
Жүгірмегі майдан-ды,
Батыр болмақ ойдан-ды,
Айғайласып жауға ти,
Тәңірім білер, жігіттер,
Ажалымыз қайдан-ды.

Шалкиіздің В.Радлов бастырған екінші бір өлеңін келтірейік:

Менің ием Ша-Темір
Ниет етті кебеге,
Йүк тиеді кемеге,
Ниет етсең ием сен кетерсің,
Йүк тиесең ием мен йетерсің,
Тәңірінің үйі Меккеге
Барсаң тәуба етерсің,
Етеклеп жиған көп халқың,
Енді өзіңнің соңратын,
Кімге сымарыш етерсің!

Бұл — Шалкиіздің би Темірді хаж сапарынан тоқтатуға айтқан жырының алғашқы жолдары. Салыстырайық:

Қара бас күспен шалдырып,
Көк теңіздің үстінде
Көтеріп желкен аштырып,
Жүк тиедің кемеге,
Ниет еттің тәңірінің үйі кебеге!
Жүк тиесең — кетерсің,
Ниет етсең — жетерсің,
Жетсең — тауап етерсің, —
Етектеп жиған көп халқың,
Сұлтан ием, кімге асмар етерсің!?



В.Радлов нұсқасының толық еместігі, көп жері ұмытылғандығы онда келтірілген әңгімеден-ақ көрінеді. Ал осы сақталған бөлігінің өзінде аса көркем алғашқы жолдар түсіп қалған. Және би Темір Сәтемірге — Ақсақ Темірге айналып кеткен. Алайда соған қарамастан жыр текстінің бізге жеткен бөлігінің қазақ арасында сақталған Шалкиіз жолдарымен түпе-түп сәйкес келгенін көреміз. Тіпті ешқандай айырма жоқ дерлік. Ал қазақтар мен Радловқа ұшырасқан Қырымдағы ноғайлардың арасында 1650 жылдар шамасынан бастап ешқандай да байланыс болмағанын еске алсақ, біз келтірген мысалдардың қаншалық маңызды фактілер екендігіне көз жеткізу қиын емес.

Яғни Шалкиіз шығармалары қазақ пен ноғай айырылғаннан бергі 250 жылдан астам уақыттың ішінде айтарлықтай өзгеріске түспеген. Жыраудың талай жырлары ұмытылған шығар, бірақ біздің заманымызға жеткендері, толық болмағанмен, кей жолдары түсіп қалып отырғанмен де, өзінің алғашқы қалпын сақтаған. Жоғарыда келтірілген шумақтар мұндай қорытынды шығаруға толық негіз береді. Бұл жай біздің қолымызда бар туындылар Шалкиіздің өзінікі ме, не соның атынан Мұраттың, икстің шығарғандары ма, тіпті айтылмыш жырлар Шалкиіздікі болғанның өзінде қаншалық дәрежеде Шалкиіздікі деген сұрақтарға да жауап береді. Және бұл жауап жалғыз Шалкиізге ғана қатысты емес.

Шалкиіз және басқа жыраулар шығармаларының өзінің алғашқы қалпын сақтауының тағы бір сыры — олардың сөздерінің көркемдігі және көбіне нақыл, афоризм түрінде келетіндігі. Мұндай берік жасалған өлең жолдарын бұза қою қиын, тіпті мүмкін емес. Сондықтан Шалкиіз шумақтарын тек ұмыту арқылы ғана теріске шығаруға болады. Шалкиіздің Қазақстанның әр тарапынан жазылып алынған жырларының өзара айырмашылықтары тек өлең жолдарында ғана екендігін тағы еске саламыз.

Қайталап айтайық, Шалкиіздің, жалғыз Шалкиіз ғана емес, қазақтың ескіде жасаған жырауларының көбінің шығармаларының сақталуының бір сыры — олардың, әдетте, нақыл, афоризм, мақал түрінде келетіндігі. Ал мақал сөздер қай халық әдебиетінде болмасын өзінің формасының тұрақтылығымен көзге түседі.

Қазір тілімізде қолданылып жүрген: «Адам аласы ішінде, жылқы аласы тысында», «Аштық не жегізбейді, тоқтық не дегізбейді», «Бар — бақыр, жоқ — алтын», «Құрғақ қасық ауыз жыртар», «Түйе сілкінсе есектік жүк қалар», «Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады», «Тесік моншақ жерде қалмас», «Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше», т. с. с. көптеген мақал-мәтелдерді дәл осы қалпында Махмұд Қашғари «Сөздігінен» ұшыратамыз.

Махмұд Қашғари.
Диуани лугатит-
түрік. Ташкент.
I т. 117, 108,
341, 364-б.;
II т. 286, 113-б.;
III т. 37, 114-б.

Яғни, XI ғасырдан бергі әлденеше жүз жылдың ішінде бұл мақалдар айтарлықтай өзгеріске түсе қоймаған, өзінің алғашқы қалпын сақтаған. Негізінен, нақыл, афоризм түрінде келетін Шалкиіз жырлары жөнінде де осыны айтуға болады.

Сонымен бірге қазақтың ескі жырларын, мәселен, Шалкиіздің шығармаларын тексеріп қарағанда, кейде олардың біздің заманымызға тек ауыздан-ауызға өту арқылы ғана жеткендігіне күмән туады.

XVI ғасырдың бас кезінің өзінде-ақ «Михман-наме-ий Бұхара» атты шығармасында Орта Азияның белгілі тарихшысы Рузбихан: «Қазақтардың ханы да, қарасы да өздерін мұсылман санайды: құран оқиды, құдайға құлшылық етіп, ораза-намаз ұстайды, балаларын мектепке береді», — деп жазған еді.

Сондықтан өз заманы үшін қадірлі де құрметті кейбір шығармалардың сол кездің өзінде-ақ қағаз бетіне түсірілгендігіне күмән жоқ. Тіпті Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған шығармаларын алғаш бастырушылар оларды үнемі ел аузынан алып отырды деу қиын. Өткен ғасырдың аяқ кезінде Н.Аристов, Г.Потанин сияқты ғалымдар қазақ арасында әр түрлі аңыздар, өлең-жырлар жазылған қолжазбалардың жиі кездесетінін атап көрсеткен болатын.



ҚОРЫТЫНДЫ

Әлденеше ғасырлық тарихы бар көне қазақ әдебиетінің толыққанды шежіресін жасап шығу — болашақтың ісі. Бірақ біз осы шағын еңбегімізде жұртшылық назарына ұсынған, әзірге қолда бар азды-көпті деректердің өзінен-ақ халқымыздың ақындық өнерінің тамыры тереңде жатқандығы, қазақ әдебиетінің тарихы XVIII ғасырдан ғана басталады-мыс деген пікірдің жаңсақтығы айқын аңғарылса керек.

Туған әдебиетіміздің түп негізі көне дәуірге — түрік тайпалары әлі жеке-жеке халық боп жіктелмеген, ортақ мәдениет, ортақ мұра жасап жүрген кезеңге барып тіреледі. Ал туыстас түрік руларының бір тобы қазақ деген атпен бөлініп, өз мемлекетін құруымен байланысты, XV ғасырдың орта шенінен бастап дербес, қазақ атымен аталатын әдебиет аренаға шығады.

Қазақ әдебиетінің алғашқы өкілдері — Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіздер. Бұқар жырау және соңғы дәуірдегі қаламгерлер творчествосы осылардың ақындық өнерінің тарихи, дәстүрлі жалғасы болып есептеледі.

Зерттеліп отырған XV—XVIII ғасырлар әдебиетіндегі негізгі жүкті көтерген — жыраулар болды. Жыраулардың ең сүйікті жанры толғау еді. Толғауларда жырау өзінің өмір, болмыс жайлы ойларын, замана жайлы түйгендерін айтады, белгілі оқиғаларға көзқарасын білдіреді.

Қазтуған, Доспамбет, т. б. творчествосынан көрінетіндей, жыраулар көне дәуірде жорық жыршысы болды. Әскери жорықтарға қатысу жыраулар творчествосына өз сәулесін түсірді: жырау поэзиясы, әдетте, өр рух, романтикаға, жауынгерлік пафосқа толы келеді. Сонымен бірге жыраулар қаһармандық эпосты жасау және оны тарату ісінде елеулі рөл атқарды.

Айтылмыш дәуірде қазақ әдебиеті өзіндік даму кезеңдерін бастан өткізгендігін байқаймыз. Мәселен, Қазтуған творчествосы шырышы бұзылмаған табиғат аясындағы бала мінез көшпендінің ой-өрісін көрсетеді, оның өзін қоршаған орта жайлы түсінігін білдіреді. Көшпендінің қиялының байлығы, сонымен қатар балаңдығы бізді таң қалдырады. Қазтуған жырларының қасиеті де осында. Ал Шалкиіз поэзиясы Қазтуған творчествосымен салыстырғанда заманның озуының, әдебиеттің дамуының жемісі іспеттес. Жырау дүниеге байқампаз суреткердің салқын көзімен қарайды. Шалкиіз жырларындағы жоғары көркемдік, ықшамдылық, ойнақылық, сонымен қатар тереңдік — XVI ғасырдағы қазақ поэзиясының биік өресі жайлы елес береді.

XVIII ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілі Бұқар жырау өзіне дейінгі қазақ әдебиетінің жақсы дәстүрлерін одан ары байытады. Ескі жыраулық дәстүрді ұстанған Бұқар кей реттерде көне сүрлеуден шығып кетіп отырады. Жекелеген шығармаларында ол кейін Абай қазақтық еткен еуропалық поэзия үлгілеріне жақын барады. Бұл жай Шал ақын творчествосынан тіпті айқын аңғарылады. Шал өлеңдері арқылы қазақ поэзиясы алға, реалистік әдебиетке қарай тағы бір қадам жасады.

Сөйтіп, ескіде өткен ақын-жыраулар творчествосының бірімен-бірі сабақтас екендігі, алдыңғы ұрпақтан соңғы ұрпақ үлгі алып, олардың жақсы жақтарын өрге бастырып отырғандығы аңғарылады.

ҚОБЫЗ САРЫНЫ

«Қобыз сарыны» — Мұхтар Мағауиннің жиырма бес жасында тәмам болған екен. Алғашқы елеулі шығармасы және қалай, қанша жазса да, бірегей әрі мәнді еңбегі болып қала бермек.

XV—XVIII ғасырларда, яғни Қазақ Ордасы заманында жасаған ақын, жыраулардың мүлде дерлік ұмытылған, көбіне көмескі тартқан, қазақ-совет әдебиеттану ғылымынан мүлде аластатылған һәм тыйым салынған мұрасын жинақтау, қайта тірілту және бар байыбын айғақтап, жан-жақты зерттеуге түсіру тарихы, бұдан соңғы зобалаңдар жайы жазушының «Қия жолдар» («Мен», екінші кітап) роман-естелігінде көрініс тапқан. Бір сөзбен ғана қайырсақ — көне мұра, ұлт мәдениеті, болашақ бағдар үшін күрес...

Ежелгі түрік дәуірінен бастау алатын қазақ әдебиетінің мың жарым жылдық дәйекті тарихын қалпына келтіру мәселесін алғаш көтерген — профессор Бейсенбай Кенжебаев еді. Ақыры көкезу дауға айналды. Әлбетте, түрік текті халықтардың бәрінің де әдебиеті Түрік қағанаты, тіпті одан да бұрынғы дәуірлерден бастау алатыны — Одақтық, ең алдымен, орыс түркологиясында шешімін тапқан мәселе ерте ме, кеш пе қазақта да мойындалуға тиіс; мұндағы дүмшелердің ең басты қарсы дәлелі — Алтын Орда дәуірінің әдебиеті үзілген XV ғасыр мен біздегі, XVIII ғасырда жасаған Бұқар жыраудың арасында ештеңе жоқ, яғни тарихи және дәстүрлі жалғастық туралы да сөз болуға тиіс емес деген долбар еді.

Профессор Бейсенбай Кенжебаев өзінің университеттің алғашқы курсынан бастап қамқорлыққа алған жас шәкіртін аспирантураға түсіреді де, осы XV—XVIII ғасырлар аралығын зерттеуге міндеттейді.

«Қия жолдарда» айтылғандай, бірінші жыл қармаланумен өтеді. Екінші жылдың ортасында әлденендей сәуле көрінеді, бұдан соңғы жарты жылда бар дерек жиналып бітеді. Жазу — аспирантураның соңғы, үшінші жылында басталыпты — 18 қазан, 1964, Шал ақын. Бес күнде тәмам болады. Бұдан кейін, деректерді жинақтаған, ой қорытқан үлкенді-кішілі үзілістермен жұмыс бірқалыпты жылжи береді. 5 маусым, 1965 — диссертация, яғни болашақ «Қобыз сарыны» монографиясы тәмам. Ғылыми жұмыстарға тән жалпақ кіріспе тарау, жан-жақты дәйек, сілтемелерімен қосылғанда, мәшіңкеге басылған 285 бетке тартыпты, мұның сыртында қазақ тарихы мен мәдениетінің арғы-бергісін, тақырыпқа қатысты теориялық еңбектерді түгел қамтыған, тура 33 беттік әдебиет тізімі бар... Жұмыс ғылыми жетекшінің мақұл, ризашылығынан кейін, 11 қазан күні кафедрада талқыға түседі. Бес жыл университет, үш жыл аспирантура — көз алдарында өскен жас балаға, қазақ әдебиетінің бұған дейін белгісіз болып келген, тұтас бір дәуірін айғақтаған зерделі еңбек ұсынып отырған жас ғалымға ақсақал, қарасақал ағалары — бүкіл қазақ әдебиеті кафедрасы тарпа бас салыпты. Иә... бұл туралы да «Қия жолдарда» жазылған.

Кітап жайына көшсек, араға үш апта толмай, талайын алыстан таны-

ған Ғабит Мүсіреповтың жебелеуімен «Қазақ әдебиеті» газетіне сын бөлімінің меңгерушісі дәрежесінде қызметке орналасқан жас жігіт диссертацияның ғылыми аппаратын жеңілдетіп, «Жазушы» баспасына «Қобыз сарыны» деген атпен алғашқы кітабын ұсынады. Қолжазба алдағы 1966 жылдың тақырыптық жоспарына ілінбейді. Келесі — 1967 жылдың жоспарына да сыймай қалады. Ендігі үміт — 1968 жылда...

Бұл екі ортада қаншама бейнеттен соң диссертация да қорғалады — наурыз, 1967. Ол кезде диссертацияның қорғалуы — қажетті ғылыми атақ қана емес, айтылмыш тақырып та ресми түрде, саяси тұрғыда бекіді, шатағы, кілтипаны жоқ рұқсат деген сөз. Басқа рұқсаттар да ретімен келіп жатқан. Еңбек түгелге жуық, түгел болмаса да, негізгі бөлігі, басты тұрғыларымен жарияға шыққан — он бес мақала. Әйтсе де, кітаптың жолы жабық еді — ескілікті тақырып, әдебиет тарихы... Ақыры, оның да сәті түседі. 1967 жылы, көкек айының соңғы күндерінде «Жазушы» баспасына Ілияс Есенберлин директор болып келеді. Арада апта өтпей, Мұхтар Мағауин де баспаның орынбасар бас редакторы қызметіне шақырылады.

Бұдан соңғысы оңай болыпты. Дайын тұрған қолжазба арынды жаңа директордың алқауымен алдағы жылдың тақырыптық жоспарына енгізіледі, көп ұзамай, өндіріске әзірленіп, қыркүйекте терімге түседі; жаңа жылдың екінші айында басылып шығады.

«Қобыз сарынының» жарыққа шығуы қазақ руханиятындағы көмескіні айқындаған, тың серпіліске, жаңа өрістерге жол ашқан ерекше оқиға болды. Кітап қазақ зиялылары тарапынан (Б.Кенжебаев, Ә.Марғұлан, С.Мұқанов, Қ.Бекхожин, Ғ.Сланов, М.Ғабдуллин, Р.Бердібаев, Б.Ысқақов, т. б.) мейлінше қолдау тапты, ағымдағы баспасөзде жоғары бағаланды. Москва «Литературная газета» мен «Дружба народов», «Вопросы литературы» журналдары ұнамды баға береді. Ал АҚШ-тың белгілі советтанушы ғалымы Эдвард Оллуорт «Советтік Орталық Азиядағы ұлттар мәселесі» деген кітабында (Нью-Йорк, Вашингтон, Лондон, 1973. 127-б.) «қазақтың жас ғалымы Мұхтар Мағауин көпшілігі жалпы жұртшылыққа ғана емес, осы саладағы мамандардың өзіне беймәлім болып келген он екі ақын, жыраудың мұрасын зерттеп, айғақтады, сөйтіп, сарапшылардың бағалауынша, қазақ әдебиетінің тарихын жаңа беттермен толықтырып, оны үш ғасырға тереңдетті», — деп жазады.

«Қобыз сарыны» 1970 жылы орыс тіліне аударылды (П.Косенко, «Жазушы» баспасы). Алғашқы басылымнан соң, арада ширек ғасырға тақау уақыт өткенде «ғасырлар бедері» бір томдығының құрамында екінші қайыра жарияланды. 1992 жылы «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» атауымен, жоғарғы оқу орындары студенттеріне арналған оқулық ретінде үшінші рет басылды.

«Қобыз сарынының» ізін ала, ондағы ежелгі ақын-жыраулар мұрасы жинақталған «Алдаспан» антологиясы баспаға дайындалған еді. 1970 жылы жарыққа шықты. Кітап жұрт алдына жетіп, жаңа тарай бастаған

кезде Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің (С. Имашев, М. Есенәлиев) шұғыл нұсқауы бойынша тұтқынға алынып, көп ұзамай бар тиражы жиналып, пышаққа жіберіледі. «Алдаспанның» күзелген, қысқарған жаңа нұсқасы келесі, 1971 жылы қайыра басылады. Арада бірталай заман озғанда бұл кітап «Бес ғасыр жырлайды» (1984, 1989), «Ай, заман-ай, заман-ай» (1991) жинақтарына ұласты. 1993 жылы «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет, хрестоматия» атауын жамылып, толығымен қайыра басылды. 1978 жылы Ленинградта орыс тілінде шыққан «Поэты Казахстана» атты алты ғасырлық антологияның бастапқы, ең сүбелі бөлігі де сол «Алдаспанды» қайталайды.

«Қобыз сарыны» он үш томдық «Шығармалар жинағының» құрамында, («Қағанат» баспасы, 2002. VIII т.) төртінші мәрте басылған еді. Әлбетте, қазір заман өзгерген, дүние кеңіген, ой-пікірге тұсау жоқ. Алайда жазушы жаңа басылымға ешқандай өңдеу, үстеме жасамады. Әрине, кезінде айтылмай қалған сөз, қыстығып қалған пікір бірталай болса керек. Алайда жазушы жаңа сөз — өткенге түзету ретінде емес, өз алдына жеке лепес түрінде айтылуы қажет деп есептейді (мұның бірден-бір мысалы — 1993 жылы Бұқар жырау туралы жазылған «Ұлт ұраншысы» атты шағын мақала). Тек бір-ақ жерде, кезінде қазақша нұсқаға өтпей қалған, өтуі мүмкін емес, алайда орысша аудармасына қосылған бір сөйлем («Анализ стилистики одного из совершеннейших творений казахского эпоса «Едыге» показывает, что создателем его, по всей вероятности, был Шалкииз — настолько близка эта героическая поэма к стилистике жырау») қалпына келтірілді. Қолыңыздағы жаңа, бесінші басылым осы он үш томдық бойынша беріліп отыр.

«Қобыз сарыны», ондағы әдеби мұраға қатысты қаншама жаңалық, сол заман үшін мүлде тосын тарихи көзқарас пен өзгеше ұлттық сана, еңбектің өз тұсындағы ой-танымға әсер-ықпалы, бүгінгі күнге жалғасқан үлгі-өнегесі өз кезегінде болашақта қаншама соны зерттеуге ұйытқы болары күмәнсіз.

Едіге Мағауин

Кобыз и копье.
Алма-Ата, 1970.
С. 55.



ҚЫСҚАША КӨРСЕТКІШ

Жалпы мәселелер

- Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің дәуірлеу мәселелері. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет // Қазақ тілі мен әдебиет мәселелері. Алматы, 1941. 3—35-бб.
- Мағауин М. Әдебиетіміздің тарихы жөнінде бірер сөз // Қазақ әдебиеті. 1965. 6 тамыз.
- Мағауин М. Қобыз сазы // Жетісу. 1965. 26 қыркүйек.
- Мағауин М. Әдебиетіміздің тарихы арыда жатыр // Жұлдыз. 1966. №1.
- Мағауин М. Көне дәстүр куәсі // Қазақ әдебиеті. 1966. I шілде.
- Мағауин М. Казахские акыны и жырау XV—XVIII вв. / Автореф. дис. ... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1966.
- Мағауин М. У истоков казахской литературы // Простор. 1967. №10.

Қазтуған жырау

- Қазтуған Сүйінішұлы. Өлеңдері // Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары / Құрастырушы Ф. Мүштак. Орынбор, 1910. 37-38-б.
- Хажы-Тархан шаһарына айтылған толғау // Турецкая хрестоматия / Сост. И.Березин. Т. II. Казань, 1862. С. 103.
- Қазтуған батырдың жер-сумен қоштасуы / ӘИ колжазбалары. Папка №324.
- Ақын Қарға бойлы Қазтуған / Сонда. Папка №849.
- Қазтуған / Сонда. Папка №97д (Мұрат ақын).
- Қазтуған батырдың Орал жерінен көшкенде айтқаны / Сонда. Папка №1132.
- Қара ноғай, сары ноғай қоныстан ауғанда Қазтуғанның айтқаны / Сонда. Папка №333.
- Қазтуғанның айтқаны («Қара ағаштан қалың ноғайым...»), Қазтуған айтқан сөз («Мен өзім бабай Омар баласы едім...»), Қазтуған батырдың Шеркұттыға өкпелеп айтқаны / Сонда. Папка №850.
- Мағауин М. Қазтуған жырау // Лениншіл жас. 1965. 15 тамыз.

Асан Қайғы

- Асан Қайғы // Лютш Я. Киргизская хрестоматия. Ташкент, 1883. С. 43—47.
- Асан Қайғы: Киргизская легенда // Киргизская степная газета — Дала уәлаятының газеті. 1897. №47.
- Асан Қайғы // Тургайская газета. 1897. №131, 136.
- Великий кудесник // Крафт И.И. Из киргизской старины. Оренбург, 1900. Ч. II. С. 118—121.
- Асан Қайғы // Киргизская степная газета. 1901. №13.
- Әмет // Шайыр, яки қазақ ақындарының басты жырлары. Орынбор, 1910. 19—21-бб.
- Асан-Атаның бір макаланың мағынасы бү-дүр // Құрманғали Халитұлы. Тауарих хамса. Қазан, 1911. 260-261-бб.
- Асан Қайғы // Живая старина. Вып. II—III. 1916. С. 170—171 (Потанин Г. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. Отдельный оттиск. СПб, 1917).
- Асан Қайғы желмая мініп желдіртіп Сары-Арқаны аралап жүргендегі жерге қойған сындары // Таң. 1925. №1. 87—89-бб.
- Асан Қайғының жерге қойған сындарынан // Таң. 1925. №2. 118-б.
- Асан Қайғының толғауы // Таң. 1925. № 4. 80—81-бб.
- Асан Қайғының Әз-Жәнібек ханға айтқаны // Сейфоллаұлы С. Қазақ әдебиеті. 1932. 17-18-бб.
- Асан Қайғының «Жер ұйықты» іздегені // Қазақ ертегілері. I т. Алматы, 1957. 375-376-бб.
- Абат батыр // Қазақ ертегілері. II т. Алматы, 1962. 387—395-б.
- Асан Қайғы жайындағы материалдардың жинағы / ӘИ колжазбалары. Папка №333.
- Асан Қайғы туралы / Сонда. Папка №1114, 874.

Абаттың әкесі 120 жастағы Асан Қайғының толғауы / Сонда. Папка №850.

Асан Қайғы, Тоған, Абат / Сонда. Папка № 667 (Мұрын жыраудың репертуарынан).

Асан Қайғы туралы әңгімелер / Сонда. Папка №1281.

Асан Қайғы сөзі / Сонда. Папка №848.

Асан Қайғының Әз-Жәнібек ханға қайтарған жауабы және үгіті. Асан Қайғының желмаяға мініп жер шолып, көрген жерлеріне қойған сындары / Сонда. Папка №1389.

Сабыржан Шәкіржан. Асан Қайғы жайында // Тілші. 1924. №101.

Асан Қайғы // Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959. 245—247-бб.

Мағауин М. Асан Қайғы // Білім және еңбек. 1966. №2.

Доспамбет жырау

Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағаның жапанда өлейін деп жатып айтқаны // Бекмұхамедов М. Жаксы үгіт. Қазан, 1908. 22—24-бб.

Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағаның оқ тигенде айтқаны... // Шайыр, яки казак ақындарының басты жырлары / Құрастырушы Ф. Мұштак. Орынбор, 1910. 53-54-бб.

Доспамбет // Радлов В. В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. VII. Наречия Крымского полуострова. СПб, 1896. С. 196.

Мағауин М. Доспамбет жырау // Лениншіл жас. 1965. 4 қыркүйек.

Шалкиіз жырау

Певец Шалкииз Тленчин хану Битемиру: Оригинал и перевод // Записки Оренбургского отдела Русского географического общества. Вып. III. 1875. С. 261—279.

Слово, сказанное одним бием одному хану, когда он был обижен плохими людьми // Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. Оренбург, 1879. С. 69—71; 2-е изд., испр. и доп. Оренбург, 1906. С. 76—78.

Шалкиіз айтар екен-ді // Османов М. Ноғай уә құмық шығарлары. СПб, 1883. 87-88-бб.

Песня Шалкииза хану Битемиру // Образцы киргизской поэзии в песнях эпического и лирического содержания, переложенные в русские стихи П. Р. Оренбург, 1885. С. 6—15.

Песня Шалкииза хану Битемиру // Харузин А. Киргизы Букеевской орды. М., 1889. С. 136.

Песня Шалкииза хану Битемиру // Астраханский вестник. 1893. №1216.

Шалкииз // Радлов В.В. Образцы народной литературы северных тюркских племен. Ч. VII. СПб, 1896. С. 224—225.

Ноғайлының батыры Шалкиіз Темір ханға айтқаны // Бекмұхамедов М. Жаксы үгіт. Қазан, 1908. 16—18-бб.

Шалкиіздің ханды хаж сапарынан тоқтатуға айтқаны // Сонда. 21—23-б.

Ноғайлы Шалкиіз жыраудың Орак, Мамайға толғағаны // Бекалыұғлы А. Ақын. Қазан, 1912. 10—15-бб.

Құяс Шалкиіз батыр би Темір ханға өкпелеп айырыларында айтқаны // Шайыр, яки казак ақындарының басты жырлары / Құрастырушы Ф. Мұштак. Орынбор, 1910. 60-61-бб.

Ер Шобан // Сонда. 21—23-бб.

Шалкиіздің Темір ханға айтқан жырлары // Көксілдер, яки бұрынғы мырза ұлы һәм ноғайлы батырлары уә ғайри мағыналы жырлар / Жиюшы уә нашры Ф. Мұштак. Орынбор, 1911. 26—28-бб.

Шөлгез («Жолдасымды айтайын...») // Мұқанов С. XVIII—XIX ғасырдағы казак әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы, 1942. 156—158-бб.

Шалкиіз жырау жырлары / Баспаға әзірлеген М. Мағауин // Лениншіл жас. 1966. 2 маусым.

Шалкиіз жырау. Шығармалары / Баспаға әзірлеген М. Мағауин // Казак әдебиеті. 1966. 9 қыркүйек.

Шалкиіз жырларының және ол жайындағы материалдардың жинағы / ӘИ қолжазбалары. Папка №659.

Ноғайлы Шалкиіз ақын сөзінен / Сонда. Папка №849.

Ішкі ордалықта
мәшһүр правитель
Мақаш Бекмұхамедов.

Бөкей елі,
Ноғай руғылқ
Тарғын қисымының
5-волыстылық
Арыстанғали
Бекалыұғлы.

Мағауин М. Шалкиіз жырау Тіленшіұлы // Тіл және әдебиет мәселелері. III. Алматы, 1965. 227—244-бб.

Жиембет жырау

Жиембет жырау. Өлеңдер // Бекмұхамедов М. Жаксы үгіт. Қазан, 1908. 19—21-бб.

Жиембет жырау. Өлеңдері // Аламан. Ташкент, 1926.

Жиембет батыр / ӘИ қолжазбалары. Папка №1060.

Жиембет жыраудың Есім ханға айтқаны / Сонда. Папка №1115.

Марғасқа жырау

Марғасқа жырау / ӘИ қолжазбалары. Папка №849.

Марғасқаның айтқаны / Сонда. Папка №1060.

Ақтамберді жырау

Ақтамбердінің толғауы // Мұқанов С. XVIII—XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы, 1942. 75-б.

Ақтамберді жырлары. Автордың материалдарынан.

Мағауин М. Ақтамберді жырау // Қазақ әдебиеті. 1967. 15 желтоқсан.

Тәтіқара ақын

Тәтіқара ақын // Әдебиет және искусство. 1946. №7. 63-б.

Тәтіқара ақынның бір сөзі / ӘИ қолжазбалары. Папка №482.

Уақ Тәтіқара жыраудың айтқаны / Сонда. Папка №849.

Үмбетей жырау

Бөгембай батыр өлгенде Үмбетей жыраудың Абылай ханға естірткен сөзінен // Таң. 1925. №4. 123-124-бб.

Бөгенбай батыр өлді дегенде Үмбетей ақынның Абылайға айтқаны // Мұқанов С. XVIII—XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы, 1942. 31-32-бб.

Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр өлгенде Үмбетей жыраудың Абылайға айтқан жыры / ӘИ қолжазбалары. Папка №1076.

Үмбетей жыраудың Бөгенбай батырды жоқтау жыры / Сонда. Папка №383, 326.

Бөгенбай батыр өлгенде Үмбетей жыраудың Абылай ханға естірткен толғауы / Сонда. Папка №1389.

Бұқар мен Үмбетей / Сонда. Папка №334.

Бұқар жырау

«Сен Абылай, Абылай, Түркістаннан келген ұл едің...», «Ханға жауап айтсам...», «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай!» // Құрманғали Халитұлы. Тауарих хамса. Қазан, 1911. 252-253, 260, 263-б.

Бұқар жырау сөзі: Асан толғауын шешу // Таң. 1925. №1. 89-90-бб.

Бұқар жыраудың Керейге айтқан сөзі // Таң. 1925. №1. 96-97-бб.

Бұқар жыраудың толғауы: Айналасын жер тұтқан // Таң. 1925. №2. 78-б.

Бұқар жыраудың толғауы («Ақсаңнан биік тау болмас», «Бірінші тілек тілеңіз») // Таң. 1925. № 2. 97-98-бб.

Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқан толғауы («Ей, Абылай, Абылай, сен мен көргенде») // Таң. 1925. №3. 74-75-бб.

Абылай орыспен соғысам дегенде Бұқар жыраудың айтқан бір толғауы // Таң. 1925. №4. 96—99-бб.

Бұқар жырау. Өлеңдері // Сейфоллаұлы С. Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. Алматы, 1931. 83—88, 145-б.

Бұқар жырау. Өлеңдері // Мұқанов С., Бекхожин Қ. Қазақ әдебиеті: Орта мектептің

8-сыныбына арналған хрестоматия. Алматы, 1942. 209—214-бб.

Бұқар жырау. Өлеңдері // Мұқанов С., Бекхожин К. Қазақ әдебиеті: Орта мектептің 8-классына арналған хрестоматия. Алматы, 1950. 191—194-бб.

Бұқар Қалқаманұлы. Өлеңдері // Жұлдыз. 1959. №3. 90—92-бб.

Бұқар жырау Қалқаманұлы. Өлеңдері // XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962. 29—48-бб.

Бұқар жырау Қалқаманұлы. Өлеңдері // Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965.

Бұқар жырау: Шығармалары / ӘИ қолжазбалары. Папка № 1170. 579—587-бб.; Папка №1177. 26—32-бб. (Мәшһүр-Жүсіп).

Бұқар жырау жайындағы материалдардың жинағы / Сонда. Папка №334.

Бұқар жырау. Асан сөзінің шешуі. Бірінші тілек тілеңіз / Сонда. Папка №333.

Бұқар тақпағы / Сонда. Папка №1132.

Бұқар. Ай не болар күннен соң. Шағала келмей жаз болмас. Асан сөзінің шешуі. Абылай орыспен соғысам дегенде / Сонда. Папка №848.

Бұқар. Қарашы мынау ойда жатқан орысты. Бұқардың Саржан туғанда айтқаны / Сонда. Папка №829.

Бұқар жыраудың Асан сөзін шешуі. Айналасын жер тұтқан. Ай мен күннің өлгені / Сонда. Папка №849.

Бұқар жыраудың тілек туралы Абылай ханға айтқан толғауы. Әй, Абылай, Абылай... Абылай ханның қасында... / Сонда. Папка №1389.

Бұқар жыраудың Асан Қайғы сөзін шешуі / Сонда. Папка №1176.

Бұқар. Жал-күйрығы қаба деп / Сонда. Папка №1171.

Бұқар Қалқаманұлы // Мұқанов С. Қазақтың XVIII—XIX ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер. Алматы, 1942. 13—32-бб.

Бұқар жырау Қалқаманұлы // Жұмалиев К. Қазақ әдебиеті. Бірінші бөлім. Орта мектептің 8-сыныбына арналған оқу құралы. Алматы, 1950. 152—162-бб.

Бұқар жырау Қалқаманұлы // Жұмалиев К. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. I т. Алматы, 1958. 261—273-бб.

Бұқар жырау // Сүйіншәлиев Х. XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1961. 16-17-бб.

Көтеш ақын

Көтеш ақынның өлеңдері / ӘИ қолжазбалары. Папка №1178 (Мәшһүр-Жүсіп).

Көтеш ақынның Абылай ханға айтқаны / Сонда. Папка №1176, 1057, т.т.

Көтеш ақынның өлеңдері / Сонда. Папка №417, 1281.

Көтеш ақынның бір сөзі / Сонда. Папка №1176.

Мағауин М. Ескерілмей келген ақын // Қазақ әдебиеті. 1966. 7 қаңтар.

Шал ақын

Шал Күлекеұлы. Өлеңдері // XVIII—XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1962. 49—54-бб.

Шал Күлекеұлы. Өлеңдері // Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965.

Шал ақын. Он бес деген жасым-ай // Жаңа әдебиет. 1929. №5.

Шал ақынның өлеңдері // Қазақ әдебиеті. 1958. 28 караша.

Шал ақынның шығармалары / ӘИ қолжазбалары. Папка № 814, 1621.

Шал ақынның өлеңдері / Сонда. Папка №848, 849.

Шал ақынның сөзі / Сонда. Папка №1632.

Шал ақынның кемпіріне айтқаны. Шал мен қыз / Сонда. Папка №245.

Шал ақынның өлеңдері. Автордың материалдарынан.

Мағауин М. Шал ақын // Қазақстан мектебі. 1965. №12.

Мағауин М. Шал ақын // Жұлдыз. 1966. №12.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
БІРІНШІ ТАРАУ	15
Қазтуған жырау	20
Асан Қайғы	26
Доспамбет жырау	42
Шалкиіз жырау	48
Жиёмбет жырау	70
Марғасқа жырау	76
ЕКІНШІ ТАРАУ	81
Ақтамберді жырау	84
Тәтіқара ақын	92
Үмбетей жырау	96
Бұқар жырау	102
Көтеш ақын	122
Шал ақын	128
ҮШІНШІ ТАРАУ	147
Ақын және жырау	148
Ғасырлардан көктей өткен	174
ҚОРЫТЫНДЫ	182
<i>Е.Мағауин.</i> ҚОБЫЗ САРЫНЫ	183
ҚЫСҚАША КӨРСЕТКІШ	186

Ғылыми-көпшілік басылым
«Жетінші сөз» сериясы

Мұхтар
МАҒАУИН

ҚОБЫЗ САРЫНЫ
XV–XVIII ҒАСЫРЛАРДА
ЖАСАҒАН ҚАЗАҚ
АКЫН, ЖЫРАУЛАРЫ

Суреттерін салған Қадырбек Қаметов
Серияны көркемдеген Андрей Таловиков

Шығаруға жауапты А. Матаева
Редакторы Б. Төлегенова
Көркемдеуші редакторы Ж. Болатбаев
Техникалық редакторы А. Соколова, К.Тұрымбетова
Макетін жасап, беттеген Е. Корешков, Е. Шаихова

ИБ № 1487.
Басуға 22.10.07 қол қойылды.
Пішімі 84x108^{1/16}.
Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі Gill Sans.
Шартты баспа табағы 20,16 + 0,64 қосарбет.
Шартты бояулы беттаңбасы 41,16.
Есептік баспа табағы 11,73 + 1,0 қосарбет.
№1322 тапсырыс.
Таралымы 2000 дана.

«Мектеп» баспасы
050009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143.
Кітап тарату бөлімінің телефоны:
(727) 277-82-50



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93.
Тел.: 269-40-35, 242-47-69, 242-07-90,
E-mail: rpik-daur81@mail.ru, rpik-daur2@mail.ru

ББК 83.3 Қаз
М12

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
017 «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлерін шығару» бағдарламасы

Мағауин М.

М12 **Қобыз сарыны.** XV—XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын-жыраулары. —
Өңделіп 5-ші басылуы. — Алматы: Мектеп, 2007. — 192 б. («Жетінші сөз»
сериясы).

ISBN 9965—36—270—X

«Қобыз сарыны» — белгілі жазушы, әдебиет тарихын зерттеуші ғалым Мұхтар Мағауиннің тұңғыш ғылыми еңбегі.

Ортағасырлық қазақ ақын-жыраулары сөз өнерінің күдіретін сезініп, мән-маңызына ден қойғанда, ол жиырмадан енді ғана асқан еді. Қазақ-совет әдебиеттануында қалыптасып қалған тенденцияға қарамастан, жас ғалым алғаш рет дала жауынгер-жырауларының шығармашылығын зерттеуді қолға алды.

Оның тұжырымдауынша, жыраулар поэзиясы — жетілген, кемеліне келген бірегей туындылар. Оларды жан дүниесімен беріле, шабыттана оқығанда бұл пікірдің шындығына көзіңіз жетеді. Қазақ тілін білмейтіндердің өзін жырлардың ырғағы мен әуез-сазы, күш-қуаты бірден баурап алады. Кітаптың алғашқы басылымы көшпенді қазақ сөз өнерінің сыр-сипатын ұғып, көркемдік тәсілі мен ерекшеліктерін меңгеруде аудармашы ақындар сүйенген бірден-бір құрал болды.


Тақырыптың қызығушылықпен зерттеліп, зерделенуі, баяндау әдісінің жандылығы мен тілінің бейнелілігі кітапты оқырманға кеңінен танытты. 1968 жылы ол алғаш рет қазақ тілінде, ал 1970 жылы орыс тілінде жарық көрді, бірнеше рет қайта басылды. Ең бастысы, бұл кітапқа қызығушылықтың артуы — біздің замандастарымыздың төл мәдениетіміздің түп тамырын танып-білуге деген күштарлығында. «Мектеп» баспасынан жарық көретін «Жетінші сөз» сериясының барлық кітаптары осы құндылықты арқау етеді.

М $\frac{4603020000-284}{404(05)-07}$ 154—07

ББК 83.3 Қаз


© Мағауин М., 1968
© Қаметов Қ., безендірілуі, 2003
© Гусакова С., серияның идеясы және жасалуы, 2002
© Таловиков А., серияның көркемделуі, серия белгісі, 2002
© «Мектеп» баспасы, 2007
Басылымның мүліктік құқықтары «Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 9965—36—270—X





ISBN 9965-36-270-X



9 789965 362705



ЖЕТІНШІ СӨЗ

Қазақ халқының тарихы мен
мәдениеті жөніндегі
ғылыми-көпшілік кітаптар сериясы